

«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті

ӘОЖ: 614.2-616.36-089:617.95

Қолжазба құқығында

**ДОСХАНОВ МАҚСАТ ОНАЛБАЙҰЛЫ**

**Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі науқастарға көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру**

6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер  
м.ғ.д., проф. Баймаханов Б.Б.  
м.ғ.д., проф. Каусова Г.К.  
PhD Бримжанова М.Д.  
Шетелдік кеңесші  
MITSUHISA TAKATSUKI,  
M.D. Ph.D.  
Окинава қ. Жапония

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2021

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b>	4
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b>	6
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	8
<b>КІРІСПЕ</b>	10
<b>1 БАУЫР АУРУЛАРЫ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ТЕНДЕНЦИЯСЫ ЖӘНЕ БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫНЫҢ РӨЛІ</b>	14
1.1 Бауыр ауруларының ауыртпашылығы (жүктемесі)	14
1.2 Ересек халықтағы бауыр трансплантациясының әлемдік тәжірибесі	17
1.3 Бауыр трансплантациясынан кейін науқастарды басқару	28
1.3.1 Бауыр трансплантациясына арналған күту парағындағы бауыр аурулары бар науқастарды бағдарлау	28
1.3.2 Бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастарды бағдарлау	31
1.3.3 Бауыр ауруларының терминалды сатысы бар және бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың өмір сапасы	38
<b>2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ</b>	41
<b>3 БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫН ҚАЖЕТ ЕТЕТІН НАУҚАСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	38
3.1 Бауыр аурулары бар науқастардың аурушандық көрсеткіштері және диспансерлік қамтылуы	38
3.2 Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша бауыр ауруларының таралу эпидемиологиясы	38
3.3 Бауыр аурулары бар науқастарды диспансерлік бақылау	45
3.4 Қазақстан Республикасы бойынша бауыр циррозы бар науқастардың статистикасы	49
3.5 Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың стационарлық ем алудағы қиындықтары	51
3.6 Бауыр трансплантациясының күту парағындағы науқастардың жағдайы және өмір сүру ұзақтығы	53
3.7 Туыстық донорлардың тапшылығы	60
3.7.1 Тірі туыстық донордың болмауы	60
3.7.2 Тірі туыстық бауыр донорын іріктеу ерекшеліктері	60
3.8 Мәйіттік донорлардың тапшылығы	68
3.8.1 Халықтың мәйіттік донорлық туралы пікірлерін зерттеу	68
3.8.2 Донорлық клиникалардан мәйіттік донор туралы ақпараттың болмауы және донорлық клиникаға ағзалары алынған мәйіттік донор үшін қаражат төлеу мәселелері	77
<b>4 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (СТАТИСТИКА, ОРТАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ, МӘСЕЛЕЛЕР)</b>	80
4.1 ҚР-дағы трансплантациялық орталықтар: бауыр трансплантациясы бойынша негізгі көрсеткіштер, нәтижелер және ұйымдастыру мәселелері	84

<b>5</b>	<b>МУЛЬТИДИСЦИПЛИНАРЛЫҚ</b>	<b>ТОПТЫҢ</b>	<b>БАУЫР</b>	
	<b>ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫН</b>	<b>ҰЙЫМДАСТЫРУДА</b>		<b>92</b>
	<b>МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ</b>			
<b>6</b>	<b>НАУҚАСТАРДЫҢ</b>	<b>БАУЫР</b>	<b>ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫНАН</b>	<b>98</b>
	<b>КЕЙІНГІ ӨМІР САПАСЫ</b>			
6.1	Бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың физикалық белсенділіктерін анықтау			99
6.2	Бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың өмір сапасын бағалау			104
<b>7</b>	<b>БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫН</b>	<b>ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ</b>		<b>108</b>
	<b>АЛГОРИТМДЕР МЕН НАУҚАСТАРДЫҢ</b>	<b>МАРШРУТТАРЫ</b>		
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>			<b>125</b>
	<b>ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР</b>			<b>129</b>
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>			<b>130</b>
	<b>ҚОСЫМШАЛАР</b>			<b>144</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер көрсетілген:

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілуі» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 қыркүйектегі № 721 қаулысы.

«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 982 қаулысы

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы

«Қайтыс болғаннан кейін тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау мақсатында оларды тірі кезінде ерікті түрде беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 360 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 17 маусымда № 11381 болып тіркелді)

«Тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау және тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау жөніндегі денсаулық сақтау ұйымдарының тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №534 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 шілдеде № 11743 болып тіркелді).

«Қазақстан Республикасында тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау бойынша медициналық қызметтерді және донорлар мен реципиенттерге медициналық көмектің басқа түрлерін көрсетуді ұйымдастыру стандартын және Тіндерді тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № ҚР ДСМ-13 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылы 26 наурызда № 18415 болып тіркелді).

«Қазақстан Республикасында тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау бойынша медициналық қызметтерді және донорлар мен реципиенттерге медициналық көмектің басқа түрлерін көрсетуді ұйымдастыру стандартын және Тіндерді тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 26

наурыздағы № ҚР ДСМ-13 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылы 26 наурызда № 18415 болып тіркелді).

Бауыр трансплантациясы медициналық араласудың клиникалық хаттамасы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтер сапасы бойынша біріккен комиссияның 2017 жылғы «10» қарашадағы № 32 хаттамасымен мақұлданған)

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі сілтемелерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Донор** – донорлық қанды, оның компоненттерін, өзге донорлық материалды (оның ішінде шәует, аналық жасуша, репродукциялық ағзалардың, жыныстық жасушалардың, эмбриондардың тіндері) жинақтау, сондай-ақ реципиентке транспланттау үшін тінді (тін бөлшегін) және (немесе) ағзаларды (ағза бөліктерін) алу жүргізілетін адам, адамның мәйіті, жануар.

**Донорлық ұйым** – транспланттау мақсатында мәйіттерден ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу және консервациялау жүзеге асырылатын денсаулық сақтау ұйымы;

**Донорлық функция** – медициналық тексеруді және қан мен оның компоненттерін медициналық мақсаттар үшін тапсыру рәсімін орындауды қамтитын донордың ерікті актісі.

**Тірі донорлар** – ағзаны немесе ағзаның бөлігін өз еркімен науқастарға трансплантациялау үшін беретін және донорлыққа қарсылығы жоқ адамдар.

**Денсаулық сақтау** – аурулардың алдын алуға және оларды емдеуге, қоғамдық гигиена мен санитарияны қолдауға, әрбір адамның тәни және психикалық саулығын сақтап, нығайтуға, оның ұзақ жыл белсенді өмір сүруін қолдауға, денсаулығынан айырылған жағдайда оған медициналық көмек ұсынуға бағытталған саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, медициналық сипаттағы шаралар жүйесі.

**Өмір сапасы** – өмірдің жағымсыз және жағымды сипаттамаларын көрсететін жеке адамдар мен қоғамның жалпы әл-ауқаты. Ол өмірге қанағаттанушылық деңгейін көрсетеді: физикалық денсаулық, отбасы, білім, жұмыс, байлық, қауіпсіздік, діни сенім бостандығы және қоршаған орта. Өмір сапасы кең ауқымды контекстерге ие, оның ішінде, халықаралық даму, денсаулық сақтау, саясат және жұмыспен қамту салаларын қамтиды.

**Денсаулыққа байланысты өмір сапасы** – физикалық, ақыл-ой, эмоционалды және әлеуметтік қызметке қатысты салаларды қамтитын кең ауқымды ұғым. Халықтың денсаулығы, өмір сүру ұзақтығы және өлім себептерін анықтау туралы тікелей өлшемдер шеңберінен шығып, негізгі назар денсаулық жағдайының өмір сапасына тигізетін әсеріне аударылады. Денсаулыққа байланысты өмір сапасы туралы тұжырым – адам өміріндегі жағымды эмоциялар мен өмірге қанағаттану сияқты жағымды жақтарды бағалайтын әл-ауқат.

**Клиникалық хаттама** – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар.

**Тін (тіннің бөлігі) және (немесе) ағза (ағза бөлігі) трансплантациясына күту парағы** – HLA жүйесі бойынша типтендірілген, тін (тіннің бөлігі) және (немесе) ағза (ағза бөлігі) әлеуетті реципиенттерінің мәліметтер базасы.

**Реципиент** – донорлық қан немесе одан бөлінген компоненттер және (немесе) препараттар құйылатын, еркектің немесе әйелдің донорлық материалы (шәует, аналық жасушалар, эмбриондар) енгізілетін не донордан алынатын тінді (тін бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөлігін) транспланттау жүргізілетін пациент.

**Мамандардың дисциплинаралық (мультидисциплинарлық) тобы (МДТ)** – ағза жеткіліксіздігі кезінде толықтырушы терапия жүргізу қажеттілігі туралы комиссиялық шешім қабылдайтын трансплантация орталығының, кәсіби және іргелес мамандардан тұратын дәрігерлер тобы.

**Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби стандарт** – денсаулық сақтау саласындағы мамандардың еңбек жағдайы мен сапасына, мазмұнына, біліктілік деңгейіне қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт.

**Реципиент** – **Реципиент** – донорлық қан немесе одан бөлінген компоненттер және (немесе) препараттар құйылатын, еркектің немесе әйелдің донорлық материалы (шәует, аналық жасушалар, эмбриондар) енгізілетін не донордан алынатын тінді (тін бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөлігін) транспланттау жүргізілетін пациент.

**Денсаулық сақтау саласындағы стандарт** – медициналық, фармацевтикалық қызмет, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы қағидаларды, жалпы қағидаттар мен сипаттамаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт.

**Денсаулық сақтау саласындағы стандарттау** – стандарттарды, талаптарды, нормаларды, нұсқаулықтарды, қағидаларды әзірлеу, енгізу және олардың сақталуын қамтамасыз ету арқылы процестердің, медициналық технологиялар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларын ретке келтірудің оңтайлы дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған қызмет;

**Транспланттау**– тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) организмнің басқа жеріне немесе басқа организмге ауыстырып салу, сіңістіру.

**Мәйіттік донор (кадавер)** – реципиентке транспланттау үшін тіні (тіннің бөлігі) және (немесе) ағзалары (ағзалардың бөлігі) алынатын адамның мәйіті.

**Транспланттау орталығы** – ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау және ағзаларды (ағзалардың бөлігін) транспланттау бойынша қызметтер көрсететін денсаулық сақтау ұйымы.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ALD	-	Alcohol Liver Disease
BDI:	-	Beck Depression Inventory
BEF	-	Brief Evaluation Form
BNSQ	-	Basic Nordic Sleep Questionnaire
BPI	-	Brief Pain Inventory
CES-D	-	Center for Epidemiological Studies–Depression
DALY	-	Disability Adjusted Life Year
DSM	-	Diagnostic and Statistical Manual of Mental Disorders
ELTR	-	European Liver Transplant Registry €
ESAS	-	Edmonton Symptom Assessment System
ESS	-	Epworth Sleepiness Scale
IPF		Initial Poor Function
FSI	-	Fatigue Symptom Inventory
HADS	-	Hospital Anxiety and Depression Scale
HAM-D	-	Hamilton Depression Rating Scale
IEF	-	International Index of Erectile Function
MFSI-SF	-	Multidimensional Fatigue Symptom Inventory–Short Form
mMRC	-	modified Medical Research Council scale
MPQ	-	McGill Pain Questionnaire
PNF		Primary Non Functional
PSQI	-	Pittsburgh Sleep Quality Index
STAI	-	State Trait Anxiety Inventory
STSQS	-	Sleep Timing and Sleep Quality Screening questionnaire
MELD	-	Model for End-Stage Liver Disease
MCS	-	Mental Component Score
OPTN	-	Organ Procurement and Transplantation Network
PCS	-	Physical component score
QALY	-	Quality Adjusted Life Years
QOL	-	Quality of Life
UNOS	-	United Network for Organ Sharing
Re-ТП	-	Ретрансплантация
ВВГ	-	В вирусты гепатиті
BCG	-	С вирусты гепатиті
ДДСҰ	-	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЖТД		Жалпы тәжірибе дәрігері
ГЦК	-	Гепатоцеллюлярлық карцинома
БИ	-	Белгісіздік интервалы
ДСМ	-	Денсаулық сақтау министрлігі
БАЕМА	-	Бауырдың алкогольді емес майлы ауруы
ҮЕҰ	-	Үкіметтік емес ұйым
БМСК	-	Бастапқы медициналық-санитарлық көмек
ҚР	-	Қазақстан Республикасы



- 2ҚД - 2 типті қант диабеті
- АҚШ - Америка Құрама Штаттары
- МЕТ - Міндеттерді бағалау эквиваленті (metabolic equivalent of task)

## КІРІСПЕ

### Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Бүкіл әлемде бауыр ауруының терминалды сатысы өлім-жітім мен аурушандықтың кең таралған себебі болып табылады [1-7]. 2010 жылы өлім-жітімді жаһандық бағалау, барлық өлімнің 2%-ы (1 миллионға жуық науқастардың өлім-жітімі) бауыр ауруының терминалды сатысымен байланысты екенін анықтады [8,9].

Еуропа өңірлері бауыр ауруларына қатысты өлім-жітім бойынша жетінші орында, Ұлыбритания – 65 жасқа толмаған тұлғалар арасында бесінші орында, Америка Құрама Штаттары 45-54 жас санаты арасында төртінші орында, мұндағылардың жартысынан көбінің осы ауруға шалдығу себебі – (С) вирусты гепатиті, алкогольді және алкогольді емес стеатогепатит, сондай-ақ метаболикалық синдром компоненті [10-16].

Бауыр ауруының асқынуына қарай науқастың жағдайы бауырдың декомпрессиялық циррозына, яғни бауыр ауруының терминалды сатысына дейін жетуі мүмкін. Бауыр циррозы әлемдегі өлім-жітім себептерінің таралуы бойынша 13-орынды алып, қоғамдық денсаулық сақтау саласының өзекті мәселесі болып тұр. Сондай-ақ 1980 жылмен салыстырғанда 2010 жылы жаһандық өлім-жітім 1,54%-дан 1,95%-ға дейін артқан [17-23]. Қатты ағзалар жиілігі бойынша екінші орында бауыр трансплантациясы екенін айтып өтуіміз қажет. Әлемдік практикада трансплантацияға жаһандық қажеттіліктің 10%-ы ғана қамтамасыз етіледі [13,р. 56-62]. Бауыр трансплантациясы бауыр ауруының терминалды сатысы бар науқастарды емдеуде, 91%-ында бір жылдық өміршеңдік, ал 80%-ға жуығында үш жылдық өміршеңдік көрсеткішімен нәтижелі әдіс ретінде танылды.

Еуропа өңірлеріндегі бауыр трансплантациясы 50% жағдайда циррозмен байланысты, көп жағдайда вирусты жұқпамен (22% С гепатиті (СВГ) және 5% В гепатиті (ВВГ) немесе алкогольді (19 %) шамадан тыс тұтынуға байланысты [24].

Бауыр трансплантациясынан кейін науқастарға қатерлі жаңа өсінділер, бүйрек жеткіліксіздігі және метаболикалық асқынулар пайда болуы қаупі төнеді. Бауыр трансплантациясының басымдықтарына қарамастан, өмір сапасына қатысты қосымша қауіптер бар.

Jen-Kuei Peng бірлескен авторлармен бірге бауыр ауруының терминалды сатысы бар науқастардың өмір сапасына жүргізілген 45 зерттеуге талдау, жүйелі шолу жасаған. Мұнда бауыр ауруының терминалды сатысы бар науқастарда симптомдардың кеңінен таралуы асқынған жанамалас аурулармен байланысты екені анықталған. Симптомдардың алуантүрлілігін және денсаулыққа байланысты өмір сапасының айтарлықтай нашарлауын ескерсек, дисциплинарлық тәсілдеме және дер кезінде араласу осы мәселенің шешімін табудың бірден бір жолы [25].

Қазақстанда бауыр трансплантациясы алғаш рет 2011 жылы жасалды. А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы алғаш рет туыстық

донордан бауыр алмастыруды жүзеге асыруды бастады. Тірі донордан бауыр трансплантациясы мәйіттік бауыр донорымен салыстырғанда, уақытты жоспарлауға мүмкіндік береді. Нәтижелер көрсеткіші бойынша, бауыр трансплантациясы технологиялары жақсарған, 1- және 3 жылдық өміршеңдік көрсеткіштері сәйкесінше 90,5% және 79,6%-ды құрайды. 2018 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанның 5 трансплантациялық орталығында жалпы алғанда 283 бауыр трансплантациясы орындалған [26].

Осылайша бұл зерттеудің өзектілігі – стационар мен бастапқы буын арасындағы көмек көрсетудің сабақтастығы, науқастардың бауыр трансплантациясынан кейінгі өмір сапасын зерттеу мәселелерін де қамтитын Қазақстан Республикасындағы бауыр трансплантациясы бойынша бағдарламаны кешенді бағалау.

### **Зерттеудің мақсаты**

Медициналық-ұйымдастырушылық көмектің тиімділігін бағалау жолы арқылы науқастарға бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі интеграцияланған көмекті жетілдіру.

### **Зерттеудің міндеттері**

1. Бауыр трансплантациясы бойынша отандық және әлемдік тәжірибені және оны ұйымдастырудағы мәселелерді зерттеу;

2. Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың негізгі мәселерін анықтау

3. Қазақстан Республикасындағы бауыр трансплантациясын жасайтын медициналық мекемелердің жұмыс нәтижелерін талдау

4. Науқастардың бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі өмір сапасына бағалау жүргізу;

5. Науқастарға бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі интеграцияланған көмекті ұйымдастыруды жетілдіру бойынша нұсқаулықтар әзірлеу

### **Зерттеу пәні**

Бауыр трансплантациясынан кейін науқастарға медициналық-ұйымдастырушылық көмек көрсетудің тиімділігін бағалау бойынша әдіснама.

### **Зерттеу әдістері**

- Библиографиялық іздеу;
- Ақпараттық-сараптамалық;
- Тарихи;
- Әлеуметтік (сауалнама);
- Сараптамалық;
- Физикалық белсенділікті бағалаудың халықаралық шкаласы.

### **Ғылыми жаңалығы**

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы мынада:

Ресми статистикалық мәліметтердің негізінде Қазақстан Республикасындағы бауыр трансплантациясының нәтижелері мен бауыр ауруларының таралуы алғаш рет талданды, бұл құрылым, өңір және халық типі бойынша ұшырасушылық жиілігін, диспансерлік бақылаудың деңгейін,

туыстық және мәйіттік донордан бауыр трансплантациясының тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

ҚР-дағы мәйіттік донорлыққа қатысты халықтың пікірі алғаш рет зерттелді, бауыр трансплантациясының негізгі мәселелері және оны ұйымдастырудағы мәселелер анықталды.

- Бауыр трансплантациясының өзіміздегі зерттеу нәтижелерінің негізінде, операциядан кейінгі асқынулардың алдын алу және асқынуларды түзету мақсатында нұсқаулар әзірленді.

- SF 36 және IPAQ қолдану арқылы бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі өмір сапасына бағалау жүргізілді: бауыр трансплантациясынан кейін науқастарда физикалық белсенділіктің анықталуы және физикалық және менталды өлшемнің SF 36 компоненттері арқылы осы технологияның өмір сапасына тиімділігі негізделді.

- бауыр трансплантациясынан кейін науқастарға көмек көрсетуді бағалау нәтижелері алғаш рет ұсынылды.

### **Практикалық маңыздылығы**

Зерттеу нәтижелері түрлі деңгейдегі денсаулық сақтау органдарына, медициналық ұйымдардың басшыларына бауыр трансплантациясының тиімділігін мониторингтеу және ұйымдастыру, сондай-ақ сектораралық өзара серіктестікті нығайтуға бағытталған жұмыстар үшін пайдалануға арналған. Сонымен қатар нәтижелер (дәрігерлер және мультидисциплинарлық топ) біліктілігін арттыруды ұйымдастыру мақсатында білім беру саласы үшін де маңызды.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар**

1. Қазақстан Республикасының гепатологиялық орталықтарының жолдық карта статистикалық мәліметтері бойынша В және С вирустық гепатиттердің салдарынан дамыған бауырдың терминалды сатысындағы бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың саны өте көп. Соған байланысты, бұл науқастардың негізгі өзекті мәселелері бар: гепатологиялық орталықтарда вирусты емес гепатиттерден дамыған бауыр ауруларының статистикасының жоқтығы, стационарлық ем алудың қиындығы, донор тапшылығы (мәйіттік және туыстық). Бұл бауыр трансплантациясы алдындағы науқастардың негізгі өзекті мәселелердің шешімін табу және мәйіттік донорлардың санын арттыру есебінен медициналық көмек көрсету сапасын жақсартуды және жетілдіруді талап етеді.

2. Әлемдік ережелерге сәйкестендіруді көздей отырып отандық бауыр трансплантация орталықтарына қойылатын талаптарды(стандарт) қайта қарап, келесі өзгерістер енгізуді қажет етеді: бауыр трансплантациясы бойынша мамандардың және құрал-жабдықтардың болуы, мультидисциплинарлық топтың болуы, бауыр трансплантациясының саны жылына кемінде 10 –нан көп болуы және бауыр трансплантациясынан кейінгі нәтижелері әлемдік көрсеткіштерге сәйкес болуы керек.

3. Науқастардың бауыр трансплантациясынан кейінгі өмір сапасы бауыр трансплантациясына дейінгі кезеңмен салыстырғанда әлдеқайда жақсы.

Науқастардың түрлі кезеңдердегі (амбулаториялық, трансплантациялық орталықтағы және операциядан кейінгі кезеңдегі) маршруттарын әзірлеу (алгоритм және ұсыныстар) осы контингенттегі науқастарға медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге мүмкіндік береді

#### **Диссертациялық жұмыстың көлемі және құрылымы**

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 8 тараудан, қорытындыдан, тұжырымдардан, практикалық нұсқаулықтардан, 191 әдеби дереккөзді қамтитын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертация машинамен басылған 162 беттік мәтін арқылы мазмұндалған, 32 кесте, 59 суретпен көрсетілген.

# 1 БАУЫР АУРУЛАРЫ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ТЕНДЕНЦИЯСЫ ЖӘНЕ БАУЫР АУРУЫНЫҢ СОҢҒЫ СТАЫСЫНДАҒЫ НАУҚАСТАРҒА БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

## 1.1 Бауыр ауруларының ауыртпашылығы (жүктемесі)

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, жыл сайын созылмалы аурулар өлім-жітімнің 59%-ына әкеліп соғады (жыл сайын 35 миллион адам?) және олар жаһандық аурулардың 46%-ға жуығын құрайды. Бүкіл әлемде бауыр ауруының терминалды сатысы өлім-жітім мен аурушандықтың кең таралған себебі болып табылады [1,р. 1736–1788;2;3,р. 123-131;4,р. 807,5,р. 209-215,6,р. 145;7]. 2010 жылы өлім-жітімді жаһандық бағалау, барлық өлімнің 2%-ы (1 миллионға жуық науқастардың өлім-жітімі) бауыр ауруының терминалды сатысымен байланысты екенін анықтады [8,р. 145;9]. Бірлескен авторлармен бірге Asrani деректеріне сәйкес, бүкіл әлемде жыл сайын 2 миллионға жуық өлім-жітім бауыр ауруларының себебінен екен, бұл цирроздың, вирусты гепатиттің және гепатоцеллюлярлық карциноманың асқынуына байланысты [12,р. 375-382].

Еуропа өңірлері бауыр ауруларына қатысты өлім-жітім бойынша жетінші орында, Біріккен Корольдік – (65 жасқа толмаған тұлғалар арасында) бесінші орында, Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі - АҚШ) (45-54 жас санаты арасында) төртінші орында. Өлім-жітімнің жартысынан көп жағдайлары С вирусты гепатитіне (бұдан әрі - СВГ), алкогольді және алкогольді емес стеатогепатитке, сондай-ақ метаболикалық синдром компонентіне байланысты [10-16]. Асқынған бауыр аурулары бар науқастар арасындағы өлім-жітім деңгейі 2 жылдық интервал ішінде шамамен 26%-ды құрайды. АҚШ-та бауыр ауруы жылына 1,2 миллионнан астам госпитализацияға әкеліп соғады, және жылына тікелей және қосымша шығындарды есептегенде 13,1 млрд. доллардан асатын сомаға бағаланады, сәйкесінше бұл ауқымды экономикалық салдарларға ұшыратады [27]. Қазіргі таңда бауыр циррозы әлемдегі өлім-жітімнің кең таралған себебі бойынша 11-орында, ал бауырдың қатерлі ісігі өлім-жітім себебінің мәні бойынша 16 орында тұр; екеуі бірге әлемдегі барлық өлім-жітімнің 3,5%-ын құрайды [13,р. 56-62]. Бағалаулар бойынша, 2012 жылы АҚШ-та 3 миллионнан астам ересек адам бауыр ауруларына шалдыққан [28]. Бағалауларға сәйкес, барлық қытай халқының 7 миллионға жуығы (немесе 0,5%) бауыр циррозымен өмір сүреді, мұның себебінен жылына бауырдың қатерлі ісігінің 460 000 жаңа жағдайы тіркеледі [29, 30].

1-кестеде дамыған елдердегі бауыр ауруларына шалдығу этиологиясы ұсынылған. Жуық арада Қытайда жүргізілген зерттеулер бойынша, вирусты гепатитке, В созылмалы гепатиті (бұдан әрі - ВВГ) және СВГ-ны қоса алғанда, 90 миллион және 10 миллион адам шалдыққан, бұл сәйкесінше, өлім-жітімнің негізгі себебі болып қалып отыр. Сонымен қатар бауырдың алкогольді емес майлы ауруы (бұдан әрі - БАЕМА) сияқты бауырдың метаболикалық ауруларының кеңінен таралуы, бағалаулар бойынша Қытайда 173-338 миллион

адам шалдыққан және (бұдан әрі – ALD) кем дегенде 62 миллион адам шалдыққан алаңдаушылық туындатып отыр [31-33].

Кесте 1 – Қытай, АҚШ, Еуропа және Жапониядағы бауыр ауруларының этиологиясы


Ауру түрі	Қытай, адам/%	АҚШ, адам/%	Еуропа, адам/%	Жапония, адам/%
Бауыр циррозы	7 млн. (0,51)	633 мың (0,27)	500 мың (0,10)	400-500 мың (0,31-0,39)
Бауырдың қатерлі ісігі	460 мың (0,03)	39 мың (0,01)	30 мың (<0,01)	41 мың (<0,01)
В вирусты гепатиті	90 млн. (6,52)	2,2 млн. (0,71)	4,5 млн. (0,90)	1,5 млн. (1,17)
С вирусты гепатиті	10 млн. (0,72)	3,5 млн. (1,13)	6 млн. (1,10)	2 млн. (1,56)
Бауырдың алкогольді емес майлы ауруы	173-310 млн. (12,5-22,4)	76 млн. (24,13)	120 млн. (23,71)	32 млн. (25)
Адренолейкоцистроз	62 млн. (4,50)	19 млн. (6,20)	31 млн. (6,00)	2-3 млн. (1,56-2,34)
Ескерту – Дереккөз [34-36]				

Басқа ағзалардың терминалды сатысымен салыстырғанда, бауыр жеткіліксіздігі едәуір жас топтарға пропорциональды емес көрсеткіште әсер етеді, ал өмірдің жоғалтылған жылдарының саны шамамен 20 жылға тең деп бағаланады [40,41].

Бауыр циррозы асқынған бауыр фиброзының гистологиялық дамуы ретінде анықталады және түрлі этиологиядағы бауырдың созылмалы зақымдалуы бар науқастардағы терминалды саты деп танылады [17-19].

Бауыр циррозы әлемдегі өлім-жітім себептерінің таралуы бойынша 13-орынды алып, қоғамдық денсаулық сақтау саласының өзекті мәселесі болып тұр. Сондай-ақ 1980 жылмен салыстырғанда 2010 жылы жаһандық өлім-жітім 1,54%-дан 1,95%-ға дейін артқан, сонымен қатар мәйітті ашу кезіндегі зерттеулер нәтижесі бойынша бауыр циррозының жаһандық таралуы халықтың жалпы санынан 4,5%-9,5%-ға ауытқып тұрады [20-22, 37, 38]. Бүкіл әлемде цирроздың себебінен 2017 жылы 1,32 миллионнан (белгісіздік интервалы 95% (БИ) астам өлім-жітім орын алды, әйелдердің 440000 (416000–518 000; 33,3%) және еркектердің 883000 (838 000–967000; 66,7%) өлімі, 1990 ж. салыстырғанда екі жыныс үшін де 899000-нан астам (829000–948000) өлім [23].

Өлім-жітім көрсеткіштері 1990 жылмен 1,9% (1,8–2,0) салыстырғанда, 2017 жылғы әлемдегі барлық өлім-жітімнің 2,4%-ын (2,3–2,6) құрады. Жаһандық деңгейдегі өлім-жітімнің жас бойынша стандартталған деңгейі 1990 жылы 100000 халыққа 21,0 (19,2–22,3) болса, 2017 жылы 100000 халыққа 16,5 (15,8–18,1) дейін төмендеді [23] (сурет 1).



Сурет 1 - 1990-2010 жж. кезең ішінде жыныс бойынша бөле отырып, жаһандық деңгейде цирроздың себебінен орын алған өлім-жітімнің жас бойынша стандартталған көрсеткіштері және есебі\*

\* Қателіктер бағандары өлім санына арналған 95% пайдаланушы интерфейсін, ал қарайтылған бағандар жас бойынша стандартталған өлім-жітім көрсеткіштеріне арналған БИ-дың 95%-ы

Цирроз – мүгедектікке таңылған өмірдің немесе жоғалтылған жылдардың 20 негізгі себебінің бірі, ол сондай-ақ әлемдік ауыртпашылықтың 1,6% және 2,1%-ын құрайды [13]. Бауыр циррозының кең таралған бастапқы этиологиялары – созылмалы ВВГ, бауырдың алкогольді ауруы және созылмалы СВГ және БАЕМА, оның ішінде бауырдың алкогольді ауруы және СВГ дамыған елдердегі өлім-жітімнің негізгі себебі, ал ВВГ Азияның басым бөлігінде және Африкада Сахараның оңтүстігінде кең таралған себептердің бірі [18; 20;39]. Бүкіл әлемде 2 миллиардқа жуық адам алкоголь тұтынады, ал 75 миллионнан астам адам алкогольдік бұзылыстардан зардап шегеді және бауыр ауруларына шалдығу қаупіне ұшырайды. Шамамен 2 миллиард ересек адам май басу немесе артық салмақтан зардап шегеді, ал 400 миллионнан астам адам қант диабетіне шалдыққан, бұл екеуі де БАЕМА-ның және гепатоцеллюлярлық карцинома (ГЦК) қатерінің факторлары болып танылады [13]. Вирусты гепатиттердің жаһандық таралуы әлі де өте жоғары, ал дәрілік препараттардың әсерінен туындайтын бауырдың зақымдалуы жіті гепатиттің негізгі себебі ретінде әлі де арту үстінде. 2020 жылға қарай БАЕМА себебінен бауыр циррозына шалдыққан адамдардың саны ВВГ және СВГ-ге байланысты циррозы бар адамдардың санынан асып түседі деп күтілуде, осылайша БАЕМА-на байланысты бауыр циррозы бауыр трансплантациясының негізгі көрсеткішіне айналады [7], өйткені БАЕМА-ның жаһандық таралуы шамамен 24%-ға бағаланып отыр. 2 типті (бұдан әрі – 2ҚД) қант диабеті бар



1799 науқасқа жүргізілген зерттеу өтпелі эластографияның көмегімен диагноз қойылған БАЕМА циррозының таралуы 11,2%-ды құрағанын көрсеткен [37]. Май басуы бар 2956 науқасқа жүргізілген 16 жеке зерттеуге шолу науқастардың 5,8%-ында БАЕМА циррозы бар екенін көрсетті [38]. Бұл зерттеулер 2ҚД және артық салмағы, май басуы бар науқастарда БАЕМА циррозының деңгейі жоғары екенін көрсетті және бағалаулар бойынша, таралу деңгейі 10-40%-ды құрайды [40-42].

Осылайша, бауыр ауруы қоғамдық денсаулық сақтаудың жаһандық мәселелерінің бірі, өйткені негізгі қауіп-қатер факторларын жою және (немесе) төмендету арқылы бауыр ауруларының алдын алуға болады: алкоголь, май басу және В мен С гепатиті (90% жағдайға дейін). Бауыр ауруларының бейіні – мезгілсіз өлім-жітімнің негізгі себептерінің біріне қатысты баға жетпейтін ресурс. Денсаулықты және әл-ауқатты жақсарту бойынша бағдарламаларды әзірлеу және стратегиялық бағыттарды анықтау бауыр ауруларының сапасы мен санын төмендетуге мүмкіндік береді.

## **1.2 Ересек халықтағы бауыр трансплантациясының әлемдік тәжірибесі**

Бауырдың асқынған зақымдануына қарай ауру бауырдың декомпрессиялық циррозына, яғни бауыр ауруының терминалды сатысына жетуі мүмкін. Бауыр декомпенсациясының негізгі асқынулары мыналардан тұрады: варикозды кеңейген веналардан қан кету, асцит, энцефалопатия, бактериалды перитонит, гепатореналды синдром және гепатопульмоналды синдром. Декомпенсациядан кейінгі 5 жылдық өлім-жітім бауыр трансплантациясынсыз 85%-ға жетеді [18].

Бауыр трасплантациясы қатты ағзалар жиілігі бойынша екінші орында. Әлемдік практикада трансплантацияға жаһандық қажеттіліктің 10%-ы ғана қамтамасыз етіледі [13]. БАЕМА бауыр циррозының дамуына байланысты бауыр трансплантациясының динамика 2002-2016 жж. аралығында сәйкесінше 1%-дан 16%-ға дейін артты. Мысалы, осы себеп бойынша бауыр трансплантациясы Солтүстік елдерде 2011-2015 жж. аралығында 6,1%-ға жуық ересек науқастарды құрады, United Network for Organ Sharing (бұдан әрі - UNOS) деректері бойынша, бауыр трансплантациясы АҚШ-тағы барлық жас науқастардың 5%-ына жасалады [20; 43]. Organ Procurement and Transplantation Network (бұдан әрі - OPTN), мәліметтер базасының талдауы 2000-2014 жж. аралығында БАЕМА циррозының жоғары тенденция көрсеткенін анықтады, сондай-ақ 2016 және 2030 жылдар арасында 55,4%-ға артады деп болжам жасады [46,47]. Еуропадағы бауыр трансплантациясының негізгі көрсеткіштері: вирусты жұқпаға (22% СВГ, 5% ВВГ) немесе алкогольді шамадан тыс тұтынуға байланысты цирроз (50%), құрамдастырылған вирусты және алкогольді (бұдан әрі - ALD) цирроз 2,4%-ды құрайды.

Цирроздың үш негізгі көрсеткіші:

– бауырдың бастапқы ісіктері (17%, басым бөлігі, гепатоцеллюлярлық карцинома - ГЦК, 15%);

- бауырдың холестатикалық аурулары (10%);
- бауырдың жіті жеткіліксіздігі (оның 9,1%-ы вирустармен, 2%-ы дәрілік заттармен; 0,3%-ы дәрілік препараттармен байланысты емес уыттылық және 4,4% белгісіз этиологиямен байланысты) [24].

Бауыр трансплантациясы – бауыр ауруларының терминалды сатысы бар дұрыс іріктелген науқастарға арналған таңдау емі. Бауыр трансплантациясы - бауыр ауруының терминалды сатысы бар науқастарды емдеуде, 91%-ында бір жылдық өміршеңдік, ал 80%-ға жуығында үш жылдық өміршеңдік көрсеткішімен нәтижелі әдіс. Аустралия мен Жаңа Зеландиядағы бауыр трансплантациясынан кейінгі ағымдағы өміршеңдік көрсеткіштері ересектерде шамамен 20 жыл өміршеңдік медианасы кезінде 1 жыл ішінде шамамен 94%-ды құрайды [49-53]. АҚШ-та 2013 жылы ересектерге 5921 бауыр трансплантациясы жасалды, ал 15027 үміткер сол зерттеу жылындағы күту парағында қалды [54]. Иранда жылына 100 бауыр трансплантациясы жасалады [55-58]. European Liver Transplant Registry (бұдан әрі - ELTR) деректері бойынша, 1968 жылғы мамыр және 2016 жылғы желтоқсан аралығында 146782 бауыр трансплантациясы тіркелген, олар 32 елдің 169 орталығында жүзеге асырылған, осылайша жыл сайын бүкіл Еуропада 7300-ге жуық бауыр трансплантациясы орындалған [24]. Аустралия мен Жаңа Зеландияда жылына 270-ке жуық трансплантация жасалады. Аустралиядағы ағза донорлығының деңгейі – бірқалыпты (1 миллион халыққа 17), бірақ Жаңа Зеландияда өте төмен (1 миллион халыққа 11) [49]. Қытайда 1997 жылғы 16 жағдайда 18180 бауыр трансплантациясына дейін жеткен, сәйкесінше, бауыр трансплантациясы жасалатын ауруханалардың саны да артқан – бүкіл елде 300-ге дейін [59-61]. Қытайдағы бауыр трансплантациясынан кейінгі 1 жылдық өміршеңдік көрсеткіші 80,5%-ды, ал 5 жылдық өміршеңдік көрсеткіші 65,9%-ды құрайды [62]. Мәліметтер бойынша, Қытайдағы бауыр трансплантациясынан кейінгі өміршеңдік 1, 3 және 5 жыл аралығы сәйкесінше 84, 75 және 71%-ды құрайды [63]. Еуропадағы бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың өміршеңдігі 1 жылдан кейін 83%-ды, 5 жылдан кейін 71%-ды, 10 жылдан кейін 61%-ды, 15 жылдан кейін 51%-ды және 20 жылдан кейін 41%-ды құрайды. Трансплантациядан кейін науқастарда өміршеңдіктің жақсаруы үш негізгі көрсеткіш бойынша байқалды: бауыр циррозы, қауырт гепатит және қатерлі ісік аурулары.

Науқастардың 5 жылдық өміршеңдігі бауырдың бастапқы қатерлі ісіктері (64%,  $P < 0,001$ ) және бауырдың жіті жеткіліксіздігі (65%,  $P < 0,001$ ) кезіне қарағанда, бауыр циррозына байланысты бауыр трансплантациясын өткерген науқастарда әлдеқайда жақсы байқалған. СВГ (64%) немесе ВВГ (74%) моноинфекциясымен салыстырғанда, ВВГ және СВГ коинфекциясы жақсы 5 жылдық өміршеңдікті көрсеткен (80%). Ересектер мен балалардағы өміршеңдік көрсеткіштері сәйкесінше, метаболикалық ауруларға 76% және 85%, холестатикалық ауруларға 79% және 86%, өт жолдарының туа біткен ауруларына 82% және 85% болған [24].

Аустралия мен Жаңа Зеландиядағы бауыр трансплантациясын жүргізу және ұйымдастыруды реттеу үкімет қолдауындағы бірыңғай ұйым арқылы жүзеге асырылады, штат немесе өңір және барлық бөлімшелер бауырдың жедел жеткіліксіздігі жағдайларына арналған донор ағзаларын бірлесе пайдаланады. Ағзаларды бөлу және алушылар тізімін құру критерийлері әдетте ұлттық және онлайн жарияланатын келісімдер - TransTasman agreements арқылы мақұлданады. Аустралия мен Жаңа Зеландияда бауыр трансплантациясы жақсы дамыған, ағзаларды бөлу және тізімге қосу критерийлерін регламенттейтін, нәтижелерді жариялайтын процестердің айқындығы қамтамасыз етілген [49].

2005 жылғы ақпанда бауыр трансплантациясын тіркейтін Қытай желісі құрылды және 2007 жылы Қытайда алғаш рет «Адам ағзаларын транспланттаудың қағидалары» қолданысқа ресми енгізілді [4].

Бауыр ауруларын зерттеу жөніндегі Америкалық қауымдастық және Америкалық трансплантация қоғамы бауыр трансплантациясы үшін қарастырылып жатқан науқастарды бағалау және бауыр трансплантациясына көрсеткіштер туралы нұсқаулықтарды әзірледі.

8482 жағдайда қайталама бауыр трансплантациясы (Re-БТ) көрсетілген, мұның ішіндегі басым бөлігі бастапқы жарамсыздыққа, техникалық асқынуларға (өт шығаратын және қан тамырлары) және трансплантациядан кейінгі бірінші ай ішінде қабылдамау. Аустралия мен Жаңа Зеландияда 1986-2017 жж. аралығындағы кезеңде ересектерге жасалған 4514 бауыр трансплантациясы кезінде 302 (6,7%) жағдайда қайта трансплантация жасалған, мұндағы трансплантат жеткіліксіздігінің негізгі себептері: бауыр артериясының және қақпалық венаның тромбозы (29%), ауру рецидиві (21%) және трансплантат қызметінің бұзылуы (15%). 2000 жылдан кейін қайталама трансплантация жасатқан науқастарда транспланттың 1 жылдан кейінгі өміршеңдігі 85%-ды, 5 жылдан кейін 75%-ды және 10 жылдан кейін 64%-ды құраған [24]. Қатерлі ісіктік немесе ісіктік емес рецидивтер және de novo қатерлі ісігі бір айдан кейін жиі орын алған, сондай-ақ бірінші бауыр трансплантациясынан кейінгі 1 айдан аса уақыт ішінде жасалған қайталама бауыр трансплантациясы, ертерек жасалған бауыр трансплантациясына қарағанда трансплантаттың айтарлықтай жақсы өміршеңдік көрсеткішін байқатқан (5 жылдан кейінгі 45%-бен салыстырғанда 50%,  $P < 0,0001$ ). Бір факторлы талдау бойынша, реципиент жасының ( $P = 0,001$ ) ұлғаюы, реципиент салмағының ( $P = 0,019$ ) артуы және донор жасының ( $P = 0,011$ ) ұлғаюы 2000 жылға дейін трансплантат өміршеңдігінің төмендеуіне әсер еткен; алайда 2000 ж. кейін науқастың салмағының артуы ( $p = 0,041$ ) ғана мәнді фактор болып саналған. Көп факторлы талдау реципиенттің салмағының артуы ( $P = 0,042$ ) және донор жасының ( $P = 0,025$ ) ұлғаюы ғана 2000 жылға дейін ғана мәнді болғанын көрсетеді. Екінші немесе үшінші ретрансплантат үшін өміршеңдікті немесе ретрансплантатпен уақытты салыстырғанда айырмашылық болмаған [53].

346 ReБТ жасалған медициналық ұйымның 8 жылдық тәжірибесі қайталама ReБТ жасауға негізгі көрсеткіштер 3-кестеде ұсынылған себептер

болғанын көрсеткен. Қайталама РеБТ жасалған науқастар осы уақыт кезеңі ішінде ересектерге жасалған бауыр трансплантациясының жалпы көлемінің шамамен 11%-ын құраған және осы науқастардың сегізі (24%) бір уақытта бауыр/бүйректің қайталама трансплантациясын өткерген. Қайталама РеБТ тізіміне қосылғандардың орташа жасы 53,3 жасты құраған, ал MELD-тің орташа көрсеткіші екінші тізімде 26-ны құраған. Ауру рецидивіне байланысты қайталама РеБТ-ны өткерген бес науқастың екеуінде (40%) СВГ рецидиві болған, ал қайталама РеБТ-ны күту кезінде көз жұмған екі науқастың біреуінде (50%) СВГ рецидиві болған.

Қайталама РеБТ-ға кіріспестен бұрын, жеткіліксіздіктің негізгі этиологиясын анықтау қажет, өйткені сепсисі бар науқастардағы қайталама РеБТ көп жағдайда нәтижелі бола бермейді [64] (2-кесте).

Кесте 2 – Бауырдың Re-трансплантациясының көрсеткіштері (Shah Jigesh A., 2018 ж.)

Қайталама трансплантацияға көрсеткіштер			Қайталама трансплантацияны күту кезіндегі өлім себептері	
Себептер	Саны	Жалпы пайыз	Саны	Жалпы пайыз
Созылмалы жасушалық қабылдамау	11	33%	2	14%
Бауыр артериясының жіті тромбозы (БАЗТ)	7	21%	1	7%
Созылмалы өт структурасы	6	18%	1	7%
Ауру рецидиві	5	15%	2	14%
Бастапқы жарамсыздық (PNF)	2	6%	-	-
Бастапқы нашар қызмет (IPF)	1	3%		
Басқа	1	3%	2	14%
Сепсис			5	36%
Ми ішілік қан кету			1	7%
Барлығы	33	100%	14	100%
Ескерту – Дереккөз [64]				

Бауырдың ретрансплантациясын азайту бауыр трансплантатын таңдауға, трансплантацияға дейінгі бағалауға, операциялық шаралардың мұқият жасалуына және операциядан кейінгі басқарудың сақтықпен іске асырылуына байланысты. Қайталама трансплантация операциядан кейінгі асқынуларды азайту және науқастың өміршеңдігін максималды деңгейде көбейту мақсатында, еш кідіріссіз орындалуы керек [65]. Бауыр трансплантациясынан кейінгі 383 науқастың (55,6%) өмір сапасын зерттелді. Анамнез бойынша, олардың 15-і (3,9%) Ре-БТ-ны (Re-LT тобы) өткерген, бұл бір ғана бауыр трансплантациясы жасалған 60 науқастан тұратын топпен салыстырылды. Нәтижесінде, Ре-БТ тобының өмір сапасы өмірге қабілеттілік физикалық функциясының ( $p = 0,026$ ) және рөлдік-эмоциялық функциясының ( $p = 0,005$ ) шкалалары бойынша бағалау кезінде айтарлықтай төмен мәнді көрсеткен.

Қобалжушылық және күйзеліс бойынша баллдар топтар арасында ерекше айырмашылық көрсетпеген [66].

Re-ТП – бауыр трансплантатының қайтымсыз жеткіліксіздігі бар науқастар үшін бірден-бір терапевтикалық амал [90-92]. Ретрансплантация медициналық, экономикалық және этикалық көзқарас тұрғысынан даулы мәселе болуы мүмкін, өйткені ағза жетіспеушілігі, жаңа алушыларға арналған ағзаның организмде қабылданбауы секілді контекстте өте ауқымды шығындар болуы мүмкін. Қазіргі таңда Re-ТП-ға мұқтаж науқастарға арналған шешімдерді жеңілдететін жалпыға ортақ практикалық нұсқаулық жоқ [93]. Бірнеше зерттеулер ретрансплантация үштен астам ағзаның (бүйрек жеткіліксіздігі, өкпе желдету қажеттілігі, цереброваскулярлық инсульт, ауыр холестазы бар бауыр, асқынған энцефелопатия, коагулопатия және т.с.с.) нашарлауына дейін жасалуы керек деген тұжырым ұсынады [94-97].

Кесте 3 - Бауыр трансплантациясы. Халықаралық мәліметтерді талдау және топтау арқылы бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастарды таңдау және тіркеу критерийлері (Қосымша А)

### **1.3 Бауыр трансплантациясынан кейін науқастарды басқару**

1.3.1 Трансплантацияға арналған күту парағындағы бауыр аурулары бар науқастарды бағдарлау

Бауыр трансплантациясы бауыр ауруларын емдеуде негізгі рөлді атқарады. Тексеру кезеңінде донорларды қарсы көрсеткіштер бойынша «сұрыптаудың» маңыздылығы бауыр фрагментінің туыстық донорлығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [98]. Еуропадағы бауыр донорлары негізінен мәйіттік донорлар, немесе Maastricht 3 процедурасына сәйкес жүрек тоқтағаннан кейінгі немесе ми өлімінен кейінгі донорлар [99]. Туыстық донордан бауыр трансплантациясы бауырдың мәйіттік донорымен салыстырғанда, трансплантация уақытын жоспарлауға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, трансплантацияны күту уақыты жіті бауыр жеткіліксіздігі бар науқастар үшін бірнеше күнге дейін, ауырлық дәрежесі орташа бауыр циррозы бар немесе гепатоцеллюлярлық карциномасы (бұдан әрі – ГЦК) бар науқастар үшін 1 жылға дейін созылуы мүмкін. 2-суретте күту парағындағы науқастардың типтері көрсетілген.

Көптеген елдерде жіті бауыр жеткіліксіздігі бар науқастар күту тізіміне енгізілген, төтенше жағдайда оларға басқа алушылардың барлығынан бұрын абсолютті басымдық беріледі. Трансплантатты бірнеше сағат немесе күн ішінде алады [100]

Бауыр ауруының ақырғы кезеңі моделі (MELD) бойынша басты сипатта балл есептеуге негізделген, «алдымен науқастар» қағидасы бойынша күту парағына қосылған теңгерілмеген бауыр циррозы бар науқастар. MELD бойынша балы өте жоғары науқастар бірнеше күн немесе бірнеше апта ішінде бауыр трансплантациясын жасатуға мүмкіндік алады, ал MELD бойынша балы орташа немесе төмен науқастар бірнеше ай немесе тіпті жыл ішінде трансплантация жасатады.

Теңгерілген бауыр циррозында ГЦК-сы бар науқастар. Ағзаларды алмастыру жөніндегі ұйымдар бұл науқастарға қатерлі ісіктердің санына және өлшеміне қарай жасанды бағалауды жүзеге асырады, оларға максимум 18 ай ішінде бауыр трансплантациясы жасалады.

## Сурет 2 – Трансплантацияға күту парағындағы науқастардың типтері

Күту парағындағы науқастарды бағдарлау өлім-жітімнің немесе олардың жай-күйлерінің нашарлауына байланысты трансплантатты қабылдамаудың алдын алу мақсатында қажет, сондай-ақ науқастардың оларға бауыр трансплантациясын сәтті өткізуге мүмкіндік беретін жай-күйде болуы үшін керек.

Бауыр трансплантациясына кезек күтетін науқастардың басымдықтарын дұрыс жүйелеу мақсатында 1964 жылы Child және Turcotte асқынған бауыр ауруы бар науқастардағы хирургиялық қауіп-қатерді бағалауға арналған болжамдық модельді ұсынған, бұл моделді кейіннен Pugh және бірлескен авторлар қайта қарап, 1973 жылы «Child-Pugh моделі» деген атау берген. Осы модель пайдалы процедуралардың тиімділігін бағалау және бауыр циррозы бар науқастардағы қауіп-қатерлерді стратификациялау үшін кеңінен қолданылған [100, 101].

Бауыр ауруының терминалды кезеңін бағалау жүйесінің моделі (бұдан әрі - MELD) – бауыр трансплантациясын күтіп жүрген науқастардағы ықтимал өлім-жітімді анықтауға арналған адекватты көрсеткішке айналды [102,103]. MELD шкаласы және басқа да факторлар бойынша бағаланатын, трансплантациядан кейінгі өлім-жітім қатері және күту парағындағы өлім-жітім қатерінің комбинациясы үміткерлер бауыр трансплантациясынан өміршеңдікке пайда алатынын-алмайтынын бағалау үшін қолданыла алады [102-115].

АҚШ-та MELD бағакауы бауыр трансплантациясына қолжетімділік басымдығын анықтауға арналған бағалау ретінде 2002 жылы енгізілді [116]. АҚШ-та трансплантаттарды бөлу үшін MELD жүйесінің енгізілуі күту парағындағы науқастардың өлім-жітімін 3,5%-ға төмендетуге мүмкіндік берді, алайда трансплантацияға ауруы асқына бастаған науқастардың іріктелуіне қарамастан, БТ реципиенттерінің ерте өміршеңдігі өзгеріссіз қалды.

Қазіргі таңда Иранда MELD және Child-Pugh көрсеткіштері БТ бар науқастарды стратификациялау үшін кеңінен қолданылады [100;101;116].

Еуропа елдерінің басым бөлігінде түрлі елдер арасындағы кейбір айырмашылықтарға қарамастан, MELD балының негізінде қолжетімділік басымдығын анықтау мақсатында «бірінші науқас» қағидасы жүзеге асырылды. (MELD)> 15 өмірге қауіп төндіретін асқынулары бар созылмалы бауыр ауруына шалдыққан ересек адам – БТ-ға негізгі көрсеткіш. Дегенмен MELD <15 көрсеткіші кезінде олар мынадай аурулардың кез келгенінен зардап шегетін болса, қатысуға құқылы: асцит диуретигіне резистенттілік, қайталама бауыр энцефалопатиясы, қайталама шұғыл бактериалды перитонит, қайталама немесе тұрақты порталды гипертониялық қан кету, емделуі қиын холангит немесе гепатопульмоналдық синдром. Басқа көрсеткіштер ересек адамдағы бауыр жеткіліксіздігіне қатысты емес генетикалық бұзылыстарды қамтиды (мысалы, бауыр поликистозы, отбасылық амилоид, оксалоз).

Билирубин, креатинин және халықаралық нормализацияланған қатынас деңгейлері бойынша есептелген MELD көрсеткіші жан жақты болып табылмайды, бауырдың асқынған аурулары бар кейбір науқастар MELD бағалауы бойынша нашар ұсынылған, мәселен, холестатикалық аурулары бар науқастарда, рефрактерлік асциті бар және бауыр қызметі басқаша сипатта сақталған науқастарда, қақпалық-қуыс көктамырлық шунттардың себебінен туындаған созылмалы энцефалопатиясы бар науқастарда және гепатопульмоналдық синдромы бар науқастарда қалыпты халықаралық нормализацияланған қатынасқа және креатинин деңгейіне байланысты өте кеш кезеңге дейін MELD көрсеткіші төмен [103,117].

30 немесе 40-тан астам MELD бағалауы бар күту тізіміндегі науқастарда кейінгі 3 айда 50 және 70%-дан астам өлім-жітім жағдайы ықтимал, осыған байланысты MELD 35 балына дейін трансплантациядан кейінгі өміршеңдік өзгеріссіз қалады деген консенсус бар. Бүгінгі таңда MELD 35-тен астам баллға байланысты трансплантациядан кейінгі өлім-жітім және аурушандықтың ықтимал жоғары қауіп-қатеріне қатысты бірыңғай пікір жоқ [118-121].

18-25 аралығындағы MELD бағалаулары бар науқастар көптеген елдерде БТ қолжетімділігіне қатысты қиындықтарға тап болады, өйткені ұсынысқа қарағанда сұраныс көп, ал күту уақыты бір жылдан асуы мүмкін, мұндай уақытта олардың бауырларының жай-күйі жіті нашарлауы мүмкін. Күту парағында ұзақ уақыт тұрған науқастар үшін қосымша баллдар қосу мәселелерін қарастыру туралы ұсыныстар болды. Дегенмен, күту парағындағы науқастар қажетті көмекті алуы тиіс:

1) С вирусты гепатитінің циррозы бар науқастарды интерферонсыз тікелей антивирустық агенттермен вирусқа қарсы емдеу туралы талқылау қажет [122-124];

2) науқастар ГЦК-ны анықтау үшін бауыр доплерографиясы мен скринингтен тұрақты түрде өтуі тиіс;

3) дағдылы эндоскопияның көмегімен асқазан-ішек жолынан қан кетудің алдын алу керек;

3) рефрактерлік асциті бар науқастар TIPS немесе итеративтік парацентезбен емделуі қажет.

Дәрігерлер БТ-нан көбірек пайда алатындардың барлығы үшін БТ-ның басымдығын қамтамасыз етуі керек және іріктеу жиілігін төмендету және бауыр трансплантациясынан кейінгі нәтижелерді жақсарту мақсатында, күту кезеңінде осындай науқастарды бағдарлауды оңтайландыруы қажет.

Соңында, ағзалардың жеткіліксіздігін ескере отырып, дәрігерлер жекелеген науқастардың пайдасы мен қоғамның пайдасын теңдестіре алуы керек. Олар бір-біріне қарама-қайшы келмеуі керек, сондай-ақ ағзалар жиынтығын және бауыр трансплантациясына қолжетімділікті ұлғайту, бауыр трансплантациясының нәтижелерін жақсарту бағытында жұмыс істеуі тиіс [125].

### 1.3.2 Бауыр трансплантациясынан кейін науқастарды бағдарлау

Бауыр трансплантациясынан кейін науқастарға медициналық көмек көрсету күрделі және ол емдеудің біртұтас тәсілін қажет етеді.

Гистологиялық бағалау бауыр аллотрансплантатының қабылданбауын диагностикалау мен басқаруда маңызды рөл атқарады. 5,5 жыл ішінде 3 ай бауыр трансплантациясынан кейін алынған 28 бауыр биопсиясы (2011-2017 жж.) науқастардың көпшілігі үштік терапиямен емделгенін және тек 3,6%-ы (1/28) монотерапия алғанын көрсетті. Бір науқаста ағзаны қабылдамау және бір мезетте соңғы сатысында бүйрек жеткіліксіздігі, екіншісінде – қайталама ВВГ және асқынған АСР дамыды. Бас тарту арқылы бір пациент (RAI 8) 1,5 жылдан соң бауыр трансплантациясынан кейін 1,5 айға иммуносупрессивті терапияны тоқтатты [126,127].

Дамыған елдерде жүргізілген зерттеулер науқастар мен дәрігерлер көптеген мәселелерге тап болатынын көрсетті:

- иммуносупрессивті схемалар трансплантациядан бас тартуды болдырмау және емдеу үшін оңтайландырылуы керек;

- иммунитеті әлсіреген науқастарда сепсистің қаупі мен атиптік ерекшеліктері танылуы тиіс;

- бауыр ауруының қайталануын азайту үшін ұзақ мерзімді әрекеттер/шаралар қажет.

Қатерлі ісіктердің, бүйрек жеткіліксіздігінің және метаболикалық асқынулардың жоғары қаупі оларды басқаруды жетілдіруді қажет етеді. Бауыр трансплантациясының артықшылықтарына қарамастан, өмір сапасына әсер ету туралы қосымша алаңдаушылық бар. Бұл науқастар клиниктердің кең



ауқымында одан әрі емдеуге ұсынылатын болғандықтан, трансплантациядан кейін қолданылатын дәрі-дәрмектерді тағайындау қажеттілігін түсіну және осы науқастарды бағдарлаудың жалпы тәсілдері кең клиникалық аудитория үшін пайдалы болады [128].

Бауыр трансплантациясынан кейін науқастарға бақылау жасайтын клиниктер әдетте бірқатар медициналық мәселелерге тап болады:

– Жедел немесе созылмалы қабылдамау.

– Иммуносупрессивтік асқынулар, соның ішінде гипертония, бүйрек жеткіліксіздігі, инфекциялар, қатерлі ісіктер, әртүрлі дерматологиялық жағдайлар және метаболикалық аурулар, мысалы, қант диабеті, семіздік, гиперлипидемия және сүйек аурулары.

– Билиарлы асқынулар [129,130].

– Бауырдың бастапқы ауруының қайталануын емдеу [131].

БАЕМА-мен байланысты бауыр ауруының терминалды сатысында (бұдан әрі - БАТС) трансплантация жасалған науқастарда қатар жүретін бірнеше аурулар бар және олар көбінесе жасы егде адамдарда кездеседі, бауыр трансплантациясынан кейінгі өмір сүру бауыр ауруының терминалды сатысының басқа этиологияларымен салыстырылуы тиіс.

Бауыр трансплантациясы бар БАЕМА науқастарына қатысты бауыр ауруының терминалды сатысы көптеген, бір орталықты өміршеңдікті зерттеу мақсатында жылдар бойы бірнеше ірі зерттеулер жүргізілді [30]. БАЕМА-мен байланысты бауыр трансплантациясынан кейінгі нәтижелерді бағалайтын зерттеулер 4-кестеде ұсынылған [132].

Кесте 4 – Бауырдың алкогольді емес майлы ауруы бар науқастардың бауыр трансплантациясынан кейінгі нәтижелері ( авторлар: Jaber S., De Jong 2019.)

Өлшем-зерттеу (N)	Алкогольді емес стеатогепатит тобындағы өмір сүру деңгейі		Стеатогепатит тобындағы өмір сүру деңгейі (%)		Зерттеу кезеңі
	Жылдар -ж./ күн-к	(%)	Жылдар-ж./ күн-к	(%)	
1	2	3	4	5	6
98 – алкогольді емес стеатогепатит	30-к	93.9	30-к	94.4-98.0	1997-2008
686 – алкогольді емес стеатогепатит (бастапқы билиарлы цирроз/ бастапқы склероздаушы холангит, бауырдың алкогольді ауруы, ВВГ, бауырдың криптогенді циррозы)	1-ж.	79.6	1-жк -	81.6-87.2	
	1-жк	72.4	5-ж	65.3-80.6	

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
71 - алкогольді емес стеатогепатит	1- жк	82	1-ж	92	1997-2007
83 - бауырдың алкогольді ауруы	5- жк	75	5-ж	86	
	9- жк	62	9-ж	76	
21 – бауырдың алкогольді емес ауруы	30- жк -	80.9	30-к-	97	2004-2007
83 - бауырдың алкогольді емес майлы ауруы (бауырдың алкогольді ауруы, СВГ, бауырдың криптогенді циррозы, бастапқы билиарлы цирроз/ бастапқы склерозды холангит, аутоиммунды гепатит)	1- жк	76.2	1-ж	89.5	
	3- жк	76.2	3-жк	83.5	
144 - алкогольді емес стеатогепатит	90к	90	90-к	90-96	1993-2011
1150 - алкогольді емес стеатогепатит (СВГ, ВВГ, бауырдың алкогольді ауруы, бауыр циррозы, бастапқы билиарлы цирроз/бастапқы склерозды холангит)	1-ж	84	1-ж	79-87	
	5-ж	75	5-ж	54-70	
129 - алкогольді емес стеатогепатит	1-ж	90	1-ж	92	1999-2009
775 - алкогольді емес стеатогепатит-этиологиясы анықталмаған	3-ж	88	3-ж	86	
	5-ж	85	5-ж	80	
71 - алкогольді емес стеатогепатит	1-ж -	78	1-ж	87	1998-2008
472 - алкогольді емес стеатогепатит	2-ж	78	2-ж	85	
115 - алкогольді емес стеатогепатит	1-ж	81.3	1-ж	88.1	1993-2010
127 - Бауырдың алкогольдік ауруы	3-ж	73.3	3-ж	85.3	
	5-ж	60.3	5-ж	68.8	
1810 - алкогольді емес стеатогепатит	1-ж -	87.6	шамамен		1997-2010
3843 - бауыр циррозы	3-ж -	82.2			
48.085 - алкогольді емес стеатогепатит	5-ж	76.7			
1959 - алкогольді емес стеатогепатит	1-жк	84	1-ж	87	2001-2009
33822 - алкогольді емес стеатогепатит	3-жк-	78	3-ж	78	

БАЕМА реципиенттері көптеген жанама ауруларға қарамастан, бауыр ауруының басқа этиологияларының өміршеңдігімен салыстырылады. Бұл науқастардың қауіпті және жүрек-қан тамырлары жағдайын бағалау үшін трансплантацияға дейінгі ауқымды скринингтен өтуі мүмкін, осылайша жүрек-қан тамырлары аурулары бар науқастар трансплантаттар тізімінен

шығарылады. Алайда, нәтижелерге сәйкес, бауыр трансплантациясынан кейінгі жалпы өмір сүру БАЕМА этиологиясымен байланысты топта жақсырақ. Бауыр трансплантациясы үшін БАЕМА науқастарын таңдағанда, бауыр трансплантациясынан кейін сепсис пен жүрек-тамыр асқынуларын түбегейлі емдеу қажет және баса назар аудару керек [87]. Бауыр трансплантациясын өткерген науқастарда бірнеше асқыну қауіптері бар, мұны дер кезінде анықтау үшін алғашқы медициналық көмек дәрігерлері мұқият болып, науқасты трансплантация орталығына немесе гепатологқа қайта жіберуі тиіс [134].

5-кестеде БТ бар науқастардың жиі кездесетін асқынулары көрсетілген.

Бауыр трансплантациясынан кейін ұзақ өмір сүру деңгейі жоғарылаған сайын метаболикалық асқынулар жиі кездеседі. Америка Құрама Штаттарында респонденттердің 66%, 24% және 8%-ының пікірінше, гепатологтар, алғашқы медициналық көмек дәрігерлері және хирургтар бауыр трансплантациясынан кейін 1 жыл немесе одан да көп уақыт өткен соң бауыр реципиенттеріне жалпы күтім жасау үшін жауап береді. Гепатологтар метаболикалық асқынуларды қалыпты құбылыс деп санайды, бірақ кейбір адамдар ғана гипертония (33,3%), созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі (3,8%), қант диабеті (8,8%), дислипидемия (11,1%) және сүйек аурулары (12,8%) бақылау жұмыстары жақсы жүргізілді деген тұжырыммен келіседі [135].

Алғашқы медициналық көмек дәрігерлері бауыр реципиенттеріндегі кез келген ерекше оппортунистік инфекцияға қатысты мұқият болуы тиіс. Бауыр реципиенттерінің өмір сүру сапасы алғашқы көмек дәрігерлері тарапынан көрсетілетін медициналық көмектің маңызды аспектісі болып табылады [136]. Алғашқы медициналық көмек дәрігерлерінің метаболикалық синдром, бүйрек функциясы және қатерлі ісіктер туралы хабардар болуы және оларды үнемі бағалауы трансплантациядан кейінгі ұзақ мерзімді аурушандық мен өлім-жітімді жақсарта алады. Осындай күрделі науқастарға оңтайлы күтім жасау үшін алғашқы медициналық көмек дәрігерлері, трансплантологтар мен хирургтар арасында тығыз серіктестік болуы қажет. Трансплантациядан кейінгі бауыр реципиенттерінде көбінесе ұзақ мерзімді емдеуді және мұқият бақылауды қажет ететін бірнеше жанама аурулар болады. Көптеген метаболикалық жанама ауруларды емдеу әдісі жалпы популяциядағы әдіске ұқсас, бірақ аралас терапияны қажет ететін рефрактериялық ауру жиі кездеседі. Холестеринді төмендететін агенттер бауыр трансплантациясынан кейін бауыр патологиясы бар науқастарға қарсы көрсеткіші жоқ (немесе көп жағдайда) және оларды мұқият бақылау және мониторингтеу кезінде қолдануға болады. Ұзақ уақытқа созылған иммуносупрессия инфекция қаупін арттырады, сонымен қатар қатерлі ісіктердің пайда болу қаупін жоғарылатады [137].

Осылайша, бауыр трансплантациясының тиімділігі науқастардың дұрыс таңдауына, сондай-ақ бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі - БМСК) көрсететін ұйымның науқастарды операциядан кейінгі бағдарлауына байланысты.

Кесте 5 – Бауыр трансплантациясынан кейінгі асқынулар және бастапқы бақылау (Heller J.C., Prochazka A.V., Everson G.T., Forman L.M. Liver Transpl. – 2009. - Vol. 15, №10. – P. 1330-1335. (Қосымша Б))

1.3.3. Бауыр ауруларының терминалды сатысы бар және бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың өмір сапасы

Jen-Kuei Peng және бірлескен авторлардың систематикалық шолуларында бауыр ауруының терминалды сатысындағы науқастардың өмір сүру сапасы туралы 45 зерттеуге талдау жасады, зерттеулердің басым бөлігінде Еуропа, Солтүстік Америка және қытай деректері ұсынылды. Осы зерттеу нәтижесінде науқастардың жасы 50 жасты құрағаны және басым бөлігі ер адамдар екені анықталды, аурудың асқынуы SF36 қысқаша сауалнамасының екі компонентінің де айтарлықтай нашарлауына алып келді, оның ішінде физикалық компоненттердің қосындысы бойынша орташа балмен салыстырғанда төмендеу 6,4 (95% ДИ: 4,0 - 8,8;  $p < 0,001$ ) құрады, ал психикалық компоненттердің қосындысы бойынша орташа балл - 4,5 (95% ДИ: 2,4–6,6;  $p < 0,001$ ), Chronic Liver Disease Questionnaire (CLDQ) (жалпы балл 1–ден 7-ге дейін), аурудың асқынуы денсаулыққа байланысты өмір сүру сапасын едәуір нашарлатты және әр топ арасындағы айырмашылық (95% ДИ: 0,34-0,98;  $p < 0,001$ ) құрады [25, 138-147]. Деректер 7-кестеде келтірілген.

Бауыр трансплантациясы науқастардың басым бөлігіндегі көптеген шағымдарға қарамастан, өмірдің әртүрлі саласында жұмыс істеуді жеңілдетеді. Екінші жағынан, психикалық және эмоционалды денсаулық саласындағы қолайсыздық психологқа жеңіл қолжетімділікті қажет етеді. Сонымен қатар, жүрек-қан тамырлары ауруларының пайда болу қаупі дәлелденгендіктен, бауыр трансплантациясынан кейін науқастарға оқыту мен диеталық кеңес берудің негізделген қажеттілігі бар [176]. Көптеген субъектілер трансплантациядан бұрын өмір сапасы мен физикалық жағдайын нашар, ал трансплантациядан кейін жақсы деп анықтады. Респонденттің психикалық жағдайы трансплантацияға дейін және одан кейін айтарлықтай ерекшеленбеді. Трансплантациядан кейін қанағаттану деңгейі жоғары болды. Кейбір жағдайларда денсаулық жағдайы науқастардың отбасылық өміріне әсер етті, бірақ бауыр трансплантациясына дейін олардың әлеуметтік өмірін жиі бұзады [177]. Бауыр трансплантациясынан кейін науқастардың өмір сүру сапасын одан әрі арттыру үшін биосоциалдық және психологиялық емдеудің пәнаралық араласуы қажет. Оңалту, психологиялық емдеу және мұқият қайта медициналық бақылау бағдарламаларының интеграцияланған тәсілі физикалық және әлеуметтік мәселелері бар науқастарға көмектеседі және оңалту барысын ынталандырады [178]. Өмір сапасының бойлық мониторингі бауыр трансплантациясынан кейінгі динамиканы түсінуді жақсартып алады, сондай-ақ мұқият және жеке бақылау қаупі бар науқастарды анықтай алады. Бұл көптеген жауапсыз сұрақтар және жақсарту стратегиялары үшін мүмкіндіктері бар, енді дамып келе жатқан зерттеу саласы [178].

Кесте 6 - Jen-Kuei Peng және бірлескен авторлардың систематикалық шолуларында бауыр ауруларының терминалды сатысы бар науқастарда симптомдардың таралуы (2013-2014 ж.ж.)

Симптомдар	Нәтиже көрсеткіші	Таралуы (%)
1	2	3
Ауырсыну	Ауырсынудың қысқаша тізімі (BPI) [148]	77
	Эдмонтон симптомдарын бағалау жүйесі (ESAS).[149]	65
	Макгиллдің ауырсыну сауалнамасы (MPQ) [150]	79
	Суретға шолу [151]	47
	Сұхбат [152]	Шамамен 30-40 (6 айдан өлімге дейін)
Ентігу	Mmrc медициналық зерттеулер жөніндегі кеңестің өзгертілген шкаласы [155]	80–88
	Эдмонтон симптомдарын бағалау жүйесі (ESAS) [149]	48
	Сұхбат [152]	Шамамен 20-45 (6 айдан өлімге дейін)
Бұлшық еттің тырысуы	≥1 / айына 1 жылға [153]	62–68
	≥3/ ай [154]	56–57
	≥1 өткен айда [155]	58
	≥1 соңғы 12 аптада [156]	67
Эректілді дисфункция	Эректілді дисфункцияның халықаралық индексі (PEF-5) [157-159]	74–93 (орташа ауыр-ауыр 17-59)
	Эректілді дисфункцияның халықаралық индексі (PEF) [160]	53 (орташа ауыр-ауыр)
	Психиатриялық сұхбат [161]	54
Ұйқысыздық	Ұйқы уақыты және ұйқы сапасы скринингтік сауалнама (STSQS) [162]	36
	Питтсбург ұйқы сапасының индексі (PSQI) [163-164]	63–77
	Нордтық ұйқының негізгі сауалнамасы (BNSQ) [165]	26
	Шаршау симптомдарын көп өлшемді түгендеу - қысқаша форма (MFSI-SF) [166]	73
Күндізгі ұйқышылдық	Эпворттың ұйқышылдық шкаласы (ESS). [167-170],	29.5–71
Шаршау	Шаршау белгілерін түгендеу (FSI) [166]	86
	Өзін-өзі бағалау сұрақтары [171]	52
Қышу	Бастапқы клиникалық деректер[172]	47
	Жапон нұсқаулығы [173]	64
Үрей	Жай-күйі-Мазасыздық Белгісі Түгендеу (STAI) [174]	25–45
	Аурухананың мазасыздық және күйзеліс шкаласы (HADS) [175]	16
	Эдмонтон симптомдарын бағалау жүйесі (ESAS) [149]	36
	Миллонның мінез-құлық медицинасының диагностикасы [176]	14

## 6-кестенің жалғасы

1	2	3
Күйзеліс	Эпидемиологиялық зерттеулер орталығы-күйзеліс (CES-D).[174]	35–36
	Бек күйзелісі (BDI) [172]	57–64 (орташа ауыр-ауыр 16-28)
	Аурухананың мазасыздық және күйзеліс шкаласы (HADS) [175]	14

Кембридждегі трансплантация бөлімшесінде бауыр трансплантациясынан кейін 10 және одан да көп жыл өткен соң науқастардың өмір сүру сапасын анықтау, көлденең қиманың бір орталықтық талдауы олардың өмір сүру сапасын бағалау үшін 36-шы нұсқа мен Ferrans and Powers сауалнамаларының қысқаша формасын толтырды. Сауалнамаға қатысуға 102 науқас шақырылды, оның 61-і (59,8%) жауап берді. Жалпы, пациенттер қанағаттанарлық өмір сапасы туралы ақпарат берді. Ferrans and Powers сауалнамасында науқастардың өмір сүру сапасы индексінің орташа балы 24,5 құрады. Физикалық белсенділіктің төмендеуіне байланысты факторлар трансплантациядағы > 50 жас, әйел жынысы және бауырдың бастапқы ауруының қайталануы болды.

Short Form 36 version 2 сауалнамасында реципиенттердің физикалық қызметі төмендеген, бірақ қалыпты популяциямен салыстырғанда психикалық денсаулығының көрсеткіштері қалыпты. Тексеру кезінде жасы > 60 жас, әйел жынысы және трансплантациядан кейінгі асқынулар физикалық белсенділіктің төмендеуіне байланысты болды. Осылайша, бауыр трансплантациясынан кейін 10 немесе одан да көп жыл өткен соң науқастар әдетте жақсы өмір сүру сапасына ие, дегенмен физикалық жұмыс азаяды. Аурудың қайталануы және остеопороз сияқты трансплантациядан кейінгі мәселелердің шешімін табу ұзақ мерзімді өмір сапасын жақсартуға көмектеседі [179].

Бауыр ауруының терминалды сатысы - бауыр жеткіліксіздігі, әдетте ол қайтымсыз, ал бауыр трансплантациясы – бірден-бір емдеу әдісі. Денсаулық сақтау жүйелері ағзаларды бөлу бағдарламаларындағы түрлі қиындық-қысымдармен ұшырасады, бұл ағзалардың қолжетімділігінің шектелуіне және ағзаларды трансплантациялауға сұраныстың артуына байланысты. Бауыр трансплантациясымен айналысатын мамандандырылған орталықтар науқастарды олардың клиникалық жағдайына және бауыр трансплантациясын күту уақытына сәйкес бағдарлауы керек. Бауыр ауруының терминалды сатысы бар науқас үшін бауыр трансплантациясы және операциядан кейінгі кезең ауыр процедура болып қала береді, сондықтан пациенттер бауыр трансплантациясына физикалық және моральдық тұрғыдан мұқият дайындалуы керек.

## 2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру зерттеу жұмысының кезеңдерін әзірлеуді көздеді. Біз зерттеу жұмысының белгілі бір міндеттерін қамтитын 5 кезеңді қарастырдық.

Бірінші кезеңде бауыр трансплантациясы саласы бойынша отандық және әлемдік практикадағы озық жұмыстарға библиографиялық іздеу көзделді.

Екінші кезеңде міндеттерді жүзеге асыруға арналған зерттеу жұмысының құралдарын таңдау анықталды. Әрбір міндетке барынша сәйкес әдістер қарастырылды:

Екінші міндет бойынша бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың бірнеше негізгі мәселелерін және оның себептерін анықтайтын құрал-әдістерді енгіздік.

Үшінші міндет бойынша Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясын жасайтын орталықтардың тізімі анықталып және нәтижелерін жинау жүргізілді.

Төртінші міндет бойынша бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі кезеңдерде өмір сүру сапасын анықтау критерийлері белгіленіп, қандай науқастар арасында жүргізу ережелері бекітілді.

Үшінші кезеңде зерттеу жұмысын тікелей жүзеге асыру басталды:

1. ҚР бойынша бауыр ауруларының статистикасы және диспансерлік бақылау деңгейі анықтау. Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың негізгі мәселерін анықтадық. Қазіргі сәтте бауырдың терминалдық аурулары бар науқастардың статистикасы жүргізілмейді. Бауырдың терминалдық аурулары бар науқастардың болжалды санын білу үшін біз жол картасы бойынша В, Д және С вирустық гепатиттері бар науқастардың 2020 жылдың статистикалық деректерін қарастырдық. 2020 жылдың мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасы бойынша созылмалы вирусты гепатит В+Д және С диагнозымен амбулаторлық бақылаудағы және емдеудегі науқастарға талдау жүргіздік, олар жол картасы бойынша науқастардың тізіміне енгізілген.

2. Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың жоғарғы өлім жітім себептерін анықтадық және стационарлық ем алу қиындығының мәселерін анықтау мақсатында бауырдың терминалдық аурулары бар бір науқас үшін шығындарды анықтау мақсатында біз Чайлд-Пью класына байланысты салыстырмалы талдау жүргіздік, сондықтан науқастарды 3 топқа бөлдік: А класы - компенсацияланған, В класы - субкомпенсацияланған және С класы - декомпенсацияланған. Әдістері: науқастар стационарда орта есеппен 10 күн жатты.

3. Туыстық донорлардың бірден-бірі сәйкес келмегеннен, донор тапшылығының себептерін анықтау үшін 2018 жылмен 2020 жыл аралығында

донор ретінде тексеруден өткен 268 адамның тексеру нәтижелерін талдау жүргізіп, донорлардың қаншалықты іріктелетінін зерттедік.

4. Мәйіттік донорлардың тапшылығының себептерін анықтау үшін Қазақстан Республикасы халқының мәйіттік донор болуға дайындығын зерттедік. Зерттеу анонимді онлайн-сауалнама (Google Chrome платформасында сілтемесі) бойынша жүргізілді. Сауалнамаға 1176 адам қатысты, тұрғылықты жеріне байланысты өңірлерге бөлдік, ұлттына байланысты және дініне байланысты әртүрлі топтарға бөлдік.

5. 2011-2020 жылдар аралығындығы республикамыздағы 8 трансплантация орталықтарында орындалған бауыр трансплантациясының ұйымдастыру жұмыстарына талдауын жүргіздік. Оның ішінде 8 трансплантация орталықтарындағы құрал-жабдықтарының болының, Мультидисциплинарлық топтын болуының, трансплантацияларының нәтижелере бойынша талдауын жүргіздік.

6. Бауыр трансплантациясының түрлі кезеңдердегі нәтижелерін талдадық, мультидисциплинарлық команданың маңыздылығын анықтадық. 2 кезеңде талдау жүргіздік, ол мультидисциплинарлық команданың қалыптасқан кезі және қалыптаспаған кезің салыстырып талдау жүргіздік. 1 кезең 2011-2014 жылдары (мультидисциплинарлық команданың қалыптаспаған кезі), 2 кезең 2015-2019 жылдары (мультидисциплинарлық команданың қалыптасқан кезі). Жалпы 88 науқасқа талдау жасадық.

7. Туыстық бауыр трансплантациясынан кейінгі билиарлық асқынулардың көп болуына байланысты, асқынуларды коррекция жасау нәтижелерін талдадық және асқынуларды коррекция жасау үшін мультидисциплинарлық топтын маңыздылығын 2 кезеңде анықтадық. Бірінші кезең 2012-2016 жылдар (мультидисциплинарлық команданың қалыптаспаған кезі) аралығында, екінші кезең 2017-2020 жылдар (мультидисциплинарлық команданың қалыптасқан кезі) аралығында. Жалпы билиарлы асқынулары бар 24 науқасқа талдау жасадық.

8. Науқастардың бауыр трансплантациясынан дейінгі және кейінгі өмір сапасын бағалау мақсатында біз екі халықаралық құралды қолдандық: IPAQ физикалық белсенділік сауалнамасы және SF 36 сауалнамасы. 2017 жылғы 5 қаңтардан бастап 2019 жылғы 25 сәуір аралығында науқастардың бауыр трансплантациясынан дейінгі және кейінгі өмір сапасын зерттеуге 51 науқастың ішінен 33 (64,7%) науқас қатысты.

Келесі төртінші кезеңде зерттеу барысында алынған мәліметтерге статистикалық талдау жүргізілді.

Қорытынды бесінші кезеңде нәтижелер интерпретацияланды, тұжырымдар анықталды және практикалық нұсқаулықтар берілді.

Зерттеудің кезеңділігі туралы мәліметтер 3-суретте ұсынылған.





Сурет 3 – Зерттеу жұмысын жүргізу кезеңдері

Мәліметтерді жинау науқастарға сауалнама жүргізу және науқастардың бастапқы күйіндегі және 8 аптадан кейінгі (екі ай) белсенділігі туралы деректер жазылған журналды талдау арқылы жүргізілді.

Бауыр трансплантациясы бар науқастардың өмір сапасын бағалау халықаралық физикалық белсенділік сауалнамасын (The International Physical Activity Questionnaires - IPAQ), сондай-ақ SF 36 қолдану арқылы жүргізілді.

Науқастарды тарту: Зерттеу жұмысына қатыстыруға бауыр трансплантациясын алған 18-65 жас аралығындағы ересек науқастар қарастырылды. Науқастардан зерттеуге қатысу туралы алдын ала келісім алынды. Зерттеуге трансплантациядан соң стационарда 5 күннен артық қалған науқастар гепатологтың және/немесе трансплантолог-хирургтың келісімін алғаннан кейін қатысты.

Науқастарды алып тастау критерийлері:

- Белсенді инфекциялары барлар;
- Энцефалопатиясы немесе когнитивті дисфункциясы барлар;

– Күрделі аурулары барлар немесе амбулаторлық емдеуді қажет ететіндер.

Науқастарды шақыру емдеуші дәрігердің немесе докторанттың көмегі арқылы жүргізілді. Науқасқа зерттеу жұмысы мен процесі толық түсіндірілді, осы жұмыстың шеңберіндегі міндеттер түсіндірілді және оқу жұмыстары жүргізілді. Науқастарға зерттеу жұмысына қатысу толықтай ерікті түрде екені және егер олар қатысу туралы шешім қабылдаса, зерттеуден кез келген себеп бойынша кез келген уақытта шыға алатыны туралы ақпарат берілді. Науқастар өздерінің шешімі олардың операциядан кейінгі әдепкі көмек алуына ешқандай әсер етпейтіні туралы ақпарат алды. Жазбаша ақпараттық келісіммен әрбір науқас мұқият танысты. Оларға жазбаша ақпараттық келісіммен танысуға, өздерінің тілек-қалауларын анықтауға, сондай-ақ қосымша сұрақтар туындаса зерттеуге, кез келген сұрақты қоюға және зерттеу жұмысының міндеттері мен мүмкіндіктерін жан-жақты бағалауға үш тәулік берілді. Зерттеуге қатысушылар зерттеуге қатысты негізгі ақпарат туралы, оның ішінде ықтимал пайда және қатерлер жайлы толық мәлімет алды. Науқастар зерттеуге қатысуға келісім берген соң келісім бланкісіне қол қойды.

Кесте 7 - Зерттеудің міндеттеріне байланысты зерттеу әдістері және көлемі

Міндеттер	Зерттеу әдістері	Зерттеу көлемі
1	2	3
1. Бауыр трансплантациясы саласындағы отандық және халықаралық тәжірибені зерттеу: аурушаңдық динамикасын және бауыр ауруларының терминалды сатысының дамуының қауіп-қатер факторларын анықтау	Библиографиялық іздеу Ақпараттық-сараптамалық тарихи	-217 ғылыми әдебиет дереккөзі, -ресми статистикалық мәліметтер
2. Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың негізгі мәселерін анықтау	Ақпараттық-сараптамалық (есептік мәліметтерді талдау)	- Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың стационардағы ем алуының қиындықтарын анықтау - Күту парағындағы науқастардың өмір сүру ұзақтығының төмен болуы
	Мәліметтердің көшірмесі Әлеуметтік (сауалнама)	себептерін анықтау (n=516 науқас талдау) - Туыстық донорлықтың өзекті мәселелерін табу (n= 246 донорларды талдау ) - Мәйіттік донорлардың аз болу себептерін анықтау. Халықтың мәйіттік донорлық туралы пікірлерін зерттеу (n=1176)

<p>3. Қазақстан Республикасында бауыр трансплантациясын жасайтын медициналық мекемелердің нәтижелерін талдау</p>	<p>Ақпараттық-сараптамалық (есептік мәліметтерді талдау)</p>	<p>- ҚР бауыр трансплантациясы статистикасы (8 медициналық мекеменің мәліметтері) - операциядан кейінгі асқынуларды талдау, өлім-жітім көрсеткіштері - негізгі өзекті мәселелерді анықтау - мультидисциплинарлық топтың бауыр трансплантациясындағы маңыздылығын анықтау</p>
<p>4. Науқастардың бауыр трансплантациясынан кейінгі өмір сапасын бағалау. Респонденттердің БТ донорлығының түрлері туралы пікірлерін зерттеу.</p>	<p>Физикалық белсенділіктерді бағалаудың халықаралық шкаласы (The International Physical Activity Questionnaires - IPAQ), өмір сапасын бағалау құралы SF 36-сауалнамасы.</p>	<p>Физикалық белсенділікті бағалаудың халықаралық шкаласы арқылы бауыр трансплантациясын өткерген 33 науқасты бағалау;  - БТ-сы бар науқастардың өмір сапасын операцияға дейінгі және кейінгі кезеңде салыстырмалы талдау жүргізу</p>
<p>5. Науқастарға бауыр трансплантациясынан кейінгі интеграцияланған көмекті ұйымдастыруды жетілдіру бойынша нұсқаулықтар әзірлеу.</p>	<p>Ақпараттық-сараптамалық тарихи</p>	<p>- Нәтижелерді интерпретациялау, - Тұжырымдарды және практикалық нұсқауларды қорытындылау; - Науқастарға бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі интеграцияланған көмекті ұйымдастыруды жетілдіру бойынша нұсқаулықтар әзірлеу және енгізу</p>

## **Мәліметтерді жинау және талдау**

2017 жылғы 5 қаңтардан бастап 2019 жылғы 25 сәуір аралығында зерттеуге қатысушылар (науқастар) жинақталды және мәліметтер жиналды. Жыныс, жас туралы ақпараттарды қоса алғанда, демографиялық ақпарат зерттеудің басында жиналды. Бауыр ауруының терминалды сатысын бағалау моделі (Model for End-Stage Liver Disease- MELD) трансплантация кезінде қолданылды, сондай-ақ трансплантацияға диагноз/көрсеткіштер, жанама аурулар және ауруханада болу ұзақтығы анықталды. Екі сауалнама бойынша (SF -36 және IPAQ) деректерді жинау бауыр трансплантациясын жасағанға дейін және одан кейін 8 аптадан соң жүргізілді.

## **Нәтижелерді интерпретациялау**

IPAQ сауалнамасы – метаболикалық эквивалентті есептеуге көмектесетін тармақтан тұратын, кең қолданыстағы құрал (Metabolic Equivalent - MET) (Masala et al., 2012). Басқа өзіндік сауалнамалармен салыстырғанда, көптеген елдерде бұл сауалнама өзінің сенімділігімен және нақтылығымен басымдыққа ие (Craig et al., 2003). IPAQ сауалнамасы ТМД елдерінде бейімделген, және орыс тіліне аударылған нұсқасы бекітілген.

Ол алдыңғы апта ішінде белсенділікпен (VA), бірқалыпты белсенділікпен (MA) және серуендеу белсенділігімен (W) өткізілген минуттар мен күндер туралы сұрақтарды қамтиды.

MET мынадай сипатта есептеледі:

$$\text{MET} = 8 * \text{VA} (\text{d} * \text{min}) + 4 * \text{MA} (\text{d} * \text{min}) + 3,3 \text{W} (\text{d} * \text{min}).$$

Бұл құрал бойынша бағалау базалық бағалау ретінде қолданылды. Сондай-ақ науқастарға өзінің ағымдағы өмір сапасы туралы ойлану ұсынылды: «осы уақыттағы өзіңіздің өмір сапаңыз туралы 0-10 шкаласы бойынша не айтар едіңіз?». Бұл сұрақтың жауабы IPAQ сауалнамасының қосымшасында жазылған.

Денсаулық сапасы сұрақтары бойынша қысқаша сауалнама (SF-36) 36 тармақтан тұрады, және денсаулыққа байланысты өмір сапасын бағалауға арналған ең танымал құрал деп есептеледі. «SF-36 денсаулық сауалнамасы» терминін қолдану арқылы PubMed іздеу 9722 элементті анықтады. 36 тармақтан тұратын қысқаша сауалнама (SF-36) – жиі қолданылатын, жақсы зерттелген, денсаулықты өзіндік бағалау шарасы. Бұл «Медициналық нәтижелерді зерттеу» деп аталатын зерттеуден шығады [180].

Ол сегіз денсаулық саласын қамтитын 36 сұрақтан тұрады [181]:

1) Денсаулыққа қатысты мәселелерге байланысты физикалық белсенділіктегі шектеулер.

2) Физикалық немесе эмоционалдық мәселелерге байланысты әлеуметтік қызметтегі шектеулер.

3) Денсаулыққа қатысты мәселелерге байланысты күнделікті рөлдік қызметтегі шектеулер.

4) Дене ауруы.

5) Жалпы психикалық денсаулық (психологиялық ауытқу және саулық).

6) Эмоционалдық мәселелерге байланысты күнделікті рөлдік қызметтегі шектеулер.

7) Өмірге қабілеттілік (энергия және шаршау).

8) Денсаулықты жалпы қабылдау.

SF-36 көп жағдайда адамның немесе халықтың (QOL) өмір сапасының көрсеткіші ретінде жиі пайдаланылады.

SF-36 сауалнамасы ТМД елдерінде бейімделген, және орыс тіліне аударылған нұсқасы бекітілген.

Науқастарға немесе жеке тұлғаларға сауалнаманы өздігінен толтыру (белгі кою) ұсынылады, сосын оны дәрігер немесе зерттеуші бағалайды. SF-36 лицензияланған өнім, оны пайдалану тегін. Онлайн әрі тегін сипатта қолжетімді (www. Rand). Пайдаланушылар қандай нұсқаны пайдаланатынын құжаттандыруы және сәйкес бағалау жүйесін пайдалануы керек.

Түрлі домендерге арналған баллдар QOL төменгі және жоғарғы диапазонын көрсететін жалпы баллды алу үшін бағалау кілтін пайдалану арқылы конвертацияланады және біріктіріледі.

Компоненттерді талдау SF-36 екі түрлі концепцияны өлшейтінін көрсетті: физикалық компоненттердің жиынтығында ұсынылған физикалық өлшем (PCS), және интеллектуалдық компоненттердің жиынтығында ұсынылған менталды өлшем (MCS). Шкалалардың барлығы PCS және MCS бағаларын бағалау үшін түрлі пропорцияда өз үлесін қосады [182]. Өндірушілердің айтуынша, денсаулыққа байланысты өмір сапасының жалпы көрсеткішін алу үшін SF-36 екі жиынтық шамасын әрдайым біріктіру міндетті емес [183]. Бұған қарамастан, кейбір зерттеушілер осындай шамаларды қате экстраполяциялауды және пайдалануды жалғастырып келеді. Осылайша әрбір компонентті жеке-жеке интерпретациялауға болады.

Сипаттамалы статистика есептеулерді, жиіліктерді, пайыздарды, орташа мәндерді және стандартты ауытқуды (SD - standard deviation) қамтыды. Шындыққа қатысты критерий,  $p < 0,01$ . IPAQ және QOL көрсеткіштерін салыстыру бастапқы деңгейде және сегіз аптадан кейін рангтың жұп мәндерінің сәйкестігіне Уилкоксон тестін пайдалану арқылы жүргізілді. Бұл параметрлік емес тест әдетте кең таралмаған баллдар мен іріктеулердің мөлшері аз болуына байланысты пайдаланылды.

Жалпы қабылданған статистикалық әдістеме бойынша пациенттерді тексеру кезінде алынған деректер жиыны параметрлік және параметрлік емес статистиканың заманауи әдістерін қолдана отырып, GraphPad Prism 8 (GraphPad Software, Сан-Диего, Калифорния, АҚШ) және SPSS (Statistical Package for the Social Sciences) статистикалық бағдарламаларын пайдалана отырып, дербес компьютерде өңделді және есептелді. Барлық үздіксіз айнымалылар орташа±стандартты ауытқу ретінде ұсынылды. Барлық категориялық айнымалылар жиілік түрінде ұсынылды (пайызбен). Екі топ арасындағы өлшенетін айнымалылардағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын тексеру үшін студенттің t-критерийі қолданылды. Егер шамалардың өзгеруі кез-келген айнымалы үшін жоғары болса, Манн Уитни

критерийі қолданылды. Зерттелетін екі топ арасындағы сапалық деректер айырмашылығының статистикалық маңыздылығын тексеру үшін Фишердің нақты өлшемі қолданылды. Пациенттердің өмір сүру деңгейін бағалау Каплан-Мейер әдісі арқылы жүргізілді.

Осы зерттеуді жүргізуге рұқсат «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖЭК-тан алынды.

### **3 БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫН ҚАЖЕТ ЕТЕТІН НАУҚАСТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

#### **3.1 БАУЫР АУРУЛАРЫ БАР НАУҚАСТАРДЫҢ АУРУШАҢДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ДИСПАНСЕРЛІК ҚАМТЫЛУЫ**

Соңғы он жылдықтағы медицина ғылымының дамуы денсаулық сақтау саласының ең тиімді технологияларын енгізуге мүмкіндік берді, мұның шеңберінде ғылыми білім саласындағы негізгі жетістіктер – бауыр ауруларының жалпы және сирек жағдайларын систематикалық жүргізу болып саналады. Алайда, емдеуге келмейтін (мысалы, бауыр циррозы және қатерлі ісігі) кейбір аурулар санатының тұрақтылығы және кең таралуының клиникалық көрінісіне қарама-қайшы шешімін таппаған мәселелер бар.

#### **3.2 Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша бауыр ауруларының таралу эпидемиологиясы**

Біз 2017-2019 жж. кезеңі ішіндегі үш нозология бойынша аурушаңдыққа талдау жүргіздік. Зерттеу жүргізілген барлық жылдарда 100 мың халыққа аурудың таралу үлесі бауыр фиброзы және циррозымен байланысты, содан кейін бауырдың майлы дегенерациясы және бауырдың уытты зақымдалуы байқалады (8-кесте).

Бауырдың уытты зақымдалуына байланысты аурушаңдықты талдау кезінде үш жыл бойынша ел ішінде бірқалыпты таралу айқындалды. Өңірлік үлестірім 2017-2019 ж. Жамбыл облысында (17,1, 16,9 және 16,8), Алматы қ. (14,9; 15,2; 1,56), Павлодар облысында (13,7;1,31;1,27), Қостанай облысында (11,1; 10,7;1,04) тіркелген жағдайлар санының көп екенін көрсетті. Сәйкесінше, Алматы қ. басқа өңірлердің барлығында аурудың таралуы артқаны байқалады, ал Алматы қ. аурушаңдық шамалы төмендеген. Тіркелген аурушаңдық жағдайының төмен деңгейі Шымкент қ. (0,2; 0,1; 0,1), Нұр-Сұлтан қ. (0,5; 0,4; 0,4), сондай-ақ Алматы облысында (0,5; 0,3; 0,3) байқалады.

Бауырдың жіті жеткіліксіздігі (бұдан әрі - БЖЖ) бауырдың уытты, вирустық, аутоиммундық немесе, кейбір жағдайларда тұқым қуалайтын ауруларының салдарынан туындауы мүмкін. Еуропада, Солтүстік Америкада және Жапонияда БЖЖ-ның кең таралған себептері – бауырдың дәрілік зақымдалуы, жіті вирусты гепатит және криптогендік бауыр жеткіліксіздігі [184-186]. Батыс елдерінде БЖЖ-ның кең таралған себептері – гепатотоксикалық дәрілерді қабылдау және жіті вирусты гепатит. БЖЖ-ның


ықтимал себептері ретінде сипатталған гепатотоксикалық дәрілік заттар: ацетаминофен, фенпрокумон, ибупрофен, диклофенак, амоксициллин, ципрофлоксацин, левофлоксацин, триметоприм / сульфаметоксазол, нитрофурантоин және карбамазепин. Сонымен қатар шөп дәрілер, тағамдық қоспалар, экстаздар да БЖЖ-ны туындатуы мүмкін. Науқастардың басым бөлігінде БЖЖ себебі анық емес болып отыр (криптогенді БЖЖ) [187].

8-кесте – 2017-2019 жж. аралығындағы кезеңде Қазақстан өңірлеріндегі үш нозология бойынша ауру көрсеткіштері (10 000 адамға шаққанда)

Өңір	2019 ж.			2018 ж.			2017 ж.		
	бауырдың уытты зақымдалуы	Бауыр фиброзы және циррозы	Бауырдың майлы дегенерациясы	бауырдың уытты зақымдалуы	Бауыр фиброзы және циррозы	Бауырдың майлы дегенерациясы	бауырдың уытты зақымдалуы	Бауыр фиброзы және циррозы	Бауырдың майлы дегенерациясы
Қазақстан Республикасы	5,0	94,0	21,0	5,0	97,0	21,0	5,0	98,0	21,0
Ақмола	2,0	56,0	16,0	1,0	55,0	15,0	1,0	55,0	15,0
Ақтөбе	3,0	69,0	10,0	3,0	69,0	10,0	3,0	69,0	10,0
Алматы		48,0	9,0	0,0	48,0	9,0	0,0	48,0	9,0
Атырау	7,0	56,0	11,0	6,0	56,0	10,0	6,0	57,0	10,0
Батыс Қазақстан	1,0	77,0	0,0	1,0	77,0	0,0	1,0	77,0	0,0
Жамбыл	17,0	315,0	40,0	17,0	317,0	40,0	17,0	316,0	40,0
Қарағанды	6,0	46,0	8,0	6,0	46,0	8,0	6,0	45,0	8,0
Қостанай	11,0	40,0	8,0	11,0	39,0	8,0	10,0	39,0	8,0
Қызылорда	2,0	78,0	9,0	1,0	78,0	9,0	1,0	79,0	8,0
Маңғыстау	3,0	131,0	15,0	2,0	132,0	15,0	2,0	135,0	15,0
Павлодар	14,0	123,0	71,0	13,0	120,0	71,0	13,0	119,0	70,0
Солтүстік Қазақстан	2,0	95,0	25,0	1,0	163,0	25,0	1,0	161,0	24,0
Түркістан	30,0	860,0	50,0	20,0	850,0	4,0	2,0	86,0	4,0
Шығыс Қазақстан	20,0	620,0	150,0	20,0	610,0	15,0	1,0	61,0	14,0
Нұр-Сұлтан қ.	0,0	660,0	350,0	0,0	690,0	36,0	0,0	73,0	38,0
Алматы қ.	150,0	1300,0	580,0	150,0	1330,0	58,0	16,0	137,0	60,0
Шымкент қ.	0,0	1330,0	160,0	0,0	1400,0	17,0	0,0	146,0	18,0




4 және 5 суреттерде барлық облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша 2017-2019 жж. кезеңі ішіндегі аурулардың көрсеткіштері туралы ақпарат ұсынылған.



4-сурет – Өңірлер бойынша 2017-2019 жылдар кезеңі ішіндегі «Бауырдың уытты зақымдалуы» ауруының көрсеткіштері

100 мың халыққа шаққандағы бауыр циррозы мен фиброзына шалдығу деңгейі Қазақстан Республикасы бойынша 2017 ж. 97,9-дан 2019 ж. 94,3-ке дейін төмендегенін көрсетті




5-сурет – Өңірлер бойынша 2017-2019 жылдар кезеңі ішіндегі бауыр циррозы және фиброзы ауруларының көрсеткіштері

Өңірлер бойынша көрсеткіштер айтарлықтай мәндерге түрленеді. Мысалы, аурушаңдықтың 2019, 2018, 2017 жылдардағы жоғары көрсеткіші Жамбыл облысында (314,5; 316,6; 316,4) анықталды, Маңғыстау облысындағы (13,09; 132,4; 135,5), Шымкент қ. (133,4; 140,2; 146,1), Алматы қ. (130,1; 133,5; 137,1) көрсеткіш екі есе төмен.

2019, 2018, 2017 жылдардағы тіркелген жағдайлардың төмен көрсеткіші Қарағанды облысында (45,8; 45,6; 45,4;) және Алматы облысында (47,8; 48,0; 48,5) (6-сурет) анықталған.

2019, 2018, 2017 жылдардағы бауырдың майлы дегенерациясы Павлодар облысында (71,5; 70,9; 70,4), Алматы қ. (58,1; 58,5; 59,9), Жамбыл облысында (39,5; 39,7; 39,5) және Нұр-Сұлтан қ. (34,8; 36,0; 37,9) көп тіркелген. Бауырдың майлы дегенерациясы жағдайлары зерттелген барлық аймақтар бойынша 0,2 көрсеткішімен Батыс Қазақстан облысында және Түркістан облысында (4,7; 4,3; 4,2) (6-сурет) аз тіркелген.




6-сурет - Өңірлер бойынша 2017-2019 жылдар кезеңі ішіндегі «Бауырдың майлы дегенерациясы» ауруының көрсеткіштері

100 мың халыққа шаққандағы өмірінде алғаш рет қойылған диагноз көрсеткіштері 2019, 2018, 2017 жылдар арасында бауыр циррозы мен фиброзы (барлық зерттелген жылдарда 26,0), бауырдың майлы дегенерациясы (9,0; 8,0; 8,0) және бауырдың уытты зақымдалуы (барлық зерттелген жылдарда 2,0) басым.


7-суретте барлық облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша 2017-2019 жж. кезеңі ішінде бірінші рет диагноз қойылған бауыр аурулары туралы мәліметтер ұсынылған.

Бауырдың уытты зақымдалуы нозологиясының бірінші рет тіркелген жағдайларының жоғары көрсеткіші 2019, 2018, 2017 жылдар арасында Жамбыл облысында (7,0; 7,0; 6,0), Павлодар облысында (барлық зерттелген жылдарда 6,0) және Алматы қ. (барлық зерттелген жылдарда 5,0) анықталды. Шымкент қ. Солтүстік Қазақстан облысы, Маңғыстау облысы және Алматы облысы бойынша деректер жоқ.



7-сурет – 2017-2019 жылдар ішінде бірінші рет қойылған «Бауырдың уытты зақымдалуы» диагнозы туралы мәліметтер


8-суретте барлық облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша 2017-2019 жж. кезеңі ішінде бірінші рет қойылған «Бауыр фиброзы» және «Бауыр циррозы» диагноздары туралы мәліметтер ұсынылған.



8-сурет – 2017-2019 жылдар ішінде бірінші рет қойылған «Бауыр фиброзы» және «Бауыр циррозы» диагнозы туралы мәліметтер

ҚР бойынша алғаш рет қойылған бауыр циррозы және фиброзы диагнозын анықтау 2019, 2018, 2017 жылдар арасында (26,4; 26,4; 26,5;) құрады. Жоғары көрсеткіш 2019, 2018, 2017 жылдар арасында Жамбыл облысында (156,9; 157,6; 157,7), екі есе төмен көрсеткіш Павлодар облысында (65,7; 65,0; 64,6), бұдан екі есе төмен көрсеткіш Шымкент қ. (32,8; 34,6; 35,0) байқалған.

ҚР бойынша бауырдың майлы дегенерациясы нозологиясына қатысты 100 мың халыққа шаққанда 2017 жылы – 8,2, 2018 жылы – 8,3 және 2019 жылы – 8,5 құрады. Бірінші рет диагнозы қойылған жағдайлардың жоғары деңгейі 2019, 2018, 2017 жылдар арасында Павлодар облысында (46,7; 46,2; 45,8), Алматы қ. (21,6; 21,7; 22,2) және Жамбыл облысында (19,5; 19,4; 19,3) байқалды. Батыс Қазақстан өңірі бойынша көрсеткіштер жоқ. Бірінші рет диагнозы қойылған жағдайлардың төмен деңгейі 2019, 2018, 2017 жылдар арасында Солтүстік Қазақстанда (1,8; 1,4; 1,2) және Түркістан облысында (1,8; 1,7; 1,6;) (сурет 9) анықталды.



9-сурет – 2017-2019 жылдар ішінде алғаш рет қойылған «Бауырдың майлы дегенерациясы» диагнозы туралы мәліметтер

Осылайша барлық үш нозология бойынша аурушандықтың жоғары деңгейі Жамбыл облысында, Алматы қ. және Павлодар облысында анықталды, бұл өңірлерде бауырдың уытты зақымдалуы және бауырдың майлы дегенерациясы басым.

Нұр-Сұлтан қаласында бауырдың майлы дегенерациясы бауырдың уытты зақымдалуына карағанда 5-ке басым. Алайда өңірлер бойынша көрсеткіштердегі күрт өзгерістер көрсеткіштерде қателіктердің болуы туралы күдік тудырады. 100 мың халыққа шаққандағы алғаш рет қойылған көрсеткіштердің арасында бауыр циррозы мен фиброзы (барлық зерттелген жылдарда 26,0), бауырдың майлы дегенерациясы (9,0-2019ж, 8,0-2018ж, 8,0-2017ж), бауырдың уытты зақымдалуы (барлық зерттелген жылдарда 2,0) басым. Бауыр нозологияларының бірінші рет тіркелген жағдайларының жоғары көрсеткіші Жамбыл және Павлодар облыстарында байқалады.


### 3.3 Бауыр аурулары бар науқастарды диспансерлік бақылау

Бауыр аурулары бойынша диспансерлік топтарды (науқастар – бауыр трансплантациясының әлеуетті үміткерлері) талдау кезінде, біз 2017-2019 жылдар кезеңі ішіндегі диспансерлік тіркеудегі науқастар арасында болды.

Бауырдың уытты зақымдалуына байланысты тіркелген жағдайлар санынан, барлық зерттеу жылдарындағы диспансерлік топтың жоғары қамтуы Батыс Қазақстан облысында 88,9%, 85,7% және 80,0%, Алматы облысында 60,0%, 57,1% және 80,0% байқалған, сондай-ақ Алматы облысында басқа жылдармен салыстырғанда 2017 жылғы қамту деңгейі жоғары болған.


Диспансерлік тіркеудің көрсеткіштері 2017 жылмен салыстырғанда 2019 жылы мына өңірлерде жақсарды: Атырау облысында 10,4%-ға, Жамбыл облысында 2,6%-ға, Қарағанды облысында 2,9%-ға, Қостанайда 1,6%-ға, Солтүстік Қазақстан облысында 35,6%-ға, Түркістан облысында 8,4%-ға, Шығыс Қазақстан облысында 12,8%-ға, және Алматы қ. 1,3%-ға.

Теріс динамика Ақмола облысында 29,2%, Ақтөбе облысында, Қызылорда 12,7% және Павлодар 4,2% облыстарында және Нұр-Сұлтан қ. 10,0% анықталды. Маңғыстау облысында 2019 жылы алғаш рет диспансерлік тіркеу басталды және қамту 16,7%-ды құрады (сурет 10).



Сурет 10 – Өңірлер бойынша 2017-2019 жылдар ішіндегі «Бауырдың уытты зақымдалуы» нозологиясы бар науқастарды диспансерлік қамту туралы мәліметтер


Зерттелетін барлық жылдардағы диспансерлік қамту 50,0%-дан жоғары. БҚО-да 2017 ж. 77,4%-дан 2019 ж. 78,4%-ға дейін, Қарағанды облысында 67,7%-дан 68,3%-ға дейін және Шығыс Қазақстан облысында 50,1%-дан 50,2%-ға дейін өсті. 20%-дан төмен диспансерлік қамту Қазақстанның үш өңірінде байқалады: Маңғыстау облысында 16,6%-дан 16,9%-ға дейін өсті, Павлодар облысында 15,5%-дан 15,4%-ға дейін төмендеді және Алматы қ. 2019 ж. 13,1% шегінде. Басқа өңірлерде көрсеткіш 20-50% арасында түрленеді (сурет 11).



Сурет 11 – Өңірлер бойынша 2017-2019 жылдар ішіндегі «Бауыр циррозы» және «Бауыр фиброзы» нозологиялары бар науқастарды диспансерлік қамту туралы мәліметтер

Өңірлер бойынша бауырдың майлы дегенерациясынан зардап шегетін науқастардың диспансерлік қамтуы бойынша ең жақсы көрсеткіш Атырау облысында 2017ж - 58,7% және 2019ж-59,4%, Түркістан облысында 2017ж-20,1% және 2019ж - 31,2%, Шығыс Қазақстан облысында 2017ж - 16,6% және 2019ж - 18,4% байқалғанын көрсетеді. Қалған өңірлерде бұл көрсеткіш 15%-дан төмен. Батыс Қазақстан облысы бойынша деректер жоқ (сурет 12).





12-сурет – Өңірлер бойынша 2017-2019 жылдар ішіндегі «Бауырдың майлы дегенерациясы» нозологиясы бар науқастарды диспансерлік қамту туралы мәліметтер

Осылайша, бауыр ауруларынан зардап шегетін науқастардың диспансерлік тіркеуін талдау барлық үш нозология бойынша өңірлердің барлығында осы жұмысты күшейту қажеттілігін анық көрсетеді. Екі нозология бойынша ең жақсы мәліметтер БҚО-да көрсетілген, алайда бауырдың майлы дегенерациясы бойынша деректер жоқ. Кейбір өңірлерде ғана бауырдың уытты зақымдалуына байланысты 50%-дан жоғары қамту байқалады: БҚО-дан кейін бауыр циррозы және фиброзы бойынша Алматы облысында 60,0%, Қарағанды облысында 67,7% және ШҚО 50,1%, бауырдың майлы дегенерациясы бойынша Атырау облысында 59,4%.



### 3.4 Қазақстан Республикасы бойынша бауыр циррозы бар науқастардың статистикасы

Қазіргі сәтте бауырдың терминалдық аурулары бар науқастардың статистикасы жүргізілмейді. Бауырдың терминалдық аурулары бар науқастардың болжалды санын білу үшін біз жол картасы бойынша В, Д және С вирустық гепатиттері бар науқастардың 2020 жылдың статистикалық деректерін сұраттық.

2020 жылдың мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасы бойынша созылмалы вирусты гепатит В+Д және С диагнозымен амбулаторлық бақылаудағы және емдеудегі науқастарға талдау жүргіздік, олар жол картасы бойынша науқастардың тізіміне енгізілген. Бүгінгі таңда елімізде F0-F4 фиброзының созылмалы вирустық гепатиті бар 53789 жағдай тіркелген. Оның ішінде бауыр циррозының (F4) 20983 жағдайы тіркелген, бұл 39 %-ды құрайды.

Сондай-ақ 2020 ж. мәліметтер бойынша еліміздің оңтүстік өңірінде созылмалы вирустық гепатиттері (В, Д және С) бар науқастарға статистикалық талдау жүргізілді (кесте 9). Науқастардың ең көп саны Алматы қаласында тіркелген (6196), оның 11,9% - ында бауыр циррозы бар. Екінші орында Түркістан облысы – 4500 науқас, бауыр фиброзының ақырғы сатысы 500 (11,1%) науқаста тіркелген. Ең азы Республикамыздың оңтүстік аймағының арасында Жамбыл облысында 2415 науқас тіркелді, соның ішінде 9,5%-ы бауыр циррозға шалдыққан. Созылмалы вирусты гепатит В+Д таралуы Қызылорда облысында (74,9%) және Түркістан облысында (63,3%) ең көп жағдайда байқалса, ал Алматы облысында (38,2%) ең төменгі көрсеткіш анықталды. Созылмалы вирустық гепатиті бар науқастарда бауыр циррозының дамуы өңірлерге байланысты даму көрсеткіші 7,4%-дан 11,8%-ға дейін анықталды.

Кесте 9 - 2020 жылғы мәліметтер бойынша Республикамыздың оңтүстік аймағының созылмалы вирусты гепатит В+Д және С диагнозымен амбулаторлық бақылаудағы және емдеудегі науқастар жайлы мәліметтері

ҚР-ның облыстары мен республикалық дәрежедегі қалалары	созылмалы вирусты (В+Д және С) гепатиттері диагнозымен амбулаторлық бақылаудағы науқастар жалпы саны	Бауыр фиброзы тіркелген науқастардың саны (F0-F3)	Бауыр циррозы тіркелген науқастардың саны (F4)	Созылмалы С вирустық гепатиті бар науқастардың саны	Созылмалы В+Д вирустық гепатиті бар науқастардың саны
1	2	3	4	5	6
Алматы облысы	3004	2783 (92,6%)	221 (7,4%)	1316 (43,8%)	1688 (56,2%)
Қызылорда облысы	2743	-	-	688 (25,1%)	2055 (74,9%)

9 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

Кесте 14 - 2020 жылғы онлайн сауалнама деректері бойынша тұратын өңіріне байланысты қатысушылардың ұлттары


Ұлты	Солтүстік өңір	Батыс өңір	Шығыс өңір	Оңтүстік өңір
Қазақ	158 (68,3%)	244 (91,3%)	298 (77%)	229 (82%)
Орыс	37 (16%)	12 (4,4%)	38 (9,8%)	12 (4,3%)
Басқа	36 (15,7%)	11 (4,3%)	51 (13,2%)	38 (13,5%)
Барлығы	231	267	387	279

Сондай-ақ қатысушылардың ұлтына байланысты мәйіттік донорлыққа келісімді ескерсек, 943 қатысушының ішінен қазақ халқының тек 37,6%-ы келіседі, 55,9%-ы бас тартады және 6,3%-ы күмәнданады. Орыстардан 128



қатысушының 46,8%-ы келіседі, 47,6%-ы бас тартады және 5,4%-ы күмәнданады. Басқа ұлттардың тек 29,5%-ы келіседі, 64,7%-ы бас тартады, 5,7%-ы күмәнданады (кесте 12).

Сауалнама нәтижесінде мәйіттік донорлыққа келісімнің 46,8%-ы орыстарда байқалды. Халықтың басым бөлігін құрайтын қазақтардың бар болғаны 37,6%-ы ғана мәйіттік донорлыққа келісті (сурет 28).



Сурет 28 – 2020 жылғы онлайн сауалнама деректері бойынша қатысушылар ұлты бойынша мәйіттік донорлыққа келісімі

Кесте 15 - 2020 жылғы онлайн сауалнама деректері бойынша қатысушылардың ұлтына байланысты мәйіттік донорлыққа келісім

Ұлты	Келіседі	Келіспейді	Күмәнданды	Барлығы
Қазақ	355 (37,6%)	528 (55,9%)	60 (6,3%)	943
Орыс	60 (46,8%)	61 (47,6%)	7 (5,4%)	128
Басқа	31 (29,5%)	68 (64,7%)	6 (5,7%)	105


Қатысушылардың сауалнамасы барысында дінді анықтау кезінде 1176 қатысушының көпшілігі ислам дінін ұстанушылар екені белгілі болды.

Қатысушылардың жауаптарының дінге тәуелділігін ескере отырып, сұралғандардың 82%-ын құрайтын 971 мұсылманның тек 343-і (35,3%) мәйіттік донор болуға келісетіні анықталды, қатысушылардың 585-і (60,2%) мәйіттік донорлықтан бас тартты және 43-і (4,4%) осы сұраққа біржақты жауап беруге қиналды.

Христиандық сенім бойынша сауалнамаға қатысқандардың жалпы саны 129 (10%) адамды құрады, тек 59 (45,7%) қатысушы мәйіттік донор болуға

келісті, 62 (48%) қатысушы мәйіттік донорлықтан бас тартты және 8 (6,2%) қатысушы бұл сұраққа жауап беруге күмәнданды.

Талдау нәтижесінде христиан және басқа діндерден сұралғандар көп жағдайда мәйіттік донорлыққа тиісінше 45,7% және 55,2% келіскені анықталды. Ислам дініндегі қатысушылардың тек 35,3%-ы мәйіттік донорлыққа келісті (сурет 29).



Сурет 29 – 2020 жылғы онлайн сауалнама деректері бойынша діни көзқарасына байланысты сауалнама қатысушыларының мәйіттік донорлыққа көзқарасы


Сауалнама барысында біз қатысушыларға мәйіттік 1 донор 5-тен 7-ге дейін адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін екенін хабарладық. Сауалнамаға қатысқан 1176 қатысушының 455-і (38,7%) осы ақпаратты білетіні, ал 64 (54,8%) қатысушы бұл ақпаратты білмейтіні анықталды.

Мәйіттік 1 донор 5-тен 7-ге дейін адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін екені туралы ақпарат сұралған қатысушылардың мәйіттік донор болу туралы пікірін өзгерте алды. Бұрын мәйіттік донорлықтан бас тартқан 645 (54,8%) қатысушының 83-і (12,9%) өз пікірлерін өзгертіп, мәйіттік донорлыққа келісті. Бұрын осы сұраққа жауап беруге күмәнданған 76 (6,5%) қатысушының ішінен өз пікірлерін өзгертіп, 36 (47,4%) қатысушы мәйіттік донорлыққа келісті (кесте 16).

Кесте 16 - 2020 жылғы онлайн сауалнама деректері бойынша ақпарат алғаннан кейін мәйіттік донорлыққа келісім

	N	Ақпарат алғаннан кейін келіскендер	Барлығы
Жоқ	645 (54.8%)	83 (12.9%)	562
Күмәнді	76 (6.5%)	36 (47.4%)	40

Ағзаларды трансплантациялау туралы ҚР Заңына сәйкес, бас миының өлімі расталғаннан кейін жұбайының (зайыбының) немесе жақын туысының мәйіттік донор болуға келісімі туралы ақпарат алған соң, сауалнамаға қатысқан 1176 қатысушы мәйіттік донорлықтан бас тартпаса, 426 (36,2%) жағдайда жұбайының немесе жақын туысының мәйіттік донорлығына келісім беруге дайын болса, 601 (51.1%) қатысушы жұбайының немесе жақын туысының мәйіттік донорлығына келісім беруден бас тартты, 149 (12.7%) бұл сұраққа жауап беруге күмәнданды (сурет 30).



Сурет 30 - 2020 жылғы онлайн сауалнама деректері бойынша жұбайының немесе жақын туысының мәйіттік донорлыққа келісімі

Сонымен қатар біз мәйіттік донорлықтан бас тартудың негізгі себептерін анықтауға тырыстық: 556 (86,3%) қатысушы себебін көрсетпеді, 52 (8%) қатысушы діни себептерге байланысты бас тартты, 24 (3,7%) қатысушы бас тартудың себебін елдегі сыбайлас жемқорлық пен денсаулық сақтау саласына сенімсіздік деп көрсетті, 13 (2%) бас тарту себебін денсаулыққа қатысты мәселелер деп көрсетті.

Жүргізілген сауалнама нәтижелерін қарастыра отырып, біздің Республикамыздың халқы мәйіттік ағзалардың донорлары болуға әлі толық дайын емес екенін атап өтуге болады. Басқа елдермен салыстырғанда, бізде халықтың мәйіттік донорлыққа дайындық көрсеткіші өте төмен.

Халықтың елде жүргізіліп жатқан трансплантациялау туралы (84%) және тиісінше ағзаларды трансплантациялау туралы Заң туралы (60,6%) жеткіліксіз хабардарлығы байқалады.

Мәйіттік 1 донор 5-тен 7-ге дейін адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін екені туралы ақпарат беру бұрын қатысудан бас тартқан қатысушылардың

12,9%-ының пікірін өзгерте алды, бұрын мәйіттік донор болуға күмәнданған қатысушылардың 47,4%-ы Қазақстанда мәйіттік донорлық мәселесі туралы халықтың төмен хабардарлығын көрсетеді. Елде ағзаларды трансплантациялау туралы халықтың жеткілікті хабардар болмауы - халықтың мәйіттік донорлыққа төмен дайындығын көрсетеді.

Уақыт өте келе елдің әр өңіріндегі түрлі ұлт өкілдері, дәстүрлері, діндері әр өңір халқының түрлі менталитетін, сондай-ақ халықтың әртүрлі проблемалар туралы түрлі көзқарастарын қалыптастырды, бұл мәйіттік донор болуға дайындықтың айтарлықтай айырмашылығын көрсетеді.

Осы факторлардың барлығын ескерсек, сауалнамаға қатысушылардан ел халқының тек 36%-ы мәйіттік донор болуға дайын. Бұл негізінен елдің солтүстік аймағының тұрғындары, олардың көпшілігі мәйіттік донор болуға келіседі – орыс ұлтының тұрғындары (46,8%), бұл елдің солтүстік аймағындағы халықтың 16%-ын құрайды және 45,7%-ы христиан дінін ұстанады. Солтүстік аймақ тұрғындары мен басқа аймақтар арасындағы статистикалық айырмашылық 0,02-ден аз болды.

Сондай-ақ, мәйіттік донорлықтан бас тарту себептеріне халықтың мемлекетіміздің медицина саласына деген сенімсіздігін, елдегі сыбайлас жемқорлық әрекеттерін, әртүрлі дереккөздердегі күмәнді ақпаратты жатқызуға болады, бұл халықтың медицина қызметкерлері әрекеттерінің айқындығы мен ашықтығына күмәнін тудырады, соның салдарынан мәйіттік донорлықтан бас тартуға түрткі болады.

Денсаулық сақтау құрылымындағы медициналық мекемелерде мәйіттік ықтимал донордың пайда болуы туралы уақытылы хабарламалардың маңызы зор. Бұл еліміздегі үйлестіру орталығының әрекет ету жылдамдығына, ағзаларды тексеру және алу үшін бригаданы ұйымдастыруға, ірі трансплантация орталықтарында ағзаларды одан әрі трансплантациялауға ықпал етеді. Біздің елімізде кейбір медициналық мекемелер ықтимал донордың пайда болуы туралы хабарламайды немесе тым кеш хабарлайды. Біздің ойымызша, донорлық клиникалардың әлеуетті донорлардың бар екені туралы хабардар етпеу себептері мәйіттік донорлық үшін қаржыландырудың жеткіліксіздігі және ҚР ДСМ тарапынан да, республикалық үйлестіру орталығы тарапынан да хабардар етпегені үшін өндіріп алудың болмауы болып табылады.

Қазақстанда мәйіттік донордан ағзаларды трансплантациялауды дамыту үшін еліміздегі ірі трансплантациялау орталықтарында ағзаларды трансплантациялаудың жүргізілетіні туралы халықты хабардар ету, оның үстіне алыс мерзімді нәтижелері жақсы болса, Қазақстан Республикасының ағзаларды трансплантациялау туралы заңдары туралы халықты хабардар ету қажет. Халық үшін қауіпсіздік кепілі мен ел Үкіметінің қолдауы өте маңызды.

Бұдан басқа, ағзаларды трансплантациялауды дамыту үшін Қазақстанда мәйіттік донорға ел халқының өзіне ғана емес, сондай-ақ мемлекет үкіметінің әлеуметтік, моральдық-этикалық, экономикалық, гуманитарлық қолдауына да көп нәрсе тәуелді.

Мәйіттік донордан ағзаларды трансплантациялау басқарудың барлық

деңгейлерінде жоғары деңгейдегі кәсіби және материалдық қамтамасыз етуді және үйлестірілген іс-қимылды талап ететін медициналық көмектің ең күрделі түрлерінің бірі болып табылады. Бұл сала қоғамның, үкіметтің қолдауынсыз, сондай-ақ халықтың мәйіттік донорлыққа деген оң көзқарасынсыз дамымайды.

### 3.8.2 Донорлық клиникалардан мәйіттік донор туралы ақпараттың болмауы

Мәйіттік донорды ұстау және ағзаларды алу үшін төлемнің жеткіліксіздігі денсаулық сақтау құрылымында емдеу мекемелерінен мидың өлімі анықталған мәйіттік донордың пайда болуы туралы хабарламалардың уақытылы түсуінің маңызы зор. Бұл еліміздің үйлестіру орталығының реакция жылдамдығына, ағзаларды тексеру және алу үшін бригаданы ұйымдастыруға, ірі трансплантация орталықтарында ағзаларды одан әрі трансплантациялауға ықпал етеді. Біздің елімізде кейбір медициналық мекемелер ықтимал донордың пайда болуы туралы хабарламайды немесе тым кеш хабарлайды. Біздің ойымызша, донорлық клиникалардың мәйіттік донорлардың болуы туралы хабардар етпеу себептері мәйіттік донорды ұстау үшін қаржыландырудың жеткіліксіздігі және ҚР ДСМ тарапынан да, республикалық үйлестіру орталығы тарапынан да хабардар етпегені үшін жазаның болмауы болып табылады.

Мәйіттік донорды ұстау және донорлық клиникалар мен трансплантациялық бригадаларға ағзалар алуды жүргізу үшін мемлекет үкіметінен экономикалық және гуманитарлық қолдау толық көлемде көрсетілмейді. Мәйіттік донор орналасқан клиника медициналық дәрі-дәрмектер мен бұйымдарға жұмсалған қаражат үшін толық көлемде өтемақы алмайды.

Мысалы, донорлық клиникада ми өлімі болған 2 науқас бар, олардың біреуі (бірінші науқас) донацияға жарамайды, ал екіншісі (екінші науқас) мәйіттік донор - мультиоргандық алу жүргізуге және бірнеше адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік бар. Бірінші науқас мидың өлімі диагнозын қойғаннан кейін 2 күннен соң қайтыс болады. Ал екінші науқасқа ағзаларды алу отасы орындалады. Мультиағзалық алуды жүргізу үшін қажет: қосымша тексерулер, дәрі-дәрмектерді коррекциялау, хирургтар мен медициналық қызметкерлер тобы (шамамен 30-35 адам), олар мультиағзалық алу кезінде де, мультиағзалық алудан кейін де дайындық кезеңіне қатысады. Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, мультиоргандық алу үшін көп шығын жұмсалады.

Мультиағзалық алу жүргізілгеніне және каншама шығын жұмсағанына қарамастан 2 науқасқа да медициналық мекемеге (мәйіттік донор жатқан клиника) емделгендері үшін бірдей қаражат төленеді. Сондықтан донорлық клиникаларға мәйіттік донорлардың болуы туралы хабарлау материалдық және еңбек ресурстары жағынан тиімді емес.

Мәйіттік трансплантацияны дамыту үшін донорлық клиникаларға мәйіттік донорды хабарлағаны және анықтағаны үшін жақсылап ынталандырып және жеткілікті төлем жасау керек [197].

Мәйіттік донорлық бауыр трансплантациясы (БТ) бойынша SWOT анализі  
1. Артылықшылықтары.

Қазіргі таңда бауыр циррозының терминальды сатысының ең негізгі емі БТ болып табылады.

Тамырлары және өт жолдарының көлемдері үлкенірек болғандықтан туыстық бауыр трансплантациясына қарағанда ота жеңілірек өтеді

Мәйіттік донорлық БТ артықшылығының бірі реципиентке бауыр бүтіндей орнатылатын болғандықтан, бауырдың компенсаторлық қызметі толық сақталуына байланысты, операциядан кейінгі уақыттың жеңіл өтуі, салыстырмалы түрде реабилитацияның тез өтуімен сипатталады.

2. Кемшіліктері.

Мәйіттік донордан БТ кемшіліктерінің бірі, донор туысқан адам болмағандықтан, кейбір жағдайларда иммунологиялық реакциялардың дамуы мүмкін.

Мәйіттік ағза кейбір жағдайларды басқа қалалардан немесе аудандардан келуі мүмкін, соған байланысты суық ишемиясы уақытының созылады, суық ишемия уақыты көп болуы бауыр функциональды қызметінің жоғалту мүмкіндігі жоғары.

Көп жағдайда отаға шұғыл түрде дайындық болады. Егер асқыну болса сол асқынумен отаға алынып, асқыну отадан кейінгі кезеңдегі нәтижесіне әсер етуі мүмкін

3. Мүмкіндіктер

БТ ғылымының ілгері дамуына байланысты қазіргі заманда, көптеген жеңілдетілген сомен бірге асқынуларды азайтатын тәсілдердің біздің елге келуі трансплантацияның әрі қарай дамуына ықпал етеді. Осыған байланысты мемлекеттен қажетті мөлшерде қолдау тауып, жаңа технологияларды енгізу өте маңызды рөл ойнайды. Сонымен қатар, дәрігерлерді қолдайтын әрі халықтың дәрігерлерге деген сенімін арттыратын заңдар мен үгіт насихаттарды өткізу, мәйіттік донорлардың санының көбеюіне алып келеді.

Мәйіттік донордан БТ кезіндегі суық ишемиясы уақытын қысқарту мақсатында, шет елдерде клиникаға дейінгі зерттеулер жүргізілуде. Ол жұмыстың мақсаты донорлық бауыр алынғаннан кейін, оны жасанды қан айналым аппаратына қосып ағзаның функциональды қабілеттілігін максимальды мөлшерде сақтап қалу. Осындай жұмыстарды жүргізе алатындай орталықтардың ҚР аймағында пайда болуы, көптеген жас мамандарға ғылыммен айналыса отырып, жұмыс істеу техникасын жетілдіруге әсер етеді.

3. Қауіптер

Дәрігердердің жұмысының заңды түрде берік қорғалмауы, дәрігерлердің әрбір операция үстінде қосымша психологиялық стресс алуына алып келеді. Осыған байланысты медицина саласында дәрігерлерді қорғайтын заңды күшейту маңызды рөл ойнайды.

Мәйіттік донор болуға келісім беру біздің елде өте сирек кездеседі. Оның негізге себебі халықтың көзқарасының мәйіттік донор болуға теріс болуы.

Осыған байланысты қазіргі таңда мейіттік донор саны күннен күнге азайып барады.

Кесте 17 - Мәйіттік донорлық бауыр трансплантациясы бойынша SWOT анализі

Артықшылытары	Кемшіліктері	Мүмкіндіктер	Қауіптілігі
Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың өмір сүру ұзақтығын көбейтеді	Көп жағдайда отаға шұғыл түрде дайындық болады. Егер асқыну болса сол асқынумен отаға алынып, асқыну отадан кейінгі кезеңдегі нәтижесіне әсер етуі мүмкін	Мәйіттік донорлардың кеңейтілген критерийлерін қолдана отырып донор санын көбейту	Мәйіттік донор болмауы
Бауыр трансплантациясын санын арттыруға болады	Суық ишемия уақыты көп болуына байланысты бауыр трансплантанының жұмысының нашар болуы	Халық арасында мәйіттік донорлықтың маңыздылығын түсіндіре отырып үгіт насихат жасап донорлардың санын көбейту	Халықтың мәйіттік донорлыққа дайын емес болуы
Трансплантациядан кейін өмір сүру сапасы жақсарады	Суық ишемия уақытының ұзағырақ болуы	Заманауи технологияларды қолдана отырып суық ишемия уақытын ұзарту	Халықтың діни көзқарасы мәйіттік донорлыққа қарсы болуы

#### 4 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (СТАТИСТИКА, ОРТАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ, МӘСЕЛЕЛЕР)


2011 жылдан 01.09.2020 жылға дейін **342** (18 кесте, 31 сурет) **бауыр трансплантациясы** жасалды, оның ішінде 251 (73,4%) ересектердегі туыстық донордан бауыр трансплантациясы, 53 (15,5%) мәйіттік донордан бауыр трансплантациясы, 38 (11,1%) жағдайда балалардағы туыстық донордан бауыр трансплантациясы.

Ересектерге туыстық донордан бауыр трансплантациясы (ТДБТ) 251 жағдайды, оның негізгі бөлігін бауырдың оң жақ бөлігі 234 жағдайды, сол жақ бөлігі 16 жағдайды құрайды, бір жағдайда артқы бүйірлік сектордан бауыр трансплантаты пайдаланылған. Туыстық донордан бауыр трансплантациясынан кейін 59 (23,5%) науқаста билиарлық асқыну, 30 (11,9%) науқаста тамырлық асқыну байқалды. ТДБТ-дан кейінгі жалпы өлім-жітім 78 (31%) жағдайды құрады, оның ішінде 42 (16,7%) науқаста госпитальдық өлім-жітім, 36 (14,3%) науқаста алыс кезеңдегі өлім-жітім (18 кесте, 31 сурет).

Кесте 18 - 2012-2019 жылдар кезеңі ішіндегі ҚР-да туыстық донордан бауыр трансплантациясы

Жылдар	N	Оң жақ бөлігі	Сол жақ бөлігі	Артқы бүйірлік сектор	Госпитальдық өлім-жітім	Алыс кезеңдегі өлім-жітім	Билиарлы асқынулар	Тамырлық асқыну
2012	6	3	2	1	2	0	0	0
2013	16	12	4	0	5	0	2	0
2014	24	23	1	0	5	5	4	2
2015	42	41	1	0	7	6	7	3
2016	47	47	0	0	8	13	12	7
2017	43	43	0	0	2	7	20	3
2018	26	24	2	0	4	3	7	4
2019	26	22	4	0	4	2	4	6
Жалпы саны	251	234	16	1	42	36	59	30





Сурет 31 - 2012-2019 жылдар кезеңі ішіндегі ҚР-да туыстық донордан бауыр трансплантациясы

**Ересектерге туыстық донордан бауырды трансплантациялау келесі медициналық ұйымдарда орындалды:**

1. «А.Н. Сызғанов ат. Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ-да 2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін. Ересектерде туыстық донордан (ТДБТ) бауыр трансплантациясы 101 науқасқа жасалды.

2. «Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығы» Астана қ. 2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін. Ересектердегі ТДБТ 47 науқасқа жасалды.

3. «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» Астана қаласы 2013 жылдан 2017 жылға дейін. Ересектердегі ТДБТ 30 науқасқа жасалды.

4. «№1 Көпбейінді қалалық аурухана» ШЖҚ РМК 2013 жылдан бастап 2016 жылға дейін. Ересектердегі ТДБТ 24 науқасқа жасалды.

5. «№1 Қалалық клиникалық аурухана» Шымкент қаласы, 2015 жылдан 2019 жылға дейін. Ересектердегі ТДБТ 21 науқасқа жасалды.

6. «Облыстық клиникалық аурухана» Ақтөбе қаласы, 2016 жылдан 2019 жылға дейін. Ересектердегі ТДБТ 12 науқасқа жасалды.


7. "№7 Қалалық клиникалық аурухана" 2013 жылдан 2015 жылға дейін. Ересектердегі ТДБТ 16 науқасқа жасалды.

**Балаларға туыстық донордан бауырды трансплантациялау** 2013 жылдан бастап орындалады, 2013 жылдан бастап 01.09.2020 жылға дейін барлық жағдайда туыстық донордан балаларға 39 рет бауыр трансплантациясы жасалды (19 кесте, 32 сурет). 37 жағдайда сол жақ бүйірлік сектор қолданылды, 2 жағдайда бауырдың сол жақ бөлігі трансплантацияланды. Трансплантациядан кейінгі кезеңде 3 (7,7%) жағдайда билиарлық асқынулар және 2 (5,1%) науқаста

тамырлық асқынулар анықталды. Жалпы өлім-жітім 12 (30,8%) жағдайда байқалды, барлық өлім-жітім аурухана кезеңінде байқалды (19 кесте, 32 сурет).

Кесте 19 - 2013-2019 жылдар кезеңі ішіндегі балалардағы туыстық донордан бауыр трансплантациясы

Жылдар	N	Оң жақ бөлігі	Сол жақ бөлігі	Артқы бүйірлік сектор	Госпитальдық өлім-жітім	Алыс кезеңдегі өлім-жітім	Билиарлы асқынулар	Тамырлық асқыну
2013				1	0	0	0	0
2014	1			1				
2015	4			4			1	1
2016	10	0	1	9	2	0	0	0
2017	8	0	0	8	5	0	1	0
2018	8	0	0	8	1	0	1	0
2019	7	0	1	6	4	0	0	1
Жалпы саны	38	0	2	36	12	0	3	2



Сурет 32 - 2013-2019 жылдар кезеңі ішіндегі Балалардағы туыстық донордан бауыр трансплантациясы

Балаларда туыстық донордан бауырды трансплантациялау мынадай медициналық ұйымдарда орындалды:


1. «А.Н. Сызғанов ат. Ұлттық ғылыми хирургия орталығы" АҚ-да 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін. Балалардағы туыстық донордан бауыр трансплантациясы 26 науқасқа жасалды.

2. "Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы" АҚ-да 2014 жылдан 2019 жылға дейін. Балалардағы туыстық донордан бауыр трансплантациясы 11 жағдайда жасалды.

**Мәйіттік донордан бауырды транспланттау (МДБТ)** 2013 жылдан бастап орындалады, ол кезде алғаш рет мәйіттік донордан бауырды трансплантациялау Астана қ. ҰТО жағдайында жасалды, одан кейін 2013 жылдан бастап 01.09.2020 жылға дейін мәйіттік донордан бауырды трансплантациялаудың 53 жағдайы орындалды(20 кесте, 33 сурет). Трансплантациядан кейінгі кезеңде 8 (15,1%) жағдайда билиарлық асқынулар және 5 (9,4%) науқаста тамырлық асқынулар анықталды. Жалпы өлім-жітім 19 (35,8%) жағдайда байқалды, оның ішінде 8 (15,1%) жағдайда госпитальдық өлім-жітім және 11 (20,7%) жағдайда алыс кезеңдегі өлім-жітім (20 кесте, 33 сурет).

Кесте 20 - 2013-2020 жылдар кезеңі ішіндегі ҚР-да мәйіттік донордан бауыр трансплантациясы

Жылдар	N	Госпитальдық өлім-жітім	Алыс кезеңдегі өлім-жітім	Билиарлы асқынулар	Тамырлық асқыну
2013	3	0	1	2	1
2014	5	1	2	0	1
2015	13	4	1	1	1
2016	10	1	3	1	0
2017	11	2	3	2	1
2018	4		1	1	1
2019	6	0	0	1	0
2020	1	0	0	0	0
Жалпы саны	53	8	11	8	5



Сурет 33 - 2013-2020 жылдар кезеңі ішіндегі ҚР-да мәйіттік донордан бауыр трансплантациясы

Мәйіттік донордан бауыр трансплантациясы мынадай медициналық ұйымдарда орындалды:

1. «А.Н. Сызғанов ат. Ұлттық ғылыми хирургия орталығы" АҚ-да 2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін. МДБТ 21 науқасқа жасалған.
2. "Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығы" Астана қ. 2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін. МДБТ 19 науқасқа жасалған.
3. "Ұлттық ғылыми медициналық орталық" Астана қаласы 2013 жылдан 2017 жылға дейін. Ересектерде МДБТ 11 науқасқа жасалған.
4. Ақтөбе қаласындағы "Облыстық клиникалық ауруханада" 2016 жылдан 2019 жылға дейін. Ересектерде МДБТ бір науқасқа жасалған.
5. "№7 Қалалық клиникалық аурухана" Алматы қ. 2014 жылдан 2015 жылға дейін. МДБТ бір науқасқа жасалған.

#### **4.1 ҚР-дағы трансплантациялық орталықтар: бауыр трансплантациясы бойынша негізгі көрсеткіштер, нәтижелер және ұйымдастыру мәселелері**

2011 жылдан 2019 жылға дейін ҚР-да бауыр трансплантациясы 8 клиникалық мекемеде орындалды

Қазіргі уақытта бауыр трансплантациясы еліміздегі 2 клиникада ғана жүзеге асырылады:

1. «А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ Алматы қ.
2. «Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы» АҚ Нұрсұлтан қ.

Орталықтардың бірінде жылына 10-нан астам, ал екіншісінде 5-тен астам бауыр трансплантациясы жүргізіледі (21 кесте, 34 сурет). Жылына жасалатын бауыр трансплантациясының саны өте маңызды болып саналады және ол нәтижелерінің көрсеткіштеріне тікелей байланысы болады. Кез келген трансплантациялық орталықта жылына 10 отадан көп болса, оның нәтижелері де жақсы болады. Ал егер олардың саны 10 ға жетпесе жақсы нәтиже алу мүмкіндігі болмайды.

Қалған 6 клиникада бауыр трансплантациясы түрлі себептер бойынша тоқтатылды:

А) бауыр трансплантациясы бойынша маман жоқ болғандықтан шетелдік мамандарды әрдайым шақырады (Ақтөбе қ. ОКА және «Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы»).


Б) бауыр трансплантациясын жүргізу үшін ҚР ДСМ және Трансплантация жөніндегі республикалық үйлестіру орталығы тарапынан рұқсаттың болмауы.

Бауыр трансплантациясы нәтижелерінің негізінде мына 3 клиникадан бауыр трансплантациясын жүргізу рұқсаты алынып тасталды:

1. Астана қ. №1 ҚКА.
2. Шымкент қ. №1 ҚКА
3. Алматы қ. №7 ҚКА (2017 жылы бүйрек донорының өліміне байланысты органдарды трансплантациялау бағдарламасы тоқтатылды).

Кесте 21 - Трансплантациялық орталықтардың негізгі көрсеткіштері

Трансплантациялық орталықтар	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО-да	1	5	4	5	8	14	20	17	17	14
«Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығы» АҚ, Астана қаласы	-	-	1	3	6	9	10	4	7	7
Астана қ. Ұлттық ғылыми медициналық орталық (ҰҒМО)	-	-	9	6	4	7	4	-	-	-
Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы АБҰҒО	-	-	-	1	4	1	1	2	2	-
Алматы қ. №7 Қалалық клиникалық аурухана	-	-	1	5	10	-	-	-	-	-
Шымкент қ. №1 Қалалық клиникалық аурухана	-	-	-	-	4	4	5	4	4	-
Ақтөбе қаласы, Облыстық клиникалық аурухана.	-	-	-	-	-	6	4	1	1	-



Сурет 34 - Трансплантациялық орталықтардың негізгі жылдық көрсеткіштері

### Мәйіттік донордан бауыр трансплантациясы бойынша негізгі көрсеткіштер

Мәйіттік донордан бауыр трансплантациясы ең көп үш клиникада жүргізілді. Трансплантацияның саны мәйіттік донорлардың тапшылығына тікелей байланысты. Бауыр трансплантациясы нәтижелерінің негізінде мәйіттік донорлардың тапшылығын көруге болады, әсіресе соңғы 2 жылда, 2018 жылы барлығы 4 жағдай, 2019 жылы бүкіл республика бойынша барлығы 6 жағдай (кесте 22).

Донорлық клиникалардан мәйіттік донор туралы ақпараттың болмауы

Мәйіттік донорды ұстау және ағзаларды алу үшін төлемнің жеткіліксіздігі

Біздің елімізде кейбір медициналық мекемелер ықтимал донордың пайда болуы туралы хабарламайды немесе тым кеш хабарлайды. Донорлық клиникалардың әлеуетті донорлардың бар екені туралы хабардар етпеу себептері мәйіттік донорлық үшін қаржыландырудың жеткіліксіздігі және ҚР ДСМ тарапынан да, республикалық үйлестіру орталығы тарапынан да хабардар етпегені үшін өндіріп алудың болмауы болып табылады.

Мәйіттік донорды ұстау және донорлық клиникалар мен трансплантациялық бригадаларға ағзалар алуды жүргізу үшін мемлекет үкіметінен экономикалық және гуманитарлық қолдау толық көлемде көрсетілмейді. Мәйіттік донор орналасқан клиника медициналық дәрі-дәрмектер мен бұйымдарға жұмсалған қаражат үшін толық көлемде өтемақы алмайды.

Мәйіттік трансплантацияны дамыту үшін донорлық клиникаларға мәйіттік донорды хабарлағаны және анықтағаны үшін жақсылап ынталандырып және жеткілікті төлем жасау керек.

Кесте 22 - Мәйіттік донордан бауыр трансплантациясы бойынша негізгі көрсеткіштер

Трансплантациялық орталықтар	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО-да	-	-	1	3	5	3	4	-	4	1
«Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығы» АҚ, Астана қаласы	-	-	2	1	2	3	5	4	2	-
Астана қ. Ұлттық ғылыми медициналық орталық (ҰҒМО)	-	-	-	1	5	4	1	-	-	-
Алматы қ. №7 Қалалық клиникалық аурухана	-	-	-	1	-	-	-	-	-	-
Ақтөбе қаласы, Облыстық клиникалық аурухана.	-	-	-	-	-	-	1	-	-	-

**Туыстық донордан балаларға бауыр трансплантациясы**

Балаларға ҚР-да бауыр трансплантациясы 2-і орталықта жасалады (кесте 23). Трансплантация көп жағдайда туыстық донорлардан ғана жүргізіледі. Бүгінгі күні балаларға трансплантация тек бір орталықта ғана өздігінен жүргізіледі, ал екінші орталықта шетелдік әріптестердің көмегімен жүргізіледі.

Балалардағы операцияның ерекшелігі - трансплантация орталықтарына кеш қаралу, дене салмағының жеткіліксіздігі өте аз болуы. Осы мәселерге байланысты балалардың бауыр трансплантациясының көрсеткіштері және нәтижелері жақсы емес.

Кесте 23 - Трансплантациялық орталықтардың балалар бауыр трансплантациясы бойынша негізгі көрсеткіштері

Трансплантациялық орталықтар	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО-да	-	6	4	-	-	9	7	6	5	1
Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы АБҰҒО	-	-	-	1	4	1	1	2	2	-

## Трансплантациялық орталықтарына қойылатын негізгі талаптардың жеткіліктілігін бағалау

Бауыр трансплантация жасау үшін келесі негізгі талаптар жеткілікті болу қажет (кесте 24): **мамандардың болуы** (трансплантологтар, анестезиологтар, сәулелі диагностика дәрігерлері, гастроэнтерологтар, эндоскопистер, эндоваскулярлық хирургтар); **құрал жабдықтардың болуы** (ангиограф, хирургиялық құралдар, Cusa, C-доға және т.б.); **Гепатобилиарлы хирургия бөлімшесінің болуы** (мамандардың бауыр хирургиясынан тәжірибиесі болу қажет); **Электронды микроскопия и морфология бөлімшесі болуы** (трансплантацияға дейін бауырдың май басуын, фиброздануын және трансплантациядан кейін иммунологиялық реакцияларды анықтау үшін өте маңызды); Компьютерлік волюметрия болуы керек (туысқандық бауыр алмастыру кезінде донорларды отаға дейін бауыр көлемін өлшеп қанша пайызын алатынын және қалатынын есептейді). Осы талаптарға байланысты трансплантациялық орталықтардың қаншалықты толық қамтамасыз етілгенін анықтадық (кесте 24).

Кесте 24 - Трансплантациялық орталықтарына қойылатын негізгі талаптардың жеткіліктілігін бағалау

Трансплантациялық орталықтар	Мамандардың болуы ( трансплантологтар, анестезиологтар, сәулелі диагностика дәрігерлері, гастроэнтерологтар, эндоскопистер, эндоваскулярлық хирургтар)	Жабдықтар мен жарақталуы (ангиограф, хирургиялық құралдар, Cusa, C-доға және т.б.)	Гепатопанкреатобилиарлы хирургия бөлімшесі	Электронды микроскопия и морфология бөлімшесі	КТ - волюметрия
1	2	3	4	5	6
А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО-да	+	+	+	+	+
«Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығы» АҚ, Астана қаласы	+	+	+	+	+
Астана қ. Ұлттық ғылыми медициналық орталық (ҰҒМО)	+	+	+	+	-
Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы АБҰҒО	-	+	-	-	-
Астана қ. №1 Көпбейінді қалалық клиникалық аурухана	+	+	-	-	-
Алматы қ. №7 Қалалық клиникалық аурухана	-	-	+	-	+



1	2	3	4	5	6
Шымкент қ. №1 Қалалық клиникалық аурухана	+	+	+	-	+
Ақтөбе қаласы, Облыстық клиникалық аурухана.	-	-	-	-	-

Трансплантациялық орталықтарына қойылатын негізгі талаптардың жеткіліктілігін бағалау барысында А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО-да және Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығында барлық талаптардың жеткіліктілігі анықталды, ал Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығында Ақтөбе Облыстық клиникалық аурухана және Астана қ. №1 Көпбейінді қалалық клиникалық ауруханасында талаптардың 50% -нан астам талаптар жетіспейді, әсіресе бауыр трансплантациясын жасайтын трансплантологтардың болмауы. Ол орталықтарда бауыр трансплантациясын шет елден келген мамандар жасайды. Қазақстанда білікті мамандардың жеткілікті екенін біле тұрып шет елдерден маман шақыртқанымыз экономикалық жағынан да клиникалық жағынан да ұтымсыз жағдай болып табылады. Осы айтылып кеткен талаптар бауыр трансплантациясының нәтижелеріне тікелей әсер етеді.

### **Трансплантациялық орталықтардың бауыр трансплантациясынан кейінгі өлім жітім және асқынулардың көрсеткіштері**

2011 жылдан 01.09.2020 жылға дейін 342 бауыр трансплантациясы жасалды, оның ішінде 251 (73,4%) ересектердегі туыстық донордан бауыр трансплантациясы, 53 (15,5%) мәйіттік донордан бауыр трансплантациясы, 38 (11,1%) жағдайда балалардағы туыстық донордан бауыр трансплантациясы.

Ересектерге туыстық донордан бауыр трансплантациясы (ТДБТ) 251 жағдайды, оның негізгі бөлігін бауырдың оң жақ бөлігі 234 жағдайды, сол жақ бөлігі 16 жағдайды құрайды, бір жағдайда артқы бүйірлік сектордан бауыр трансплантаты пайдаланылған. Туыстық донордан бауыр трансплантациясынан кейін 59 (23,5%) науқаста билиарлық асқыну, 30 (11,9%) науқаста тамырлық асқыну байқалды. ТДБТ-дан кейінгі жалпы өлім-жітім 78 (31%) жағдайды құрады, оның ішінде 42 (16,7%) науқаста госпитальдық өлім-жітім, 36 (14,3%) науқаста алыс кезеңдегі өлім-жітім.

Трансплантациялық орталықтардың бауыр трансплантациясы бойынша нәтижелерін талдау барысында мынадай өзгерістерді анықтадық:

Бауыр трансплантациясынан кейін госпитальды өлім жітім ең жоғарғы көрсеткіштері Шымкент қ. №1 Қалалық клиникалық ауруханасында 28,5 % - ды және Астана қ. №1 Көпбейінді қалалық клиникалық ауруханасында 25% - ды құрады. Ал ең төменгі көрсеткішті госпитальды өлім жітім бойынша А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО-да 11,2% - ды, Алматы қ. №7 Қалалық клиникалық

ауруханасында 11,7% - ды және Астана қаласы Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығында 12,1 % - ды құрады.

Бауыр трансплантациясынан кейін алыс кезеңдегі өлім жітім ең жоғарғы көрсеткіштері Ақтөбе қаласы, Облыстық клиникалық ауруханасында 41,6 % - ды, Алматы қ. №7 Қалалық клиникалық ауруханасында 35,2% - ды және Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығында 24,2% - ды құрады. Ал ең төменгі көрсеткішті алыс кезеңдегі өлім жітім бойынша А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО-да 6,5% - ды, және Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығында 9 % - ды құрады (кесте 25). Алыс кезеңдегі өлім жітім негізінен амбулаторлық бақылаудың қаншалықты деңгейде екенін және трансплантациялық орталық амбулаторлық деңгейде бақылайтын дәрігерлермен тығыз байланысты қаншалықты дәрежеде екенін көрсетеді.

Кесте 25 - Трансплантациялық орталықтардың бауыр трансплантациясынан кейінгі өлім жітім және асқынулардың көрсеткіштері

Трансплантациялық орталықтар	Госпитальдық өлім-жітім	Алыс кезеңдегі өлім-жітім	Билиарлы асқынулар	Тамырлық асқыну
А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО-да	16 (11,2%)	8 (6,5%)	24 (19,5%)	12 (9,7%)
«Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығы» АҚ, Астана қаласы	8 (12,1%)	16 (24,2%)	25 (37,8%)	18 (27,2%)
Астана қ. Ұлттық ғылыми медициналық орталық (ҰҒМО)	10 (24,3%)	6 (14,6%)	3 (7,3%)	1 (2,4%)
Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы АБҰҒО	2 (18,1%)	1 (9%)		
Астана қ. №1 Көпбейінді қалалық клиникалық аурухана	6 (25%)	2 (8,3%)		
Алматы қ. №7 Қалалық клиникалық аурухана	2 (11,7%)	6 (35,2%)	2 (11,7%)	
Шымкент қ. №1 Қалалық клиникалық аурухана	6 (28,5%)	2 (9,5%)		
Ақтөбе қаласы, Облыстық клиникалық аурухана.	3 (25%)	5 (41,6%)	3 (25%)	

Қазіргі таңда елімізде екі орталықта А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО-да және Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығында нәтижелерінің жақсы болуына, мамандардың және құрал жабдықтардың жеткілікті болуына байланысты үздіксіз бауыр трансплантациясы жасалынып жатыр.

Қалған 6 клиникада бауыр трансплантациясы түрлі себептер бойынша тоқтатылды:

А) бауыр трансплантациясы бойынша маман жоқ болғандықтан шетелдік мамандарды әрдайым шақырады (Ақтөбе қ. ОКА және «Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы»).

Б) бауыр трансплантациясын жүргізу үшін ҚР ДСМ және Трансплантация жөніндегі республикалық үйлестіру орталығы тарапынан рұқсаттың болмауы.

Бауыр трансплантациясы нәтижелерінің негізінде мына 3 клиникадан бауыр трансплантациясын жүргізу рұқсаты алынып тасталды:

1. Астана қ. №1 ҚКА.
2. Шымкент қ. №1 ҚКА
3. Алматы қ. №7 ҚКА (2017 жылы бүйрек донорының өліміне байланысты органдарды трансплантациялау бағдарламасы тоқтатылды).

## 5 МУЛЬТИДИСЦИПЛИНАРЛЫҚ ТОПТЫҢ БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Біз бауыр трансплантациясының түрлі кезеңдердегі нәтижелерін талдадық:

1. 1 кезең 2011-2014 жылдар (мультидисциплинарлық команданың қалыптаспаған кезі)

2. 2 кезең 2015-2019 жыл (мультидисциплинарлық команданың қалыптасқан кезі)

Әр кезеңнің өзіндік ұйымдастырушылық мәселелері болды:

Бірінші кезеңде:

А) туыстық донордан бауыр трансплантациясы шетелдік әріптестермен бірлесе орындалды. Орталықтың өз мамандары туыстық донордан бауыр трансплантациясын **өз бетінше орындаған жоқ**.

Б) бауыр трансплантациясы бойынша оқытылған мамандардың болмауы (трансплантолог хирургтар, морфологтар, УДЗ және сәулелі диагностика дәрігерлері, анестезиолог-реаниматологтар, гастроэнтерологтар және т. б.).

В) компьютерлік волюметрия негізінен шетелде орындалды.

Г) негізінен трансплантация үшін графты таңдауда бауырдың сол жақ бөлігі қолданылды. GRWR (графт салмағының реципиенттің салмағына қатынасы) негізінен 0,8%-дан төмен болды.

Екінші кезеңде:

А) туыстық донордан бауыр трансплантациясын орталықтың **өз мамандары өздігінен орындады**.

Б) топқа бауыр трансплантациясы бойынша оқытылған мамандар (трансплантолог хирургтар, морфологтар, УДЗ және сәулелі диагностика дәрігерлері, анестезиолог-реаниматологтар, гастроэнтерологтар және т.б.) шақырылды. Мамандар туыстық донордан (Жапония, Оңтүстік Корея, Түркия, Үндістан) бауыр трансплантациясы бойынша мол тәжірибесі және жақсы нәтижелері бар түрлі елдерде оқытудан өтті.

В) компьютерлік волюметрияны орталықтың өз мамандары өздігінен орындай бастады.

Г) негізінен графт үшін бауырдың оң жақ бөлігі пайдаланылды. GRWR (графт салмағының реципиент салмағына қатынасы) негізінен 0,8%-дан жоғары болды.

Кесте 26 - Екі кезеңде 2011-2014 және 2015-2019 жж. туыстық донордан бауыр трансплантациясы

Атауы	2011-2014 жж. аралығындағы кезең	2015-2019 жж. аралығындағы кезең	P value
1	2	3	4
Трансплантация жасатқан науқастар саны	15	73	ns
Оң жақ бөлік	8	67	<0,05
Сол жақ бөлік	7	5	ns

26 – кестенің жалғасы


1	2	3	4
Орташа жас	37,8	42,5	ns
MELD	15,3	17,6	ns
SLV	1180	1202	ns
Операция уақыты, минут	784	776	ns
Қан кету, мл	4698	3227	ns
Асқынулар саны	13 (86,6%)	42 (57,5%)	<0,05
Өлім-жітім саны	8 (53,3%)	13 (17,8%)	<0,05
1 жылдық өмір сүру ұзақтығы	60%	85%	<0,05
3 жылдық өмір сүру ұзақтығы	55,5%	82 %	
5 жылдық өмір сүру ұзақтығы	55,5%	81 %	

2011-2014 жылдар аралығында біздің орталықта туыстық донордан бауыр трансплантациясы 15 жағдайда орындалды (кесте 26). Осы кезеңде Қазақстанда бауыр трансплантациясы енді ғана енгізіле бастады. Графт ретінде 8 (42,1%) жағдайда оң жақ бөлігі, ал 7 (36,8%) жағдайда сол жақ бөлігі болды. Интраоперациялық қан жоғалту 4698 мл құрады, операция уақыты орта есеппен 784 минутты құрады. Операциядан кейінгі ерте және ұзақ мерзімді асқынулар 13 жағдайды, бауырдың оң жақ бөлігін трансплантациялау кезінде 5 жағдайды, бауырдың сол жақ бөлігінде 7 жағдайды құрады. Оның ішінде 8 (53,3%) науқастың жағдайы өлім-жітіммен аяқталған, оң жақ бөлігінің трансплантациясы кезінде 6 өлім-жітім жағдайы орын алған, ал сол жақ бөлігін трансплантациялау кезінде 2 өлім-жітім жағдайы орын алған. 1 жылдық өмір сүру ұзақтығы 60% құрады, 3 жылдық өмір сүру ұзақтығы 55,5% құрады, 5 жылдық өмір сүру ұзақтығы 55,5% құрады.

2015-2019 жылдар аралығында туыстық донордан 73 бауыр трансплантациясы жасалды (кесте 26). Осы кезеңде оң жақ бөлігі 67 (91,7%) жағдайда, ал сол жақ бөлігі тек 5 (6,8%) жағдайда трансплантацияланды. Интраоперациялық қан жоғалту 3227 мл құрады, операция уақыты орта есеппен 776 минутты құрады. Осы кезеңде операциядан кейінгі ерте және асқынулардың ұзақ мерзімді нәтижелері 42 (57,5) жағдайды құрады. Бауырдың оң жақ бөлігін трансплантациялау кезінде 37 жағдай, бауырдың сол жақ бөлігін трансплантациялау кезінде 5 жағдай. Трансплантацияланған науастардың ішінен 13 жағдайда өлім-жітім орын алды, бұл 17,8%-ды құрады. Олардың ішінде оң жақ бөлігі 12 жағдайда, сол жақ бөлігі 1 жағдайда трансплантацияланды. 1 жылдық өмір сүру ұзақтығы 85% құрады, 3 жылдық өмір сүру ұзақтығы 82% құрады, 5 жылдық өмір сүру ұзақтығы 81% құрады.



Сурет 35 – Мультидисциплинарлық топ



Сурет 36 - Екі кезеңде 2011-2014 және 2015-2019 жж. бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың әртүрлі кезеңдегі өмір сүру ұзақтығы

Біз 2011-2014 жылдар (1 кезең) және 2015-2019 жылдар (2 кезең) аралығындағы трансплантацияланған науқастардың айырмашылығын салыстырдық. Бірінші кезеңде трансплантацияланған науқастардың саны аз болды, өйткені осы кезеңде клиникада бауыр трансплантациясы енді қалыптаса бастады. Зерттеуімізде екі кезеңді салыстыру кезінде біз Graph Pad Prism бағдарламасын қолдандық, зерттеуімізде статистикалық айырмашылық келесі көрсеткіштері бойынша болды - бауырдың оң және сол жақ бөлігіне бөлінген трансплантацияланған науқастардың саны, асқынулар мен өлім-жітім саны, өмір сүру ұзақтықтарында айырмашылықтар болып (36 сурет), Р мәні 0,05-тен

төмен көрсеткішті құрады. Басқа көрсеткіштерін салыстырғанда статистикалық айырмашылық болған жоқ.

Мультидисциплинарлық топтың қалыптасуына байланысты, асқынулар саны және өлім жітім көрсеткіштері азайып, бауыр трансплантациясының нәтижелері жақсарғанын анық байқауға болады. Келесі көрсеткіштер бойынша анық статистикалық айырмашылық ( $p < 0,05$ ) анықталды: асқынулар саны 29,1% кемейсе, өлім жітім көрсеткіші 35,5%-ға азайды, бауыр трансплантациясынан кейінгі біржылдық өмір сүру ұзақтығы 65 %-дан 85% -ға дейін жоғарыласа, 5 жылдық өмір сүру ұзақтығы 55,5%-дан 81%-ға дейін жоғарылады. Осы көрсеткіштерді талдай отырып мультидисциплинарлық топтың маңыздылығы өте жоғары екенін айтып кетуімізге болады, бұл топтың болу нақастардың өмір сүру ұзақтығына тікелей байланысы бар екенін анық көріп отырмыз.

**2011-2020 жылдар аралығында А.Н. Сызғанов атындағы ҰҒХО-да бауыр трансплантациясынан кейінгі болатын билиарлық асқынуларды емдеу кезінде мультидисциплинарлық топтың маңыздылығы:**

2011 жылдың желтоқсанынан 2020 жылдың тамызына дейін ересектерге 123 бауыр трансплантациясы жасалды. Оның ішінде тірі туыстас донордан бауыр фрагменттерін трансплантациялау саны 102 (82.9%) және мәйіттік донордан тұтас бауыр трансплантациясы 21 (17.1%) жағдайда орындалды. Тірі туыстас донордан бауырды трансплантациялаудың жалпы саны 102, 88 (86.2%) - оң жақ үлесі, 14 (13.8%) - сол жақ үлесі.

Туыстас донордан бауыр трансплантациясынан кейін барлығы 63 реципиентте 67 (65.6%) түрлі асқынулар табылды: билиарлы асқынулар - 24 (35.8%), тамырлық асқынулар - 11 (16.4%), трансплантатты қабылдамау - 9 (13.4%), қан кетулер - 12 (17.9%), басқа асқынулар - 11 (16.5%). Өлім-жітімге әкелген жағдайлар - 24 (23,5%).

Билиарлық асқынулар: 24 жағдайда түзету үшін эндобилиарлық стенттеу мен ЭРХПГ бірінші кезеңі 17 (70%) орындалды, тиімсіз болған жағдайда келесі кезең ЧЧХС 11 (45.8%) орындалды. Кейбір жағдайларда "Рандеву" әдісі қолданылды (ЧЧХС+ЭРХПГ) 3 (12.5%). Тыртықты стриктураны ретроградтық және антеградтық стенттеу мүмкін болмаған жағдайда, азинвазивті түзетудің заманауи әдістерінің бірі қолданылды - кейіннен 2 (8.3%) эндобилиарлық стенттерді орнатумен тыртықтың қаттылығын магниттік сығымдау жасалды. Азинвазивті технология тиімсіз болған жағдайда біз билиарлы асқынуды түзетудің ашық әдісін орындадық – ХЕА (холангиоэюноанастомоз) - 3 (12.5%) жағдай. Билиарлы асқынулардың 24 жағдайының 2 (8.3%) екеуінде бауырды ретрансплантациялау орындалды. Билиарлық асқынулармен байланысты өлім-жітім 5 (20.8%) жағдайды құрайды.

Кесте 27 - Екі кезеңде 2011-2016 және 2017-2020 жж. Түрлі кезеңдердегі билиарлық асқынуларды түзету нәтижелері

Көрсеткіштер	2011-2016	2017-2020	P value
Науқастардың жалпы саны	37 (36,3%)	65 (63,7%)	ns
Билиарлық асқынулар	9 (24,3%)	15 (23%)	ns
Билиарлық асқынуларды түзетудің мининвазивті әдістері	2 (22,2%)	14 (93,3%)	p<0.05
Ашық операция	3 (33,3%)	0	-
Бауырдың Ре трансплантациясы	1 (11,1%)	0	-
БА-мен байланысты өлім-жітім	4 (44,4%)	1 (6,6%)	p<0.05
Билиарлық асқынулар бар науқастардың әртүрлі кезеңдегі өмір сүру ұзақтығы			
1 жылдық өмір сүру ұзақтығы	67%	100%	p<0.05
3 жылдық өмір сүру ұзақтығы	55,5%	87,5%	
5 жылдық өмір сүру ұзақтығы	55,5%	87,5%	

2011-2016 жылдар (кесте 27) кезеңінде 37 науқастың 9 (24,3%) реципиентінде билиарлық асқынулар дамыған. Барлық науқастар түрлі әдістермен билиарлық асқынуларды түзетуден өтті. БА-ны азинвазивті түзетудің тиімділігі 22,2%-ды құрады, бұл 2 сәтті жағдайды құрайды, бұл шетелдік деректермен салыстырғанда тиімділіктің төмен көрсеткіші болып табылады, ол 80-90%-ға дейін жетеді. 3 (33,%) жағдайда ашық операцияға жүгіндік, 1 (11,1%) жағдайда бауыр трансплантациясы жасалды, 4 (44,4%) науқаста билиарлық асқынуларға байланысты өлім-жітім жағдайы орын алды.

2017 жылдан бастап 2020 жылға (кесте 27) дейінгі келесі кезеңде 65 науқастың 15 (23%) реципиентінде билиарлық асқынулар дамыған. Барлық науқастар түрлі әдістермен билиарлық асқынуларды түзетуден өтті. БА-ны азинвазивті түзетудің тиімділігі 93,3%-ды құрады, бұл 14 сәтті жағдай, бұл тиімділіктің 71,1%-ға артуын көрсетеді. Билиарлық асқынуларды ашық түзету және ретрансплантация жүргізілген жоқ. Билиарлық асқынуларға байланысты өлім-жітім нәтижесі 1 (6,6%) науқаста болды, бұл бірінші кезеңге қарағанда 37,8%-ға аз.

2011 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі кезеңде төмен тиімділіктің себептері:

1) бұл кезең ТДБТ игерудің басталуы болып саналады, сондықтан бауыр трансплантацияның саны жылына 10 отаға жетпейді.

2) операциядан кейінгі кезеңде біз 3,6,12 айдан кейін МРХГ-ны күнделікті орындамадық. Себебі науқастарды жүргізу протоколына енгізілмеген.

3) мамандардың (эндоскопист және БА-ны тері арқылы түзету әдісі жөніндегі маман) тәжірибесі БТ-дан кейінгі, әсіресе өт жолдарының жоғары стриктурасынан кейін БА-ны түзету үшін жеткілікті деңгейде болған жоқ.

4) науқастарды тактикалық бағдарлау өзгеше болды, біз УДЗ бақылауда және МРХГ-да өт жолдарының кеңею көрінісі (өт жолдарының стриктурасының белгілері) болса да, жалпы қан билирубинінің қалыпты көрсеткіштері бар реципиенттерді бақыладық. Реципиенттерде механикалық



сарғаю дамыған кезде біз операцияға арналған көрсеткішті (БА-ны азинавизивті түзету) анықтадық, сондықтан біз стриктуралар аймағындағы өт жолдарының саңылауы толығымен жабылғанын күттік (кеш диагноз).

2017-2018 жылдары реципиенттердегі БА-ны бағдарлау тактикасы басқаша болды, біз БТ-дан кейінгі БА-ға деген көзқарасымызды жетілдірдік:

1) Біз БТ санын жылына 20-30-ға дейін арттырдық, бұл өт жолдарының бөлінуі және билиарлы реконструкция кезіндегі хирургиялық техниканы едәуір жақсартты. БА кезіндегі қауіп-қатер факторларын және БА анастомоз кезіндегі қарқасты дренаждаудың рөлін зерттедік.


2) операциядан кейінгі кезеңде барлық реципиенттер клиникалық деректерді салыстырудан және трансплантолог-хирургтың міндетті тексеруінен өтеді, БТ-дан кейінгі 3,6,12 айдан соң МРХГ-дан өтеді.

3) Біздің мамандар Оңтүстік Корея, Түркия, Жапонияның жетекші клиникаларында БА-ны түзету бойынша тағылымдамадан және оқудан өтті. Өт жолдарының жоғары стриктураларымен жұмыс істеуде тәжірибесі мол Ресей Федерациясының жетекші маманы БА-ны эндоскопиялық түзету деңгейін арттыруға шақырылды. Біз миниинвазивті хирургиядағы тәжірибені әлемдік деңгейге көтердік.

4) науқастарды жүргізу тактикасын өзгерттік, егер УДЗ және МРХПГ-да өт жолдарының кеңею көрінісі болса, реципиенттерді ары қарай бақыламадық, тіпті қанның жалпы билирубин көрсеткіштері қалыпты шектерде болса да, біз БА миниинвазивті түзетуді ұсындық. Бұл ұсынысымыз Қазақстан Республикасы бауыр трансплантациясы бойынша клиникалық протоколға өзгерістер ретінде енгізілген. Бұл ұсынысымыз Қазақстан Республикасы бауыр трансплантациясы бойынша клиникалық протоколға өзгерістер ретінде енгіздік. Клиникалық протоколды мына сілтеме арқылы көруге болады: <https://diseases.medelement.com/disease/%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BF%D0%BB%D0%B0%D0%BD%D1%82%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F-%D0%BF%D0%B5%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%B8-%D0%BA%D0%BF-%D1%80%D0%BA-2019/16552>

5) Мультидисциплинарлық топтың қалыптасуына байланысты, билиарлық асқынуларды миниинвазивті түзетудің тиімділігі 22.2%-дан 93.3%-ға дейін жақсарды, билиарлық асқынуға байланысты өлім жітім жақсарды 44,4% -дан 6,6% - ға дейін азайды, 37 - суретте билиарлық асқынулары бар науқастардың 1,3,5 жылдық өмір сүру ұзақтығы 100%, 87.5%, 87.5% -ға дейін жоғарылады. [194-196].

**Билиарлық асқынулар бар науқастардың әртүрлі кезеңдегі өмір сүру ұзақтығы**



Сурет 37 - Екі кезеңде 2011-2016 және 2017-2019 жж. Билиарлық асқынулар бар науқастардың әртүрлі кезеңдегі өмір сүру ұзақтығы

## 6 НАУҚАСТАРДЫҢ БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫНАН КЕЙІНГІ ӨМІР САПАСЫ

Науқастардың бауыр трансплантациясынан дейінгі және кейінгі өмір сапасын бағалау мақсатында біз екі халықаралық құралды қолдандық: IPAQ физикалық белсенділік сауалнамасы және SF 36 сауалнамасы (2-тарау).

2017 жылғы 5 қаңтардан бастап 2019 жылғы 25 сәуір аралығында науқастардың бауыр трансплантациясынан дейінгі және кейінгі өмір сапасын зерттеуге 51 науқастың ішінен 33 (64,7%) науқас қатысты. Зерттеу іріктемесінің демографиялық көрсеткіштері 3120-кестеде көрсетілген. Еркек жынысты қатысушылардың саны 42,4%-ды (14) және әйел жыныстылар 47,6%-ды (19) құрады.

Кесте 28 – 2017-2019 жылдар кезеңі ішіндегі өмір сапасын зерттеуге қатысушылардың этиологиялық көрсеткіштері

Критерий	Жынысы	N	%	Орташа мәні	Медиана	Мода	Стандартты ауытқу
1	2	3	4	5	6	7	8
Жынысы	еркектер	14	42,4				
	әйелдер	19	57,6				
	жиыны	33	100,0				
Орташа жас	еркектер			37,6	34	30	12,8
	әйелдер			45,8	46	51	9,6
	жиыны			42,3	42	51	11,6
Стационарда болу мерзімінің орташа ұзақтылығы, күн	еркектер			31,7	24,5	21	16,9
	әйелдер			32,4	29	35	11,8
	жиыны			32,2	27	21	14,0
Трансплантация кезінде бауыр ауруының терминалды сатысын бағалау моделі (MELD)	еркектер			18,1	17	17	7,0
	әйелдер			17,7	16	16	5,9
	жиыны			17,9	16,5	16	6,2
B вирусты гепатиті	еркектер	7	50				
	әйелдер	9	47,3				
	жиыны	16	48,4				
D вирусты гепатиті	еркектер	9	64,2				
	әйелдер	11	57,8				
	жиыны	20	60,6				
C вирусты гепатит	еркектер						
	әйелдер	1	5,2				
	жиыны	1	3,03				
Гепатоцеллюлярлық қатерлі ісік	еркектер	1	7,1				
	әйелдер	1	5,2				
	жиыны	2	6,06				

## 28-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Бастапқы билиарлы цирроз	еркектер	0					
	әйелдер	5	26,3				
	жиыны	5	15,5				
Бастапқы беріштенуші холангит	жиыны	0	0				
Басқа	еркектер	3	21,4				
	әйелдер	1	5,2				
	жиыны	4	12,1				

Трансплантация көрсеткіштері қамтыды: созылмалы В гепатитін (n = 16, оның ішінде, әйелдер =9, еркектер =7), созылмалы D гепатитін (n = 20, оның ішінде, әйелдер 11, еркектер = 9), созылмалы С гепатитін (n = 1), гепатоцеллюлярлық карциноманы (n = 1, әрбір жыныс бойынша біреуден), бастапқы билиарлы цирроз (n = 5, барлығы әйел жынысты). Төрт қатысушыда артериялық гипертензия, үшеуінде (2 еркек және 1 әйел) уытты гепатит түріндегі жанама ауру байқалды.

Трансплантация сәтіндегі бауыр ауруының терминалды сатысын орташа бағалау моделі (MELD) ер адамдарда 18,1 баллды және әйел адамдарда 17,9 баллды, орташа мәні 18,0 баллды (шкала бойынша 18-40) құрады. Стационарда болу мерзімі ұзақтылығының орташа мәні 32,2 күнді, әйелдер арасында 32,4 күнді және еркектерде 31,7 күнді құрады: медиана – 27 күн, еркектерде – 24,5 және әйелдерде - 29 (стандартты ауытқу 14,0) (кесте 28).

### 6.1 Бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың физикалық белсенділіктерін анықтау

Осы міндетті жүзеге асыру мақсатында бауыр трансплантациясы жасалған науқастарға арналған физикалық белсенділік бағдарламасы әзірленді. Зерттеуге қатысатын науқастар жүйелі физикалық белсенділіктің маңызды артықшылықтары туралы ақпарат алды.

Бас зерттеуші (докторант) нұсқаулық ретінде серуендеу бағдарламасын күнделікті жұмыстарына қосуға қатысушыларды ынталандыруға көмектесетін мінез-құлық өзгерістері моделін пайдаланды.

38-суретте физикалық жүктеме және зерттеуге қатысушылардың серуендеуі бойынша нұсқаулықтар көрсетілген.



Сурет 38 – Реципиенттердің трансплантациялық кезеңнен кейінгі серуендеуі бойынша нұсқаулықтар

Серуендеу бойынша нұсқаулықтар халықаралық ұйымдардың нұсқаулықтарын ескере отырып әзірленді: аптасына бес-алты күн жаттығуларды орындау, жалпы алғанда – аптасына 150 минут. Қатысушыларға олардың шыдамдылық деңгейіне сәйкес серуендеу ұсынылды және жалпы алғанда аптасына 150 минутқа немесе күніне 30 минутқа жеткенге дейін, серуендеуді әрбір үш күн сайын бес минутқа ұзартуға кеңес берілді.

Белсенділік журналы күн сайын серуендеуге жұмсалған минут санын жазып отыру үшін науқастың трансплантация журналына қосылды. Журналдың бұл бөлімі (белсенділік журналының жоғарғы бөлігі) серуендеудің денсаулыққа пайдасы, сондай-ақ шамадан тыс шаршау, ауырсыну немесе енгізу сияқты ескерту белгілері туралы қысқаша ақпаратты қамтиды.

Қатысушыларға өз серуендерін бір күннің ішінде қысқа бірнеше бөлікке бөлуге кеңес берілді. Олар жаттығу кезінде өз пульстерін қалай өлшеу керек екені туралы нұсқаулар алды және жүрек ырғағының қауіпсіз диапазоны деген не екенін біледі. Егер қандай да бір сұрақтар туындаса немесе қосымша консультация қажет болса, емханаға немесе зерттеуші-докторантқа хабарласуы керек деген кеңес берілді.


Жаттығулар бағдарламасына кіріспестен бұрын докторант науқастардан олардың физикалық белсенділігінің ағымдағы деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін, IPAQ бойынша жеті сұраққа жауап беруін өтінді. Сегіз апта бойы докторант серуендеу бағдарламасы бойынша олардың ілгерілеушілігін бағалау үшін қатысушылармен бетпе-бет немесе телефон арқылы сөйлесіп отырды. Осы уақыт ішінде докторант қатысушылардан IPAQ сұрақтарының жауаптарын жинады және олардың белсенділік журналдары бойынша күніне қанша минут серуендегендерін жазып отырды. Мәліметтерді Excel файлына енгізу кезінде әрбір науқасқа бірегей идентификатор беріледі. Зерттеу басталғаннан бастап 15 күн бойы науқастар стационарда болды.

Сәйкесінше, физикалық жүктеме бойынша бағдарламаны орындаудың және өзін-өзі бақылау күнделігін толтырудың дұрыстығын зерттеу үшін қолжетімді болды. Респонденттерге сауалнама стационарда жүргізілді. Сауалнама жүргізу басталғанға дейін олардың операциялық араласуға дейінгі

апта ішіндегі, операциялық араласудан 7 күн өткеннен кейінгі, сондай-ақ 56 күннен кейінгі физикалық белсенділіктері зерттелді (сауалнама онлайн байланыс арқылы қашықтықтан жүргізілді). Әдістемеге сәйкес MET, көрсеткіштердің медианалық және орташа мәндері есептелді.

Науқастардың IPAQ формуласының негізіндегі метаболикалық эквивалент міндеттерін бағалау (metabolic equivalent of task MET) баллдары операциялық араласуға дейін - медиана 516,9 MET (112,6-дан 623,7-ге дейін), операциялық араласудан 7 күн өткеннен кейін - 121,2 MET (40,4-тен 202,1-ге дейін) және операциялық араласудан 56 күн өткеннен кейін - 3120,6 MET (2031,3-тен 4506,2-ге дейін) түрленді.


Операциялық араласуға дейінгі және операциялық араласудан 56 күн өткеннен кейінгі (8 апта) баллдар арасындағы айырмашылықтар медианасы 516,9-дан MET 3120,6-ға MET дейін немесе жалпы алғанда 603%-ға дейін өсті (сурет 39).



Сурет 39 – Үш кезең бойынша MET-тің медианалық үлестірілімі


Зерттеуге қатысқан 33 науқастың операциялық араласуға дейінгі орташа және медианалық минуттары бір күн ішіндегі жаяу серуендердің әдеттегі ұзақтығы орташа есеппен 20,9 минутты құрағанын көрсетті, ал медианасы – 22,4, бұл науқастардың ауру деңгейінің ауырлығына және жай-күйіне байланысты (сурет 40).

Операциялық араласуларға дейінгі мәліметтер науқастар ұсынған ақпараттардан алынды, өйткені науқастарды зерттеу жұмысына қатысуға шақыру оларды стационарға госпитализациялағаннан кейін және операциялық араласуға дейін жүргізілді, осылайша зерттеушінің жеті күн ішіндегі алдын ала деректерді алуға әрдайым мүмкіндігі бола берген жоқ.



Сурет 40 – Операциялық араласуды жүргізуге дейінгі 7 күн ішіндегі реципиенттердің күнделікті физикалық белсенділік минуттарының саны туралы мәліметтер


Операциялық араласулардың күрделілігі реципиенттердің операциядан кейінгі кезеңнің алғашқы күндерінде белсенді қозғалуына мүмкіндік бермейді, дегенмен алғашқы жеті тәуліктегі жаяу серуендердің дағдылы ұзақтылығын зерттеу орташа уақыт медианасы 5,3-ке тең, 5,6 минутты құрайтынын анықтады (сурет 41).



Сурет 41 – Операциялық араласудан кейінгі 7 күн ішіндегі реципиенттердің күнделікті физикалық белсенділік минуттарының саны туралы мәліметтер


Зерттеуге қатысу уақытының 53 күндік кезеңі ішінде физикалық белсенділік минуттары уақыт өте келе бірте-бірте көбейеді, дегенмен кейбір уақыт кезеңі ішінде минуттар азайған секілді көрінеді. Бұл тенденцияны физикалық белсенділікті бағалау үшін тиісті уақыт интервалдарын анықтау кезінде және клиникалық қолдау осы белсенділікті ынталандыру үшін пайдалы болуы мүмкін деген түсінікті қалыптастыру кезінде ескеру маңызды.

56 күндік кезең ішіндегі орташа мән медианасы 17,6-ға тең 18,2 минутты құрады. Алғашқы жиырма күн ішіндегі жаяу серуендеу уақытының бірте-бірте артуы байқалады, мұндағы орташа мән медианасы 15-ке тең 15,1 минуты құрады. Одан кейінгі қарқын қыркыншы күнге қарай орташа мән медианасы 20-ға тең 28,2 минутқа дейін артады және зерттеудің қорытындылау күнінде (54-күн) орташа мән медианасы 40-қа тең, 40,2 минутты құрады, бұл жалпы алғанда трансплантациялық кезеңнен кейінгі науқастардың физикалық белсенділігін жүзеге асыру жөніндегі бағдарламаның тиімділігіне және жақсы динамикасына дәлел бола алады (сурет 42).



Сурет 42 – Операциялық араласудан кейінгі 54 күн ішіндегі реципиенттердің күнделікті физикалық белсенділік минуттарының саны туралы мәліметтер

42-суретте бауыр трансплантациясынан кейінгі 33 науқастың MET орташа мәні көрсетілген, мұндағы медиана 3120,6 MET құраған. Операциялық араласуға дейінгі MET 372,5 ретінде бағаланған көрсеткіштері бар науқаста MET (2031,3) төмен көрсеткіші байқалды. Сегіз науқаста MET 2500-ге дейін жетті, ал төрт науқаста 2683,6-2870,6 аралығында, сондай-ақ 3628,8-3642,7 аралығында түрленді, он науқаста MET 3057,6-3408,8 аралығын құрады, жеті науқаста 4043,5-4506,8 аралығында 4000-нан жоғары MET құрады (сурет 43).




Сурет 43 – Бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың орташа MET мәні

Осылайша бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың физикалық белсенділігін арттыруды зерттеу жөніндегі зерттеу жұмысының бұл міндеті оң нәтиже көрсетті. 56 күн ішінде бауыр трансплантациясын өткерген барлық 33 науқастың жаяу серуендеу уақыты артты. Науқастарда операциядан кейін физикалық белсенділік бойынша шектеулер болатынын және ауруханадан шығару кезінде нұсқау алатынын ескерте кету керек. Мұны операциялық кезеңге дейінгі жоғары MET көрсеткіштері арқылы түсіндіруге болады.

## 6.2 Бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастардың өмір сапасын бағалау


Сауалнамаға 33 респондент қатысты, олардың денсаулығының жақсылығын немесе нашарлығын емдеуге дейін және емдеуден кейін өздерінің жалпы денсаулық жағдайлары бағаланды. «Емдеуге дейінгі нашар жай-күй» санатынан барлығы дерлік «Жақсырақ жай-күй» санатына өткен, сондай-ақ реципиенттердің 21,2%-ы емдеуден кейін өздерінің жай-күйін «Өте жақсы» (шындыққа ұқсас мәнге қатысты критерий ( $p < 0,01$ ) деп белгілеген. 44-суретте респонденттердің бауыр трансплантациясынан кейінгі денсаулық жағдайын бағалау туралы мәліметтер ұсынылған.





Сурет 44 – Бауыр трансплантациясынан өткерген респонденттердің денсаулық жағдайын бағалау

Бауыр трансплантациясына дейінгі бір жыл ішіндегі реципиенттердің денсаулық жағдайын салыстырмалы талдауда, респонденттердің 24,2%-ы өздерінің хал-жайын «Бір жыл бұрынғыға қарағанда біршама жақсы» деп көрсеткені анықталған. Өздерінің жай-күйін «Бір жыл бұрынғыға қарағанда тым нашар» деп белгілеген респонденттердің болмауы есебінен «Бір жыл бұрынғыға қарағанда нашарлау» параметрі бойынша респонденттердің саны 3%-ға артқан, сондай-ақ бір жыл бұрынғымен салыстырғанда 24,2%-ға көбейген (айырмашылық статистикалық маңызды,  $p < 0,001$ ) (сурет 45).



Сурет 45 – Респонденттердің бауыр трансплантациясына дейінгі бір жыл ішіндегі және бауыр трансплантациясынан кейінгі денсаулық жағдайларының салыстырмалы талдау мәліметтері


Бауыр трансплантациясынан кейін үстелді жылжыту, шаңсорғышпен жұмыс істеу, саңырауқұлақ немесе жидек теру сияқты біркелкі физикалық жүктемелерді орындауда бастапқы деңгейге қарағанда денсаулық жай-күйінің нәтижелері статистикалық тұрғыдан жақсарған, «айтарлықтай шектейді» деп белгілеген респонденттер санының азаюы есебінен, «шамалы шектейді» деп көрсеткен респонденттердің саны артқан - 30,3% ( $P < 0,012$ ); азық-түлік салынған сөмкені алып жүру немесе көтеру 30,3% ( $P < 0,001$ ); бір баспалдақ арасында жаяу көтерілу, мұндағы «айтарлықтай шектейді» жауаптарының 69,70%-ға төмендеуі есебінен, «шамалы шектейді» көрсеткіші 24,2%-дан 72,7%-ға дейін едәуір артқан, және «шектеу жоқ» деген жауаптар 21,2%-ға артқан; еңкею, тізеге тұру, жүресінен отыру – 42,5%-ға ( $P < 0,001$ ) төмендеген, бірнеше квартал аралығындағы қашықтықты жүріп өту – шектеулер 45,4%-ға төмендеген, және шектеулері жоқ респонденттердің саны 6,1%-ға артқан ( $P < 0,001$ ); бір квартал қашықтықты жүріп өту – шектеулер 57,6%-ға төмендеген, және шектеулері жоқ респонденттердің саны 54,5%-ға артқан ( $P < 0,001$ ); сондай-ақ өздігінен жуыну, киіну - шектеулер 36,3%-ға төмендеген, және және шектеулері жоқ респонденттердің саны 36,4%-ға артқан ( $P < 0,001$ ) (кесте 32).

Бір километрден артық қашықтықты жүріп өту сияқты физикалық жүктемелерді орындау кезіндегі шектеулер бойынша нәтижелер статистикалық тұрғыдан елеусіз, дегенмен респонденттердің жауаптарының пайыздық арасалмағында оң тенденция байқалады. Бауыр трансплантациясына дейін және трансплантациядан кейін респонденттердің барлығы ауыр жүктемелерді орындауда айтарлықтай шектеулерді белгілейді (100,0%).


Кесте 29 – «Қазіргі сәтте Сіздің денсаулық жағдайыңыз төменде көрсетілген физикалық жүктемелерді орындау кезінде Сізді шектей ме?» деген сұраққа реципиенттердің жауаптарының нәтижелері

Сұрақ	Жауап	Емдеуге дейін		Емдеуден кейін		P
		Абс.	%	Абс.	%	
Күш қолданылатын спорт түрлері, ауыр заттарды көтеру, жүгіру сияқты ауыр физикалық жүктемелер	Иә, айтарлықтай шектейді	33	100,0%	33	100,0%	-
Саңырауқұлақтар мен жидектерді жинау, шаңсорғышпен жұмыс істеу, үстелді жылжыту сияқты орташа физикалық жүктемелер	Иә, айтарлықтай шектейді	24	72,7%	14	42,4%	0,012
	Иә, шамалы шектейді	9	27,3%	19	57,6%	
Азық-түлік салынған сөмкені көтеру немесе алып жүру	Иә, айтарлықтай шектейді	25	75,8%	12	36,4%	0,001
	Иә, шамалы шектейді	8	24,2%	21	63,6%	
Бірнеше баспалдақ аралығында жаяу көтерілу	Иә, айтарлықтай шектейді	25	75,8%	16	48,5%	0,021
	Иә, шамалы шектейді	8	24,2%	17	51,5%	
Бір баспалдақ арасында жаяу көтерілу	Иә, айтарлықтай шектейді	25	75,8%	2	6,1%	0,001
	Иә, шамалы шектейді	8	24,2%	24	72,7%	
	Жоқ, мүлдем шектемейді	0	0,0%	7	21,2%	
Еңкею, тізеге тұру, жүресінен отыру	Иә, айтарлықтай шектейді	25	75,8%	11	33,3%	0,001
	Иә, шамалы шектейді	8	24,2%	22	66,7%	
Бір километрден артық қашықтықты жүріп өту	Иә, айтарлықтай шектейді	29	87,9%	31	93,9%	0,336
	Иә, шамалы шектейді	4	12,1%	2	6,1%	
Бірнеше квартал аралығындағы қашықтықты жүріп өту	Иә, айтарлықтай шектейді	28	84,8%	13	39,4%	0,001
	Иә, шамалы шектейді	5	15,2%	18	54,5%	
	Жоқ, мүлдем шектемейді	0	0,0%	2	6,1%	
Бір квартал қашықтықты жүріп өту	Иә, айтарлықтай шектейді	23	69,7%	4	12,1%	<0,001
	Иә, шамалы шектейді	10	30,3%	11	33,3%	
	Жоқ, мүлдем шектемейді	0	0,0%	18	54,5%	
Өздігінен жуыну, киіну	Иә, айтарлықтай шектейді	14	42,4%	2	6,1%	<0,001
	Иә, шамалы шектейді	19	57,6%	19	57,6%	
	Жоқ, мүлдем шектемейді	0	0,0%	12	36,4%	

Науқастардың бауыр трансплантациясынан кейінгі денсаулық жағдайының ауырлығы оның жоғары технологиялы медициналық көмекті алу қажеттілігіне негізделген. Сәйкесінше, «Соңғы 4 аптада сіздің физикалық жай-күйіңіз жұмыста немесе басқа да күнделікті тұрмыстағы істерде қиындықтар туындатты ма, соның салдарынан сіз жұмысқа немесе басқа істерге жұмсалатын уақыт көлемін қысқартуға мәжбүр болдыңыз ба?» деген сұраққа емдеуден кейінгі көрсеткіштер 9%-ға жақсарды, алайда нәтиже статистикалық маңызды болған жоқ (сурет 46).




Сурет 46 – Респонденттердің «Жұмысқа немесе басқа да істерге жұмсалатын уақыт көлемінің қысқаруына науқастардың мұқтаждығы» деген сұраққа жауап нәтижелері



Сурет 46 - Респонденттердің күнделікті тұрмыстық істерді орындаудағы физикалық жай-күйінің мүмкіндіктерінің шектеулерінің болуы

Қандай да бір белгілі бір жұмыс түрін немесе басқа да істерді орындауды шектеуге қатысты көрсеткіштер жақсарды, бауыр трансплантациясына дейінгі көрсеткіш 93,9% болса, трансплантациядан кейін 78,8%-ға дейін төмендеді, осылайша шектеудің болмауына қатысты көрсеткіш 15,1%-ға ( $P < 0,074$ ) жақсарды. Мәліметтер 47-суретте ұсынылған.



Сурет 47 – Реципиенттердің бауыр трансплантациясына дейін және трансплантациядан кейін қандай да бір белгілі бір жұмысты немесе қандай да бір істі орындауда шектеулерінің болуы


Бауыр траснплантациясына дейін және кейін өзгерістер анықталмаған. «Өз жұмысыңызды немесе басқа да істерді (мысалы, олар қосымша күшті қажет етеді) орындау кезінде қиындықтар болды ма» деген сұраққа «Иә» деген жауап 39,9% жағдайды құрады ( $P < 0,693$ ).

Бауыр трансплантациясына дейінгі соңғы 4 апта ішінде реципиенттердің эмоционалдық жай-күйі жұмыста немесе күнделікті тұрмыстық істерді орындау кезінде қиындық туындатқан, оның салдарынан респонденттердің 93,9%-ында жұмысқа немесе басқа да істерге жұмсалатын уақыт көлемін қысқартуға тура келген, алайда бауыр трансплантациясынан кейін жай-күйлері жақсарып, - 66,7%-ға ( $p < 0,006$ ) дейін шектеу байқалған респонденттердің саны азайған. Бауыр трансплантациясы бойынша операциядан кейінгі эмоционалдық жай-күй орындағысы келгенге қарағанда 42,4%-ға дейін ( $P < 0,001$ ) көбірек орындауға, сондай-ақ өз жұмысын немесе басқа да істерді 81,8% ( $P < 0,001$ ) әдеттегідей ұқыпты орындауға мүмкіндік бергені анықталды (кесте 33).

Кесте 30 – Респонденттердің жұмыстағы немесе басқа да күнделікті тұрмыстық істерді орындаудағы эмоционалдық жай-күйі


Сұрақ	Жауап	Тобы				p
		Трансплантацияға дейін		Трансплантациядан кейін		
		Абс.	%	Абс.	%	
Жұмысқа немесе басқа да істерге жұмсалатын уақыт көлемін қысқартуға тура келді	Иә	31	93,9%	22	66,7%	0,006
	Жоқ	2	6,1%	11	33,3%	
Орындағыңыз келгенге қарағанда азырақ орындадыңыз	Иә	31	93,9%	19	57,6%	0,001
	Жоқ	2	6,1%	14	42,4%	
Өз жұмысыңызды немесе басқа да істерді әдеттегідей мұқият орындай алмадыңыз	Иә	31	93,9%	6	18,2%	<0,001
	Жоқ	2	6,1%	27	81,8%	

Бауыр трансплантациясына дейінгі соңғы 4 апта ішіндегі эмоционалдық немесе физикалық жай-күй отбасымен, достармен, көршілермен немесе ұжыммен уақыт өткізуге кедергі келтірді деген жауап респонденттердің 21,2%-ында белгіленді, бұл операциядан кейін 36,4%-ға жақсарған, және негізгі көрсеткіштен 6,1%-ға арту арқылы бірқалыпты өзгерді. Сәйкесінше, «қатты» немесе «өте қатты кедергі келтірді» деген көрсеткіштер негізгі көрсеткіштен 0-ге дейін төмендеді ( $P < 0,001$ ) (сурет 48).




Сурет 48 – Реципиенттердің бауыр трансплантациясына дейін және кейін отбасы мүшелерімен және достарымен уақыт өткізу барысындағы физикалық немесе эмоционалдық жай-күйі

Операциялық араласуға дейінгі соңғы 4 апта ішінде өте қатты физикалық ауырсынуды респонденттердің 15,2%-ы, қатты ауырсынуды жартысынан көбі (54,5%) және орташа ауырсынуды 30,3%-ы сезінген. Жүргізілген операциялық араласу қатты ауырсынуды сезінгендердің санын 0%-ға дейін және қатты ауырсынуды респонденттердің 30,3%-ына дейін төмендетуге ықпал еткен. Сонымен қатар бауыр трансплантациясы жай-күйді жақсартуға мүмкіндік берген, зерттеу бойынша сауалнама қатысқандардың 51,6%-ы әлсіз ауырсынуды сезінген ( $P < 0,001$ ) (сурет 49).



Сурет 49 – Респонденттердің бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі физикалық ауырсыну деңгейі

Бауыр трансплантациясына дейінгі соңғы 4 апта ішіндегі ауырсынулар үйдегі және үйден тыс жердегі жұмысты қоса алғанда, дағдылы жұмыстармен айналысуға кедергі келтірген, сауалнамаға қатысқан респонденттердің 54,5%-ы «өте қатты» деп жауап берген, емдеуден кейін жай-күй жақсарған, бұған бұл сұраққа оң жауаптардың санының 27,3%-ға дейін азаюы дәлел бола алады, сондай-ақ орташа ауырсынулар респонденттердің 39,4%-ында анықталды ( $P < 0,001$ ). 50-суретте бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі ауырсыну сезімдері туралы мәліметтер ұсынылған.



Сурет 50 – Бауыр трансплантациясына дейін үйдегі және үйден тыс жердегі жұмысты қоса алғанда, дағдылы жұмыстармен айналысуға кедергі келтірген ауырсыну туралы мәліметтер


Бауыр трансплантациясына дейін респонденттердің ешқайсысы сергек көңіл-күйді белгілемеген, сәйкесінше респонденттердің 66,7%-ы сирек және 6,1%-ы кейде, 27,3%-ы ешқашан деп белгілеген, трансплантациядан кейін жақсару анықталған, сәйкесінше, респонденттердің 9,1%-ы сергек сезінуді уақыттың көп бөлігінде, 45,5%-ы жиі, 27,3%-ы кейде деп белгілеген ( $P < 0,001$ ). 15,2%-ы барлық уақытта жабырқау, ешнәрсе өздерін сергек сезінуге көмектеспеді және 60,6%-ы уақыттың көп бөлігінде деп көрсеткен, емдеуден кейін көрсеткіш 0 %-ға дейін төмендеген ( $P < 0,001$ ).

Бауыр трансплантациясынан кейін респонденттердің 54,5%-ы өздерін барлық уақыт бойы немесе уақыттың көп бөлігінде жайлы сезіне алған, алайда трансплантацияға дейін сауалнамаға қатысушылардың 60,6%-ы «сирек» деп көрсеткен, сондай-ақ трансплантациядан кейін респонденттердің 51,5%-ы өздерін энергияға толы сезінген ( $P < 0,001$ ). Бауыр трансплантациясына дейін респонденттердің 90,9%-ы өздерінің денсаулық жағдайларын «үнемі жүдеу, шаршаңқы және қалжырау» немесе «уақыттың көп бөлігінде», ал 81,8%-ы «кейде өздерін жақсы сезінген» немесе «сирек» деп сипаттаған. Бауыр трансплантациясынан кейін респонденттердің 75,8%-ы өздерін кейде немесе сирек жүдеу, 57,6%-ы шаршаңқы, 48,5%-ы қалжырау сезінген, респонденттердің 30,3%-ы үнемі немесе уақыттың көп бөлігінде шаршау сезімін байқаған.

Бауыр трансплантациясына дейінгі соңғы 4 апта ішінде реципиенттердің физикалық немесе эмоционалдық жай-күйі олардың адамдармен, мысалы, туыстарымен, достарымен және т.с.с. белсенді араласуына 87,9% жағдайда үнемі немесе уақыттың көп бөлігінде кедергі келтірді. Бауыр



трансплантациясынан кейін реципиенттерде бұл көрсеткіш жақсарды, мынадай жауаптар белгіленді: респонденттердің 60,6%-ында кейде немесе өте сирек. Айырмашылықтар статистикалық маңызды болды (шындыққа ұқсас мәнге қатысты критерий,  $p < 0,001$ ) (сурет 51).



Сурет 51 – Респонденттердің бауыр трансплантациясына дейінгі және кейінгі физикалық немесе эмоционалдық жай-күйінің олардың адамдармен (туыстарымен, достарымен және т.с.с.) белсенді араласуына ықпалы

Респонденттер бауыр трансплантациясына дейін басқаларға қарағанда, аурушаң болғандарын (81,9%) белгілейді, сондай-ақ 75,8%-ы басқалармен салыстырғанда, өздерінің денсаулықтарын нашарлау деп санайды. Бауыр трансплантациясынан кейін «шынында солай» ( $P=0,07$ ) деген жауаптың бастапқы индикаторының төмендеуі есебінен, респонденттердің 15,2%-ы олардың өздері ауруға бейім деген пікірмен келіспейтіндері анықталды.


Реципиенттердің үштен бірі (36,4%) бауыр трансплантациясына дейін өздерінің денсаулықтарын таныстарының көпшілігінен нашар емес деп есептесе, осы операциядан кейін пайыз 60,6%-ға дейін артқан ( $P=0,131$ ).

Респонденттердің 57,6%-ы өздерінің денсаулықтары нашарлайды деген болжаммен өмір сүрген, алайда бауыр трансплантациясынан кейін үлес 6,1%-ға дейін төмендеген. Сауалнамаға қатысушылардың 36,4%-ы бауыр трансплантациясынан кейін өздерінің денсаулықтарын жақсарды деп есептейді ( $P < 0,001$ ) (кесте 31).

Кесте 31 – Респонденттердің өздерінің жай-күйіне қатысты пікірлері


Сұрақ	Жауап	Емдеуге дейін		Емдеуден кейін		P
		Абс.	%	Абс.	%	
Мен басқаларға қарағанда аурушаң сияқтымын	Шынында солай	12	36,4%	12	36,4%	0,07
	Көбінесе солай	15	45,5%	7	21,2%	
	Білмеймін	5	15,2%	6	18,2%	
	Көбінесе олай емес	1	3,0%	5	15,2%	
	Шынында олай емес	0	0,0%	3	9,1%	
Менің денсаулығым менің таныстарымның көпшілігіне қарағанда нашар	Шынында солай	12	36,4%	20	60,6%	0,131
	Көбінесе солай	13	39,4%	9	27,3%	
	Білмеймін	8	24,2%	4	12,1%	
Менің денсаулығым нашарлайды деп ойлаймын	Шынында солай	10	30,3%	0	0,0%	<0,001
	Көбінесе солай	9	27,3%	2	6,1%	
	Білмеймін	8	24,2%	14	42,4%	
	Көбінесе олай емес	4	12,1%	9	27,3%	
	Шынында олай емес	2	6,1%	8	24,2%	
Менің денсаулығым тамаша	Шынында солай	0	0,0%	3	9,1%	<0,001
	Көбінесе солай	0	0,0%	9	27,3%	
	Білмеймін	3	9,1%	17	51,5%	
	Көбінесе олай емес	9	27,3%	3	9,1%	
	Шынында олай емес	21	63,6%	1	3,0%	

Өмір сапасын қабылдау бойынша физикалық компонентті бағалауды жиынтық зерттеу бауыр трансплантациясынан кейін науқастардың денсаулық жағдайы жақсарғанын көрсетті, мұндағы орташа мән 16,8, медиана 17,7 (мәліметтер статистикалық маңызды ( $P < 0,001$ )). Бауыр трансплантациясынан кейін көрсеткіштер жақсарды, орташа мән 40,0, стандартты ауытқу 5,7, медиана 40,4 (26,5-49,5), тоқсан аралық ауқым - 8,1 (сурет 52).



Сурет 52 – Өмір сапасын қабылдау бойынша физикалық компонентті бағалау

Психологиялық компонентті бағалау жиынтығы операциялық араласуға дейінгі орташа мән 26,9, операциялық араласудан кейін 32,0-ге тең болғанын көрсетті. Операцияға дейінгі стандартты ауытқу 3,2 және кейін – 2,8. Медиана трансплантацияға дейінгі 26,1-ден 5,1-ге (20,6-34,8), бауыр трансплантациясынан кейін 31,8-ге (28,1-39,0) дейін жақсарды. Тоқсан аралық ауқым операцияға дейін 4,0-ді және операциялық араласудан кейін 3,9-ды құрады (сурет 53).



Сурет 53 – Өмір сапасын қабылдау бойынша психологиялық компонентті бағалау

32-кестеде реципиенттердің бауыр трансплантациясынан кейінгі сезімдері туралы мәліметтер ұсынылған. «Сіз өзіңізді уақыттың көп бөлігінде сергек сезіндіңіз бе?» деген сұраққа респонденттердің бірде-бірі (0,0%) трансплантацияға дейін «Иә» деп жауап бермеген, трансплантациядан кейін 3 респондент (9,1%) оң жауап берген. «Сіз өзіңізді уақыттың көп бөлігінде бақытты сезіндіңіз бе?» деген сұраққа респонденттердің бірде-бірі (0,0%) трансплантацияға дейін «Иә» деп жауап бермеген, трансплантациядан кейін 10 респондент (30,3%) оң жауап берген.

«Сіз өзіңізді уақыттың көп бөлігінде қалжырау сезіндіңіз бе?» деген сұраққа 19 респондент (57,6%) трансплантацияға дейін «Иә» деп жауап берген, трансплантациядан кейін 1 респондент (3,0%) оң жауап берген. «Сіз уақыттың көп бөлігінде жабырқау болдыңыз ба, ешнәрсе өзіңізді сергек сезінуге көмектеспеді ме?» деген сұраққа жиырма респондент (60,6%) трансплантацияға дейін оң жауап берсе, трансплантациядан кейін бірде-бір респондент (0,0%) бұл сұраққа оң жауап берген жоқ.

Кесте 32 – Реципиенттердің бауыр трансплантациясынан кейінгі сезімдері туралы мәліметтер


Сұрақ	Жауап	Емдеуге дейін		Емдеуден кейін		P	Сұрақ	Жауап	Емдеуге дейін		Емдеуден кейін		P
		Абс.	%	Абс.	%				Абс.	%	Абс.	%	
Сіз өзіңізді сергек сезіндіңіз бе?	Уақыттың көп бөлігінде	0	0,0%	3	9,1%	<0,001	Сіз өзіңізді жабырқау және көңілсіз сезіндіңіз бе?	Үнемі	11	33,3%	0	0,0%	<0,001
	Жиі	0	0,0%	15	45,5%			Уақыттың көп бөлігінде	19	57,6%	0	0,0%	
	Кейде	2	6,1%	9	27,3%			Жиі	3	9,1%	6	18,2%	
	Сирек	22	66,7%	6	18,2%			Кейде	0	0,0%	13	39,4%	
	Бірде-бір рет	9	27,3%	0	0,0%			Сирек	0	0,0%	12	36,4%	
							Бірде-бір рет	0	0,0%	2	6,1%		
Сіз жабырқау болдыңыз ба, ешнәрсе өзіңізді сергек сезінуге көмектеспеді ме?	Үнемі	5	15,2%	0	0,0%	<0,001	Сіз өзіңіздің қалжырағаныңызды сезіндіңіз бе?	Үнемі	11	33,3%	0	0,0%	<0,001
	Уақыттың көп бөлігінде	20	60,6%	0	0,0%			Уақыттың көп бөлігінде	19	57,6%	1	3,0%	
	Жиі	4	12,1%	4	12,1%			Жиі	3	9,1%	11	33,3%	
	Кейде	4	12,1%	9	27,3%			Кейде	0	0,0%	14	42,4%	
	Сирек	0	0,0%	12	36,4%			Сирек	0	0,0%	5	15,2%	
	Бірде-бір рет	0	0,0%	8	24,2%			Бірде-бір рет	0	0,0%	2	6,1%	
Сіз өзіңізді сабырлы және бірқалыпты сезіндіңіз бе?	Үнемі	0	0,0%	8	24,2%	<0,001	Сіз өзіңізді бақытты сезіндіңіз бе?	Уақыттың көп бөлігінде	0	0,0%	10	30,3%	<0,001
	Уақыттың көп бөлігінде	0	0,0%	10	30,3%			Жиі	0	0,0%	11	33,3%	
	Жиі	0	0,0%	11	33,3%			Кейде	7	21,2%	6	18,2%	
	Кейде	7	21,2%	1	3,0%			Сирек	20	60,6%	4	12,1%	
	Сирек	20	60,6%	3	9,1%			Бірде-бір рет	6	18,2%	2	6,1%	
	Бірде-бір рет	6	18,2%	0	0,0%								
Сіз өзіңізді күш-қуатқа және энергияға толы сезіндіңіз бе?	Жиі	0	0,0%	17	51,5%	<0,001	Сіз өзіңізді шаршау күйде сезіндіңіз бе?	Үнемі	11	33,3%	4	12,1%	<0,001
	Кейде	2	6,1%	16	48,5%			Уақыттың көп бөлігінде	19	57,6%	3	9,1%	
	Сирек	26	78,8%	0	0,0%			Жиі	3	9,1%	7	21,2%	
	Бірде-бір рет	5	15,2%	0	0,0%			Кейде	0	0,0%	10	30,3%	
							Сирек	0	0,0%	6	18,2%		
							Бірде-бір рет	0	0,0%	3	9,1%		

Науқастардың өмір сапасына және олардың функционалдық ахуалына бауыр трансплантациясын бағалауға көп көңіл бөлінеді. Бауыр трансплантациясы SF-36 барлық өлшемінде айтарлықтай жақсы көрсеткіштерді көрсетті. Бұл қорытындыларды осы саладағы бірнеше автордың жұмысы дәлелдейді [188-192].

Осылайша біз жүргізген зерттеу реципиенттердің өмір сапасына бауыр трансплантациясының оң әсер ететінін растайды. Жағдайды бақылау және сынақтық зерттеу 2 халықаралық құралды пайдалана отырып, өмір сапасын зерттеуді жүргізу орындалды: медициналық нәтижелерді 36-элементтік зерттеу, өмір сапасы бойынша (10 балл) жалпы денсаулық жағдайын (SF-36) қысқаша зерттеу және физикалық белсенділікті (метаболикалық эквивалентті балл) бағалау үшін физикалық белсенділік бойынша Халықаралық сауалнама. Зерттеуге бауыр трансплантациясы жасалған (тірі және мәйіттік донордан) 33 науқас қосылды.

Талдау өмір сапасының физикалық ( $P=0.001$ ) және психикалық компоненттері бойынша айтарлықтай жақсы көрсеткіштер көрсетті. Метаболикалық эквивалент SF-36 зерттелген шкалаларының барлығымен оң байланысты. Бұл зерттеуде өмір сапасына және бауыр реципиенттерінің физикалық белсенділігіне баса назар аударылды. Реципиенттердің бауыр трансплантациясынан кейінгі өмір сапасын зерттеу нәтижелері науқастардың денсаулық жағдайын толық қалпына келтіру мүмкін деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді, дегенмен бауыр трансплантациясынан кейін кейбір реципиенттерде физикалық және әлеуметтік мәселелер сақталып қалатынын айта кетуіміз қажет. Оңалту бағдарламаларын жақсартуға бағытталған араласулар, тұрақты психо-әлеуметтік қолдау және емдеудің барлық кезеңіндегі бақылаулар бауыр трансплантациясын өткерген науқастарға трансплантациядан кейінгі сапалы өмір салтын бере алады [198, 199].

## 7 БАУЫР ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ АЛГОРИТМДЕР МЕН НАУҚАСТАРДЫҢ МАРШРУТТАРЫ



Сурет 54 - Бауыр трансплантациясын ұйымдастыруда келесі негізгі өзекті мәселелер және олардың шешу жолдары



Сурет 55 - Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың мәселелері


Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың негізгі мәселелері:

1. Стационарлық ем алудың қиын болуы. Қиын болудың келесі себептері бар: біріншіден бұл науқастардың көпшілігі ауыр жағдайда болады соған байланысты жиі стационарлық емді қажет (кей жағдайларда әр ай сайын), екіншіден қазіргі кезде гастроэнтерологиялық төсек орындардың азаюына байланысты кезектің көп болуы, ауруханаларға бұндай науқастарды емдеу шығаруда жұмсалатын қаржымен мемлекеттен берілетін қаржының өте аз болуы

2. Тірі донорлардың болмауы және іріктеуден өтпей қалуы. Туыстық донор тапшылығының негізгі мәселері: туыстық донорларының мүлдем болмауы немесе туысқандары өте жас болуы немесе кәрі болу; Бауыр жалғыз ағза болғандықтан, бауырдың бір бөлігі алынады, ал қалған бөлігі донордың өзіне жеткілікті болу керек сол үшін операцияға дейін бауырдың көлемін өлшеніледі, көпшілік жағдайда (биздің статистика бойынша 35% -ке дейін) донордың өзіне қалатын бауыр бөлігі аз болуы; Бауырдың майлы болуы (биздің статистика бойынша 6,5% -ке дейін) туыстық донорлыққа қарсы көрсеткіш болып саналады

3. Мәйіттік донорлардың болмауы (Халықтың мәйіттік донорлыққа дайын еместігі, донорлық клиникалардан ақпарат болмауы және сол клиникаларға қаражаттың жеткіліксіз бөлінуі).

### **Трансплантацияға дейінгі және бауыр трансплантациясынан кейінгі науқастарға арналған алгоритмдер және ұсыныстар**




Сурет 56 - Бауыр ауруының соңғы сатысындағы науқастың трансплантацияға дейінгі маршруты

Науқас тұрғылықты жері бойынша емханадағы Терапевт немесе Жалпы тәжірбиелік дәрігеріне каралады, содан кейін тексерістен өтеді. Егер науқаста бауырдың аурулары табылса ол науқасты қалалық немесе облыстық гепатологиялық орталыққа жіберіледі. Гепатологиялық орталыққа келген науқасқа толық тексеру жүргізіледі, тексеруден өтіп болған соң науқасқа мынадай бағыттар беріледі: егер науқас бауыр трансплантациясын қажет ететін болса, онда ол науқасты трансплантация жасайтын орталыққа бағыттайды. Ал егер науқасқа бауыр трансплантациясы қажет болмаса, онда ол науқасты тізімге алып жергілікті жері бойынша қажетті емін жүргізеді. Трансплантологиялық орталыққа келген науқас бауыр трансплантациясының протоколы бойынша қосымша тексерулерден өтеді. Сол тексерулердің нәтижесі бойынша науқасқа бауыр трансплантациясы қажет немесе қажет емес екендігі анықталады. Науқасқа бауыр трансплантациясы қажет емес болған жағдайларда (бауыр трансплантациясы қажет емес және қарама-қарсы көрсеткіштердің болуы), бұндай науқастарды жергілікті гепатологиялық орталықтарға бағытталады.




Науқас бауыр трансплантациясын қажет ететін болса, онда ол науқастардың туыстық донор болу-болмауына байланысты екі түрлі бағыт болады. Егер туысқан доноры болмаса, онда ол науқастар мәйіттік бауыр трансплантациясының күту парағының тізіміне қосылады.



Сурет 57 - Трансплантацияға көрсеткіші бар науқастың маршруты

Трансплантологиялық орталыққа келген науқас бауыр трансплантациясының протоколы бойынша қосымша тексерулерден өтеді. Сол тексерулердің нәтижесі бойынша науқасқа бауыр трансплантациясы қажет немесе қажет емес екендігі анықталады. Науқасқа бауыр трансплантациясы қажет емес болған жағдайларда (бауыр трансплантациясы қажет емес және қарама-қарсы көрсеткіштердің болуы), бұндай науқастар жергілікті гепатологиялық орталықтарға бағытталады. Науқас бауыр трансплантациясын қажет ететін болса, онда ол науқастардың туыстық донор болу-болмауына байланысты екі түрлі бағыт болады. Егер туысқан доноры болмаса, онда ол науқастар мәйіттік бауыр трансплантациясының күту парағының тізіміне қосылады. Егер туысқан доноры болса, онда қосымша туысқан донорының бауыры сәйкес келетін-келмейтінін анықтау үшін толық тексеруден туысқан доноры өтеді. Егер туысқан доноры толық сәйкес келмей қалса, онда науқас

мәйіттік бауыр трансплантациясының күту парағының тізіміне қосылады немесе басқа туысқан донор іздеу керек болады.




Сурет 58 - Бауыр трансплантациясынан кейінгі науқас

Науқас бауыр трансплантациясынан кейін 1-1,5 ай трансплантация орталығында ем-шара қабылдайды, ары қарай тұрғылықты жері бойынша гепатологиялық орталықта диспансерлік есепке алынуы тиіс (58-сурет).


Егер науқаста операциядан кейінгі кезеңде бауыр трансплантациясынан кейін ешқандай асқынулар болмаса, науқас әрбір 3, 6, 12 және одан әрі 1 рет трансплантация орталығында трансплантолог дәрігерінің консультациясынан өтеді. Егер науқаста бауыр трансплантациясынан кейін трансплантаттың дисфункциясы, билиарлық асқынулар, трансплантат тамырларының тромбозы сияқты арнайы асқынулар болса, науқас трансплантация орталығына жіберіледі және асқынуларды түзетеді. Егер науқаста бауыр трансплантациясынан кейін

ЖРВИ, тұмау, артериялық гипертензия, қант диабеті сияқты арнайы емес асқынулар болса, түзету тұрғылықты жері бойынша гепатоцентрде жүргізіледі.



Сурет 59 – Бауыр трансплантациясы орталықтарға қойылған талаптары

Бауыр трансплантациясы орталықтарға қойылған талаптарға келетін болсақ, біріншіден, бауыр трансплантациясын жасауға рұқсат ететін қағаздың болуы (лицензия). Екіншіден, бауыр трансплантациясын жасайтын арнайы құрал-жабдықтардың болуы: арнайы хирургиялық құралдар (инструменттер) және бауыр трансплантациясында қажет ететін жабдықтар (Компьютерлік томография, С-доға, CUSA аппараты және т.б.). Үшіншіден мультидисциплинарлық топтың болуы: трансплантолог, анестезиолог реаниматолог, гастроэнтеролог, КТ және МРТ дәрігерлері, эндоскопист, морфолог мамандар болуы қажет және гепатопанкреатобилиарлы хирургия бөлімшесі болуы тиіс. Төртіншіден бауыр трансплантациясының саны бойынша алғашқы 3 жылда жылына 5-10 трансплантациядан кем болмауы тиіс, ал 3 жылдан соң жылына 10 бауыр трансплантациясынан көп болуы қажет. Бесіншіден, науқастардың бауыр трансплантациясынан кейін бір жылдық өмір сүру ұзақтығы бойынша: алғашқы 3 жылда бір жылдық өмір сүру ұзақтығы 70%-дан жоғары болуы тиіс, ал 3 жылдан кейін бір жылдық өмір сүру ұзақтығы 70%-дан жоғары болуы тиіс (сурет 59).



Сурет 59 - Бауыр трансплантациясын ұйымдастыруды зерттеу дизайны

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бауыр аурулары өлім-жітім себебі бойынша Еуропада 7-орынды, Ұлыбританияда бесінші (65 жастан кіші тұлғалар арасында), және АҚШ-та (45-54 жас аралығында) 4-орында алып, қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселесіне айналды. Бауыр ауруының терминалды сатысы бауыр циррозы, С және В гепатиті, алкогольді және алкогольді емес стеатогепатит, метаболикалық синдром компоненті сияқты жай-күйлерге байланысты. Бауыр трансплантациясы - бауыр жеткіліксіздігінің терминалды сатысы бар науқасқа көмек көрсетудің бірден бір әдісі. Бауыр трансплантациясынан кейінгі реципиенттердің өміршеңдік көрсеткіші Қытайда - 80,5%, Еуропада - 83%-ды құрады, ал 5-жылдық өміршеңдік Қытайда 65,9%-ды, Еуропада - 71%-ды құрайды.

2017-2019 жылдар аралығындағы аурушандық және 10 мың халыққа алғаш рет қойылған аурушандық көрсеткіші, Қазақстан Республикасы бойынша бауыр циррозы мен фиброзы басымдық танытатынын (2,6 – барлық зерттеу жылдарында, 9,43-2019 ж., 9,70-2018 ж., және 9,79-2017ж.), одан кейінгі кезекте бауырдың майлы дегенерациясы (0,9 -2019ж., 0,8 -2018ж., 0,8-2017ж.) және бауырдың уытты зақымдалуы (0,2 – зерттеу кезеңінде), 0,53-2019ж., 0,51-2018ж. және 0,50-2017ж.) орналасқанын көрсетті.

Бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың келесі өзекті мәселелерін анықтадық: стационарға жату мәселелесі (орташа күту күні – 6 айдан 12 айға дейін), күту парағындағы науқастардың өмір сүру ұзақтығы, яғни үш жылдық өмір сүру деңгейін алатын болсақ тек 29,2%-ды құрады, туыстық донордың тапшылығы (Қазақстанда донорлардың 15 пайызы ғана мәйіттік донор), туыстық донорларды іріктеу мәселелері, мәйіттік донорлықтың мәселелері, яғни халықтың мәйіттік донорлыққа деген көзқарасының өте төмен болуы, донорлық клиникалардың мәйіттік донорлар жайлы ақпарат бермеуі.

Қазақстанның барлық өңірлерінде гастроэнтерологиялық төсек-орындардың жетіспеушілігі есебінен портал бойынша медициналық мекемелерде жоспарлы емдеуге жатқызу қиын. Себебі медициналық мекемелерде мұндай науқастарды ауруханаға жатқызу шығын деп саналады (бекітілген тарифтік кіріске қарағанда 3-8 есеге дейін артық шығын әкеледі), сондықтан гастроэнтерологиялық бөлім немесе төсек-орын сандары азаюда. Осыған байланысты, КШТ бойынша емделген жағдай үшін төлемді арттыру және ҚР бойынша гастроэнтерологиялық бөлімшелер мен төсек-орындарды ұлғайту немесе сұранысқа байланысты қайта профильдеу туралы мәселені шешу қажет.

Күту парағындағы науқастардың бауыр трансплантациясыз өмір сүру ұзақтығы бір жылдық, екі жылдық және үш жылдық өмір сүру деңгейі тиісінше 77%, 33% және 29,2%-ды құрады, бауыр трансплантациясы жасалған науқастардың 3 жылдық өмір сүру деңгейі 88,5%-ды құрады. Бұл көрсеткіштер бауыр трансплантациясының тиімділігі жақсы екенін дәлелдейді. Күту парағындағы науқастардың тағдыры көп жағдайда мәйіттік донорлардың санына тікелей байланысты, себебі туыстық бауыр трансплантациясы бауыр трансплантациясын қажет ететін науқастардың көпшілігін мынадай себептерге

байланысты қамтамасыз ете алмайды: туысқан доноры болмауы, донордың қан тобы сәйкес келмеуі, донор сәйкес келмеуі, донордың бауырының көлемі кішкентай болуы және де тағы басқалар. Соған байланысты мәйіттік донорлардың көп болғаны, күту парағындағы науқастарды трансплантациямен қамтамасыз етіп, өмір сүру ұзақтығын жоғарылатады.

Туыстық донор тапшылығы, көпшілік науқастарда әртүрлі себептерге байланысты туыстық донор болмауы мүмкін. Егер туыстық донор болғанның өзінде олар бірнеше сатыдан тұратын тексерулерден өту барысында іріктеліп көпшілігі жарамай қалады. Тірі донорлардың іріктеу кезінде зерттеудің бірінші кезеңінде зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің деректері бойынша донацияға 32 (11,5%) адам жіберілген жоқкомпьютерлік воллюметрия 95 (38,6%) және бауырдың май басуына 16 (6,5%) байланысты тірі донорлардың 56,6%-ы донорлыққа жарамайтыны анықталды.

Мәйіттік донорлардың тапшылық мәселесіне келетін болсақ ол біріншіден халықтың мәйіттік донорға деген көзқарасының өте төмен болуы және донорлық клиникалардың мәйіттік донорлар жайлы ақпарат бермеуі.

Мәйіттік трансплантацияға халықтың көзқарасына келсек, сауалнамаға қатысушылардан тек 36%-ы мәйіттік донор болуға дайын. Бұл негізінен елдің солтүстік аймағының тұрғындары, олардың көпшілігі мәйіттік донор болуға келіседі – орыс ұлты 46,8% пайыз, ал қазақ ұлты 37,6% пайыз, ал басқа ұлттар 29,5% - пайызы ғана келісім берді. Аймақтарға байланысты мәйіттік трансплантацияға келісім беретін ең жоғарғы көрсеткіш елдің солтүстік аймағының тұрғындары болды, олар 48,4%-пайызды құраса, ал қалған аймақтардың келісім беру көрсеткіштері: 39,1%- оңтүстік аймағында, 33% - шығыс аймағында, 30,7% - батыс аймағында байқалды. Солтүстік аймақ тұрғындары мен басқа аймақтар арасындағы мәйіттік трансплантацияға келісім беруді салыстырғанда статистикалық айырмашылық 0,02-ден аз болды. Дін бойынша мәйіттік трансплантацияға келісім берудің көрсеткіштері: 35,3% - ислам діні, 45,7% - христиан діні, 55,2% - басқа дінді ұстанушылар.

Мәйіттік донорды ұстау және донорлық клиникалар мен трансплантациялық бригадаларға ағзалар алуды жүргізу үшін мемлекет үкіметінен экономикалық және гуманитарлық қолдау толық көлемде көрсетілмейді. Мәйіттік донор орналасқан клиника медициналық дәрі-дәрмектер мен бұйымдарға жұмсалған қаражат үшін толық көлемде өтемақы алмайды. Соған байланысты донорлық клиникалар мәйіттік донор жайлы ақпарат бергілері келмейді.

Қазақстанда бауыр трансплантациясы жасалып жатқан орталықтардың статистикасы, нәтижелерін және ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде бауыр трансплантациясын жасайтын 8 орталықтың 2 орталығы ғана қазіргі таңда барлық талаптарға сай жұмыс істеуде. Ал қалған 6 орталықта бауыр трансплантациясын ары қарай дамытуға нәтижелерінің нашар болуына байланысты, мультидисциплинарлық топтың болмауы (кейбір орталықтар негізгі отаны жасайтын хирург-трансплантологтардың тапшылығы байқалуда) және жеткіліксіз қаржымен қамтамасыз етілгендіктен бауыр трансплантациясының жақсы дамуына кедергі келтіруде. Ең негізгі айта кететін жағдай ол Қазақстанда бауыр трансплантациясын жасайтын мамандар бола

тұра, шет елден маман шақырып бауыр трансплантациясын жасатқанымыз экономикалық тұрғыдан мемлекетімізге шығын келтіреді. Салыстырмалы аспектіде, әр жылдағы бауыр трансплантациясының нәтижелері әртүрлі болуы мультидисциплинарлық топтың болу-болмауында. Бірінші кезеңде бауыр трансплантациясы (2011-2016ж.ж.) нәтижелерінің көрсеткіштері (асқыну 87% және өлім-жітім 53,3% көрсеткіштері) екінші кезеңге карағанда (асқыну 57,5% және өлім-жітім 17,8% көрсеткіштері) жоғары көрсеткіштерге ие болып отыр, анық статистикалық айырмашылық ( $P$  value  $\leq 0,05$ ) анықталды. Бірінші кезеңде нәтижелердің нашар болуы трансплантация бағдарламасының жаңадан енгізіле басталуына және көпсалалы топтың толық қалыптаспауына байланысты болды. Екінші кезеңде нәтижелердің күрт өзгеруіне себеп болған фактор - ол көпсалалы топтың қалыптасуы. Көпсалалы топтың бауыр трансплантациясында маңызы операцияға дейін және кейінгі кезеңдерде өте жоғары. Бауыр трансплантациясы әрқашанда топтық жұмысты талап етеді.

Науқастардың өмір сапасын зерттеу екі сауалнаманы қолдану арқылы жүргізілді: SF 36 және IPAQ физикалық белсенділік. Операциялық араласуға дейінгі және одан кейінгі науқастардың метаболикалық эквивалентті бағалау (metabolic equivalent of task MET) баллдары 56 күнді құрады, 516,9 MET-тен 3120,6 MET-ке дейін өсу тенденциясы байқалды. Серуендеу кезеңінің динамикасы 18,2 минуттан (медианасы -17,6) 40,2 минутқа (медианасы - 40) дейін артты, осылайша бауыр трансплантациясынан кейінгі MET медианасы 3120,6 MET-ті құрады.

SF 36 бойынша респонденттердің өмір сапасын бағалау нәтижелері, жалпы жай-күй 39,4%-ға ( $P < 0,001$ ) жақсы жаққа өзгергенін көрсетті, операциядан кейін науқастар өздері қалағаннан көбірек орындай алғанда, олардың эмоционалдық жай-күйлері 42,4%-ға ( $P < 0,001$ ) артты, сондай-ақ өз жұмысын немесе басқа жұмыстарды әдеттегідей дұрыс орындай алғандар 81,8%-ға ( $P < 0,001$ ), алынған емнен кейін өздерін барлық уақытта немесе уақыттың көп бөлігінде жақсы сезінген респонденттер - 54,5% ( $P < 0,001$ ), сондай-ақ емнен кейін өздерін күш-қуатқа толы сезінгендер - 51,5% ( $P < 0,001$ ). Өмір сапасын қабылдау бойынша физикалық компонентті бағалауды зерттеу жиынтығы, бауыр трансплантациясынан кейін науқастардың денсаулық жағдайы жақсарғанын (медианасы - 17,3), психологиялық компонентті бағалау 5,1-ға ( $P = .001$ ) жақсарғанын көрсетті.

### **Тұжырымдар**

